

An aerial photograph of an industrial complex, likely a steel mill, featuring several large buildings, multiple smokestacks emitting dark smoke, and a foreground of trees with some autumn-colored foliage. The sky is a clear, pale blue.

**ЖОЛДАСБЕК СМАИЛОВ**

**Жүрек жыры,  
көңіл сыры**









**Жолдасбек Смаилов**

**Жүрек жыры,  
көңіл сыры**

Алматы  
“Жібек жолы”  
2005

ББК 84 ҚАЗ 7-5

С 52

С 52 **СМАИЛОВ Ж.**

Жүрек жыры, көңіл сыры. — Алматы: “Жібек жолы”  
баспа үйі, 2005. — 296 бет.

ISBN 9965-637-55-5

Инженер-металлург, ғалым, партия, қоғам қайраткері Жолдасбек Бекмағамбетұлы Смаилов жас күнінен бастап әдебиетке құмарлық білдіріп, өзінің көңіл-күйін өлеңмен өрнектеген. 70 жылдық мерейтойына орай жарық көрген “Жүрек жыры, көңіл сыры” атты кітабында өлең-жырларын оқырманның талғамына тұңғыш рет ұсынып отыр. Автор жан дүниесін тербеткен ойларын, өмір жолында кездескен оқиғаларды пәлсапалық көзқараспен өзінше тұжырымдайды. Замандастарымен бірге өткізген күндерін сағына еске алып, толғана жырлайды.

Сонымен қатар, металдар мен газдардың ғажайып құпиялары жөнінде қызықты деректер берген.

Осы жинаққа кірген фотосуреттер де оның өмірінен сыр шертеді.

ББК 84 ҚАЗ 7-5


С 4702250202  
430 (05) 04

ISBN 9965-637-55-5

© Смаилов Ж., 2004

*Нәзік жанды асыл жарым Қамария (Қаман)  
Ғаппарқызына арнаймын.*

*Әркімнің жасы — өзінің байлық-ырысы,  
Зымырап өтер төбемізден жыл құсы.  
Жетпіске толған жылымды бақыт санадым,  
Күндерге өткен тебірене толқып қарадым.*

A handwritten signature in black ink, appearing to be a stylized name or initials, possibly 'Dionis' or similar, followed by a horizontal line.

*Әбілфайыз (Алтай) ЫДЫРЫСОВ,  
профессор-жазушы*

## **КӨҢІЛІ — НҰР, ЖҮРЕГІ — ЖЫР ЕСКІ ДОС!**

(Алғы сөз)

Бүкіл қазағы, алты алашы алдында абыройымен, айтарлық қастерлі атымен өзінің 70 жылдық мерейтойын өткізіп отырған Қазақстанның еңбек сіңірген өнертапқышы, байырғы майталман инженер-металлург, осы саланың белді ғалымдарының бірі, кеңестік «Құрмет Белгісі» орденінің екі рет иегері, кезінде қоғам мен партияның белгілі қайраткері болған Жолдасбек Смайылов — елдің, қатар-құрбыларының Жөкеңі — маған ескі дос! Мен оның жаны — нұрлы, жүрегі — жырлы ғажайып адам екенін сонау 1958 жылдың ақпан айынан бері білемін. Содан бері, мінекей, жарты ғасырдай уақыт артта қалыпты.

Осы аралықтағы оның өмірде өткен жолы менің көз алдымда, қазақшылап айтсам, алақанымда. Әп деп танысқанымда, Кеңестер Одағының сол кездегі түсті металлургиясының ең алыбының бірі — Өскемен қорғасын-мырыш комбинатының бір зауытында агломерация мен кеннің біріктірілген цехында аға мастер болып қызмет істейтін ол, сол жұмысты ұршықша үйірілтіп атқарып, іскерлігімен, білік-білімімен, ұйымдастырушылық қабілетімен бірден көзге түсті де, арада бірер жыл өтпей жатып, әлгі алып цехтың меңгерушісі болды... Ол талантын, қабілетін жарқырата түсті. Қазақтың да тамаша инженер-металлург болып,

кеніш өндірісінің кез келген жүйе-буынын басқара алатынын көрсетті. Ол, алдымен, өз жұмыс істеп жүрген зауыттың, соңынан, бүкіл комбинаттың кәсіподағының төрағалығына жоғарылатылды. Жұмыс десе жанын салатын, қазақтық намыс деп арын жанатын біздің қайсар Жөкеңнің жұмырына бұл қызмет те жұқ болмады. Ол өзінің тақиясына тар комбинат кәсіподақ төрағалығынан Қазақ ССР Түсті металлургия министрлігі техникалық басқармасы бастығы орынбасарлығына жоғарылады. Одан әрі ол бүкіл қазақ өңірінің күллі билігіне қожа — Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті ауыр өнеркәсіп бөлімінің қара және түсті металлургия секторын, сосын Қазақ ССР Халықтық бақылау комитетінің химия өнеркәсібі, қара және түсті металлургия бөлімін меңгерді. Одан кейін Алматы халық шаруашылығы институтында дәрежелі ұстаз, “Қазақ түсті металдар корпорациясы” басшысының бірі болды.

Қажымас қайрат иесі, білімдар металлург-инженер менің Жөкең досым осындай саналуан қызметтерді атқара жүріп, бір жағынан Қарағайлы, “Жезкент” тау-кен байыту комбинаттарын ұйымдастырысты. Қарағанды металлургия комбинатында алып аққаңылтыр цехын іске қостырысты. Шымкенттің, Жамбылдың фосфор өндіріс орындарының, Өскемен “Востокказгеология” басқармасының, Жезқазған, Балқаш, Ақшатау тау-кен металлургия комбинаттарының, Ақтөбе, Ақсу ферробалқыту зауыттарының өндірістерін өркендетуге қаншама тер төкті...

...Өттең!..

...Иә, әттең, не керек!.. Бір менің Жөкеңімнің ғана емес, күллі қазақтың Жөкеңдей талай инженер-металлургтері тізе қосып жасаған Қазақстанның сондай қаншама металлургия алып кәсіпорындары нарық жылдары басталысымен бір күн ішінде шетел алпауыттарына босқа жем боп кете барды... Жылына 1 млн. 100 мың тонна түсті металдар өндіретін комбинат, зауыт, концерндер сырттан келген солардың көмейлеріне түсіп кетті.

Бүгін өз мерейтойы төріне апайтөс абыз боп



жайғасқан, металлургтік өмірінде 750 өнертапқыштық жаңа ұсыныс жасаған, мамандығы бойынша елуден астам ғылыми еңбек, отыздан астам ғылыми-көпшілік шығармалар жазған, 1962 жылы Хельсинки қаласында өткен студенттер мен жастардың Бүкілдүниежүзілік VIII фестивалінде 1100 шетелдік өнер саңлақтары алдында қазақтың қандай терең ойлы инженері барын көрсетіп, таңдай қақтыра сөз сөйлеген менің Жөкең досым тек сондай қу алпауыттар құлқынына түсіп кеткенімізге аһ ұра өкінеді. Олар, ең болмаса, өзімізден мысқал білімді-білікті болса екен-ау? Бізге қазына иесі адамдар деп қараса екен-ау!..

Біздің абыз инженердің — Жөкеңнің жанын күйзелтетін жәй, бәрінен бұрын, міне, нақ осы...

Бірақ...

\* \* \*

...Иә, бірақ, менің Жөкең досымның, нарық заманы шектіріп отырған әлгі бір жапаға бола, өткерген өміріне өкпелер орны жоқ! Ол бұл жалғанда өзіне де, от басына да, өз ортасына да, халқы — қазағына да қолынан келетінінің бәрін жасаған адам. Ардақты ардагер, металлург күрескер.

Жөкең осы асыл қасиеттерінің бәрін айғақтайтын бір керемет туындыны бүгін бізге сый етіп өзі ұсынып отыр. Ол туынды — қазір қолымызға алып, оқып отырған оның “Жүрек жыры, жан нұры” атты өмірдастан кітабы.

...Иә, бұл кітап, шынында бүгінгі мерейтой «күнәһарының» өмір дастаны!

Төрт бөлімнен тұратын бұл туындысында Жөкең жырмен де, қара сөзбен де, достары лебізімен де өзінің өмір өткелдері келбет-суреттерін сол күйі, айна-қатесіз етіп көз алдымызға әкелген.

Мәселен, мен туындыдағы: “Анашым”, “Өмір жолы”, “Әке арманы”, “Алдыңызда бас ием”, “Жан әке” деген жырлардағы:

Адам бол деген ұранмен  
Бесікке салып тербеттің,

Көтеріп көкке әнменен,  
Уаттың мені, ержеттім (“Анашым”);

Денің сау боп, ер жет, күнім, кім болсаң да өзің біл,  
Тек еңбек ет халқыңа, гүлденсін деп өңір бұл.  
Тірі жүрсек сол кезеңде гүл-жазира табармыз,  
Шешеңменен біз екеуміз бақыт бұл деп санармыз

(“Әке арманы”) –

деген шумақтардан Жөкең досымның ұлын әлдилеп уатқан аруана анасының, қолын көкке көтеріп ұлтының болашағына зор үміт артқан жан әкенің бейнесін көз алдыма әкелем.

Әйтпесе, досымның жан-жарына арнаған: “Сәулетайым”, “Тілің балдай тәтті шырын дәмі”, “Көңіл”, “Алыста жүріп қалмашы”, “Туған күнде”, “Тойдан кейін”, “Сен емделші, жарқыным”, тағы басқа да жырларын оқығанда менің көз алдыма алдымен 1958 жылы ақпан айында олардың Өскемендегі үйлерінде алғашқы рет қонақта болғанда, Қамария сұлудың ер тұлғалы, алпамсадай металлург жігітке ылғи қалай назданып қарайтыны келді. Сондықтан, өмір бойы осындай назбен келе жатқан Қамариясына Жөкеңнің өзінің туындысында: “Күн көзіндей көңілімді аулашы, бау-бақшада бұлбұлым боп сайрашы, масатыдай бал құрақ боп қаулашы!” (“Алыста жүріп қалмашы”) – деп жалбарынуы да, “Келші, қане, айналайын, бал денеңді аймалайын. Ақ білекті мойныма артып, келші, қане, сәулетайым! Айналайын, мүсініңді аймалайын! (“Сәулетайым”) – деп үзілуі де, немесе “Неткен әсем жан едің сен, төзімді, Сені көрем жұмып жатсам көзімді!” (“Емделші, сен, жарқыным”) – деп, елжіреуі де, әйтпесе, “Тіліңнің балдай тәтті шырын дәмі, жүректе мәңгі-бақи қалып қойды, қысылып деп алғаның әлсін-әлі” (“Тіліңнің балдай тәтті шырын дәмі”) – деп, естен тануы да заңды және осы нәзік сезімдерін менің досым, Қамариясына, қандай пәктікпен жеткізген!

Жыр жүректі Жөкең досымның мұндай пәк сезімді лириктігі, әсіресе, оның өз ұл-қыздары мен немерелеріне арнап жазған: “Балама”, “Айгүлім”, “Гүлнаржан”,

“Қамқоршы”, “Қызыға саған қараймын”, “Құрметтеу үлкендерді — елдің салты”, “Алтынайым, Айжаным”, “Бөбегім” атты жырларынан аңғарылады. Бұлар да өмір тұңғыығына бойлаған, фәлсапалы ойлы, ақын жанды ақылды әкенің тек өз кіндігінен шыққандар ғана емес, жалпы жас ұлан ұлағат тұтар ғибрат-кеңестер жетіп артылады. Өмір талқысын көрген әке: “Былдырлаған үніңнен ескендей ғой самал жел” (“Гүлнаржан”) деп, рахаттана отырып, бір өз ұл-қызына емес, барша балаға “Тілін ал қарияның, ойлан, қалқам” (“Құрметтеу үлкендерді — елдің салты”),— дегенді сабырмен кеңес етеді. “Жолама іске, түсірер бір күн сағыңды. Дүние шіркін, суға да ұқсар ағынды. Жақсылық жасау атадан қалған қасиет, Ұмытпай соған үйреткейсің жадыңды” (“Балама”) деп үйретеді.

Жолдасбек атаның Айгүліне айтқан:

Көкте жүзген айдың да жұлдызға айтар әні бар,

Анықтап оған қарасаң, әсемдік одан табылар!

Суға түскен сәулесі, іштегі отты жандырап,

Аққу-қаздың көктегі құйқылжыған үні бар (“Айгүлім”) — деуі, бар сәбиге байқампаз болуға сабақ. Ал, оның Алтынайы мен Айжанына: “Аман-сау боп өсіңдер, үлкенге тәжім етіңдер, ғылымның түсіп соңына, шыңына оның жетіңдер” (“Алтынайым, Айжаным”),— деп тілек тілеуі де барша ұланға арналып тұр емес пе!

Мен ескі досым Жөкеңді “көңілі — нұр, жүрегі — жыр” деп, оны асыра мадақтап отырғам жоқ. Оның шын болмысын айтып отырмын.

Шынында, жүрегі нұрлы адам: алдымен, ойшыл-философ, елін, жерін, халқын сүйген патриот болады. Сосын, ондай адам ұлтының адал жандарын жанындай сүйеді.

Қолымызға алған “Жүрек жыры, жан нұры” атты Жөкеңнің өмірдастан туындысында ол ойшыл-философ боп толғанған, Қазақстанының бүгінгі көркін көріп ойға батқан. Қазағының бүгінгі кейбір нәубет күйіне жаны ауырып, күңіренген, айтулы замандастарының асқақ мерейлеріне ыстық сезімін жеткізген жырлар да жеткілікті.

Мәселен, Жөкең өмірдастанына енгізген “Ою-тас”, “Басқан ізге қараңдар”, “Еңбегің еш кетпес-ау”, “Жақсылық пен жамандық”, “Ініме”, “Қайда асығып барасың?”, “Көлеңке түссе көңілге”, “Жас келген соң абайла”, “Дос көңілі”, “Енді айтарым: “өзің біл” тақырыпты өлеңдерінде ойшыл-философ болып толғанған.

Ол: “Басқан ізге қараңдар” деген өлеңінде:

Ей, адамдар, жақсы адамдар, жарандар,

Мойын бұрып жан-жағыңа қараңдар!

Не іс бітті, не әкелдің өмірге,

Басқан ізге үңіліңдер, санаңдар!

Тәубе деңдер, қол жеткенге марқаймай,

Бір күн келер, түбі сендер алаңдар!

Сол күн келсе алдарыңа, жарандар,

Ібілістің сумаң ізі жалаңдар!

Қайда, қалай жүргеніңді білмесең,

Не амалың, қандай ғана шамаң бар?!

Тәуба деңдер, жан-жағыңа қараңдар!

Іздеріңді жүріп өткен санаңдар!

Паңданбаңдар, қол жеткенге масайрап,

Алдарыңда қилы-қилы заман бар!—

деп тебіренеді.

Жөкең “Көлеңке түссе көңілге» атты өлеңінде адамдарды тіршілікте көңіл-күйді түсірмеуге, ондай күйге түскенде оларды: “соны тізгіндеуге, соған ақыл-парасат жұмсауға, езіліп кетпеуге, соны жеңуге күш-қайрат көрсетуге” шақырады. “Ініме” жырында зомбылық кезіксе: “Бойды түзе, ойды түзе асықпай, тектен-текке қара күшке салынба, артық жүріп, қара терге малынба, таза жүр де, алды-артыңды абайлап, от боп лаула, ешбір жанға жалынба”— дегенді кеңес етеді.

Фәлсапалы жырларында нұр жүректі Жөкең: “Жасаған адам жамандық, тартар-ау бір күн сазайын. Бүгін жеңсе, ертең ол, болар-ау сенің малайың” (“Жақсылық пен жамандық”) — деп сендіреді. Сөйтіп, ол, сайып келгенде, ойшыл-оптимист.

Біздің Жөкең ұзақ жылдар Семей полигонының зардабын көзімен көрген жан. Сондықтан, ол бұл нәубетті “Полигон” деген жырында:

Ей жолаушы, бетті түзеп, қайда кетіп барасың?  
 Көрдің бе, әне, біздің жердің бетіндегі жарасын?!  
 Қатуланып, қайратты боп, өзінді-өзің қолға алып,  
 Емші болып, жазыс соның бетіндегі жарасын! —  
 деген жан айғайымен ашына жеткізеді.

Ал, ол ауылға көз салса:

Еңбек сүйгіш халық едік, не боп кетті біздерге?!  
 Далам бар еді толы малға, семіретін күз кезде.  
 Өрттен қалған тобылғыдай қылтияды бастары,  
 Кездестік пе аласапыран, жұт-топалаң кездерге?!—

деп, аһ ұрады.

Нарық заңын өз пайдаларына шешкен жемқорлар  
 әрекеттерін де ардагер металлург ашына әшкерелейді.

Мәселен, “Нәубет” атты өлеңінде ол былай дейді:

Не боп кетті, не боп кетті бұ заман?!  
 Қайда барсаң шыға келед алдыңнан.  
 Қу түлкілер, тісі ақсиған қасқырлар,  
 Қорықпай-ақ емін-еркін пара алған.  
 Адамдар аз ант бергеннен жасқанар.  
 Үнін қосып осы жайға басқалар.  
 Жемқор топтар қанат жайды елімде,  
 Кім бар екен бұл нәубетті тоқтатар?!

Кезінде, өзі осындай “қу түлкілермен”, “қасқырлармен”  
 аянбай арпалысқан Жөкең ардагер, бүгінгі өмірде қаптап  
 кеткен осындай алаяқтардың бет перделерін айқара  
 ашады.

Мерейтой иесінің “Қарағайлы” өлеңі де қазіргі  
 келеңсіз көріністі көзге түртіп көрсетуге арналған жан-  
 айғай! Ол өзі қолмен құрған Қарағайлы қаласының  
 қазіргі сыйқы мынадай екен:

Бір кезде аты шыққан Қарағайлы,  
 Көрем деп ойлап па едім, мұндай жайды?!  
 Көп қабатты үйлердің үңірейген,  
 Көргенің терезесін неткен қайғы!

Осындай жанайғай күйде кей сәт, менің Жөкең  
 досым, басқаларға сабақ болсын деп, еріксіз,  
 адамдардан аңдаған келеңсіз қасиеттерді алға жайып  
 ұлы Абайша толғайды. Міне, оның “Наз” атты өлеңі нақ  
 осы мәнді:



Біреуге достық жасасам,  
Қастық боп қайтты өзіме.  
Бәріне сендім бөбекше,  
Жанымнан алып от бердім,  
Болса да ол өлексе.  
Ұғынар дедім достықты,  
Болған соң адам баласы.  
Осы бір ойым бос шықты,  
Жанымда қалды жарасы.  
Жеңісім менің жарқ етсе,  
Келеді дос боп ант беріп.  
Бір жерімнен ши шықса,  
Кетеді, шіркін, жалт беріп!

Жөкең қария өмірдастанында қаншама жырды өзінің әйгілі замандас-құрбыларына, дос-жарандарына арнаған. Ол жырларда: Халық қаһарманы Сағадат Нұрмағанбетовтің, атом нәубетімен айқасқан белгілі металлург, партия қайраткері Кешірімхан Бозтаевтың, қоғам, мемлекет қайраткері, металлург Сауық Тәкежановтың, Алтайдың ақиығы Бошай Кітапбаевтың, ғалымдар: Нұрман Мұталхановтың, Сұлтан Шәріпұлының, Жантөре Әбішевтің, Мәриям Әбілқызының, әріптес-курстастары металлургтер Марақ Омаровтың, Елжас Малтабаровтың, Хайдар Юсупалиевтің, Болатбек Нәсенұлының, И. Е. Ерофеевтің, тағы басқалардың адамдық асыл қасиеттері, қайталанбас жарқын бейнелері туралы толғанады. Бұлар жайлы жырларда металлург ардагердің әлгі аталған халыққа қалаулы, елге елеулі, айтулы біртуарларға сағынышы, қайғысы, жүрек лүпілі, ыстық ықылас-сезімі бар. Әсіресе, оның, қара сөзбен жазған біртуар азамат Сапар Байжанов жайлы естелігі кім-кімнің де жүрегін тебірентерлік.

Әрине, Жолдасбек Смаилов — ақын емес, майталман металлург. Сондықтан, оның ұсынып отырған өмірдастан кітабында жарияланған бар өлең-жырлары бірдей аяғынан тік тұрған поэзия емес. Бірақ, жаны нұрға толы ол бүгінгі мерейтойына өз бойында бар тағы бір ерен қасиетін бізге сый еткен. Оның ол қасиеті — жүрегінің жырлылығы, оның өмірге, адамға ақындық пәк сезіммен

қарайтындығы. Жалпы, ол, әдетте: “Әрі физик, әрі лирик!” дейтіндей, “Әрі металлург, әрі лирик!”

Солай болғандықтан, оның сол қасиетін, бірінші кездескен сәттен-ақ танып-біліп келе жатқандықтан, біз оның ұсынып отырған өмірдастан кітабына алғы сөзімізде ескі дос, асыл Жөкеңді оның “лириктік” қырынан танытуға тырыстық.

Бүгінгі мерейтой иесі – Жөкең, сонымен қоса, өмірдастанында айтарлықтай қара сөз “зергері” екенін де танытыпты. Оның: “Ескірмейтін естеліктер” мен “Металдар мен газдар әлемі” атты жазбалары осының айғағы. Олар танымдық мәністі дүниелер екен. Оларға арнайы тоқталып жатпадық.

Біз жазған алғы сөзді оқып шыққандарыңыз үшін, мың мәрте рахмет!

# **КӨҢІЛ ӘУЕНДЕРІ**

***(ӨЛЕҢ-ЖЫРЛАР)***



## ОЮ-ТАС

Атадан жеткен аңыз боп,  
“Күлтегін” атты жырым бар.  
Тарихың жоқ, жассың деп,  
Кім бізге енді айта алар.

Жерімді байтақ, бабалар  
Қорғаған қандай әдіспен?  
Жауабын таппай болып дал,  
Маңдайдан талай тер төккем.

Еңбегі жанып ғалымның,  
Баяғы аңыз болды рас.  
Жерінде жатқан моңғолдың  
Сыр шертті бізге ою-тас.

Күлтегін тасқа қашатқан  
Дәуірдің өткен — тіл-көзі.  
Қысылып, өксіп тек жатқан  
Сөйлеп те берді бір өзі.

Көшірген тасқа суретін  
Әкеліп қойды Ордаға,  
Түскенде сәті көретін  
Шаттандым ұқсап балаға.



Атадан жеткен аңыз боп,  
“Күлтегін” атты жырым бар.  
Әліппең жоқ, жазу жоқ  
Деп енді кімдер “қырындар”.

*Астана, 2002 жыл.*

## АНАШЫМ

Сырқаттанып төсекте,  
Жатыр едім, анашым.  
Суретінді қолға алып,  
Толғандым да, ойландым.

Жасың үлкен, көп көрдің,  
Өсірдің мені әлпештеп.  
Әруақытта ой бөлдің  
Ержет, күнім, өсші деп.

Адам бол деген ұранмен  
Бесікке салып тербеттің.  
Көтеріп көкке әнменен,  
Уаттың мені, ержеттім.

Жаныңда жақын мен жүрсем,  
Білмессің, сірә, толқуды.  
Күтші мені, анашым,  
Бітіргенше оқуды.

Инженер атын алған соң,  
Еңбек туы таяу-ақ.  
Ақ сүтінді ақтармын,  
Алақанда аялап.

Жас анаға гүл бейнең  
Ана атын үйретсін.  
Менің де жарым өзінді  
Әр уақытта үлгі етсін.

*Қаңтар 1955 жыл.*

## ӨМІР ЖОЛЫ

*Әкем Бекмағамбет Смайылұлы мен  
шешем Жұмабике Әбділдақызының рухына*

Халқымыздың әдетінше бізге жеткен баяғы —  
Төрімде түр ілулі әкемнің аса таяғы.

Қолға алсам, ойға батам түсіп еске әрбір жай:  
Тіршілігі, өмір жолы, салт-санасы, тұрағы.

Ата-ана болса-дағы белгілі өз елінде,  
Бұйырмады шаттық өмір, құйын соқты төрінде.  
Қысым көріп айырылды мал-мүлкінен бір сәтте,  
Ауа көшті тұра алмай атамекен жерінде.

Қырылыпты халқым менің табылмай еш дауасы,  
Осы кезде тұрақ бопты Новосібір қаласы.  
Мың тоғыз жүз отыз бестің қаңтарында аязды  
Туған екен Бегім қарттың соңғы кенже баласы.

Терін төгіп, еңбек етіп, отырмапты көсіле,  
Елу бірде әке жасы, шеше отыз жетіде.  
Өзге бала шейіт болып кеткеннен соң бел асып,  
Аймалапты, өсіріпті жолатпай жел өтіне.

Кәдімгідей желе жортып жылдар өтіп барады,  
Қалың тұман ішінен ол сығырайып қарады.  
Көрінбейді, алыста ғой туған-өскен даласы,  
Құйқылжиды көңіл шіркін, қалай, қайтіп барады.

Маяжоны, Майлықара, Шалқар менен Дегелең,  
Сай-саласы нуға толы, қалың тал мен жас емен.  
Сылдыр қаққан мөддір бұлақ, шалқып жатқан көл суы,  
Аң, құстары үн қосады ескен самал желменен.

Шаншар, Бертіс, Бектемір мен Қаздауысты Қазыбек,  
Сиынатын аруағына бабаларым осы деп.  
Әрбір кезде ойына алса желеп-жебеп жүргендей,  
Көтеріліп көңіл шіркін самал есер, салқын леп.

Мың тоғыз жүз отыз тоғыз жылының жаз айында,  
Қайтып елге, орналасты темір жолдың бойына.  
Туған-туыс, құда-жекжат шоғырланып жиналған  
Аягөз бір темірқазық Битен таудың ойында.

Елге аман жеткізген соң жас баласын өрімдей,  
Еңбек етті қайраттанып күні-түні ерінбей.  
Абайсызда қызған темір бетіне дақ түсірді,  
Пәле-жала келеді екен алдын ала көрінбей.

Тұтқиылдан жау тиісіп, басына ауыр іс түскен,  
Қиын-қыстау заман еді фашистермен күрескен.  
Бір үзім нан тәулігіне карточкамен берілсе,  
Оның өзін алатынбыз өшіретпен тірескен.

Осындай бір қиын заман елімізге келгенде,  
Қайғы-қасірет, қиыншылық басымызға төнгенде,



---

Үлкен-кіші қатуланып жұдырықтай жұмылып,  
Бүкіл әлем ырза болды біздер жауды жеңгенде.

Осыдан соң он үш жылдай өтіпті ғой арқырап,  
Енді рахат көремін деп жүргенінде аяндап.  
Бекмағамбет әкем менен Жұмабике анамның  
Тіршілігі, денсаулығы төмендепті баяулап.

Еңбек ет деп бізді тартты шығыс жақтың тау-кені,  
Қуантады ата-ананың бұл өңірге келгені.  
Бірақ ұзақ көре алмады еңбек жолын ұлының,  
Өкінішті ұзамай-ақ бұл жалғаннан өткені.

Бұл әлемнің жарығын балаға нұр ғып сыйлаған,  
Ата-анаға қарызын өтей алмас ешбір жан.  
Қиындықты көп көріп оздыңдар бұл жалғаннан,  
Кәміл болсын иманың, ағажан-ау, апажан.

Қастерленді біздің елде жеті ата жұрнағы,  
Бақыты мен бар байлығы артындағы ұрпағы.  
Ойда болсын осы жайлар, үзілмесін ешқашан,  
Бабалардың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі баяғы.

## ТӘУБЕ

*Қаманға*

Анамнан туған он үштің бірі мен едім,  
Қалып мен жалғыз солардан әбден жүдедім.  
Күрсініп қойып ата-анам менің тәубелеп,  
Аймалап мені толғанып-толқып сүйетін.

Жетіле келе іздедім шарлап жан сырын,  
Жолықтың өзің— арнаған алла жұлдызым.  
Қолтықтан сүйеп аралап кеттік жаһанды,  
Артымнан ерді гүл-бәйшешек ұл-қызым.

Ержетіп олар жолында қатал тағдырдың,  
Соқпағын тапты өздері жүрер ой-қырдың.  
Тағдырға тәубә, рахмет айтып отырмыз,  
Тілеуін тілеп, аллаға шүкір солардың.

Кездескен күннен жұлдызым жанды жарқырап,  
Өтіпті, міне, қырық жыл жылжып арқырап.  
Ағарып шашым, азайып нұры көзімнің,  
Базардан қайтып барамыз біздер артып қап.

Ол қаптың іші толы ғой өмір сырына,  
Құдай-ау, тәубе! Мың тәубе деймін жылына.  
Ата мен баба қолдаған шығар аруағы,  
Жүрдік қой толқып пышақтың өткір қырында.

---

Сонан соң өзің махаббат маған жолдаған,  
Неше бір жойқын жағдайда мені қолдаған.  
Құдай-ау, тәубе! Мың тәубе айтам күнде мен,  
Тағдырға қосқан сыңар ғып сені дәл маған.

Аспан жақ кейде түнеріп, толқып тұрса да,  
Саспадың сені қамшы-тілмен ұрса да.  
Көнбедің ешбір өсек пен жалған сөзіне,  
Емірене келіп, бауырына қысып тұрса да.

Мың тәубе деймін, рахмет айтам құдайға!  
Осы ойым, жаным, өзіңе сенің ұнай ма?  
Туыс пен достар қолтықтап қатар келеді,  
Сөз қылса егер дұшпаның, ешбір мұңайма.

Көп жаса, жаным, көп жаса деймін тілегім!  
Лүпілдеп соғады өзіңе деген жүрегім.  
Бақытын көріп ұл-қыздың аман-сау жүрші,  
Жасартсын мені мойныма артқан білегің.

*4 желтоқсан 1995 жыл.*

## ӘКЕ АРМАНЫ

*Серікке*

Ұлым менің, тудың ба сен бақытына әкеңнің,  
Іңгөлаған дауысыңды естіп, еріп, елтіп кетемін.  
Есігін қағып бұл жалғанның адам болып туған соң,  
Денің сау боп ер жетерсің, кім боласың содан соң?..

Естіле ме құлағыңа Тәттімбеттің күйлері,  
Құрылысшы боп, саласың ба зәулім биік үйлерді.  
Өнер қуып, күш сынасып түсесің бе жарысқа,  
Тәңір берген қасиетпен емші болсаң бір басқа.

Ұшқыш болып, жаһан кезіп, самғайсың ба ғарышқа,  
Мұхит асып, ел аралап жүресің бе алыста.  
Шешесінің жолын қуып, асыл ұстаз болар ма,  
Нағашысы бала оқытып, келеді әлі қатарда.

Атасы да, әкесі де металменен алысқан,  
Тұқым қуып, көкпар тартып, қалыспасың жарыстан.  
Әлде бақта гүл өсіріп, алма ағашын мәпелер,  
Әлде малдың жаңа түрін жаңа әдіспен өсірер.

Кім болсаң да азамат бол елдің қамын ойлайтын,  
Өміріңнің әр кезеңін жұрт қуана тойлайтын.  
Үйдеші, талпыншы сен Жұмаш әжең қуансын,  
Аймаласын Бегім атаң — қартайғанда жұбансын.

---

Денің сау боп, ер жет, күнім, кім болсаң да өзің біл,  
Тек еңбек ет халқың үшін, гүлденсін деп өңір бұл.  
Тірі жүрсек сол кезеңде гүл-жазира табармыз,  
Шешеңменен біз екеуміз бақыт бұл деп санармыз.

*1958 жыл.*

## ҚАРҚАРАЛЫ

Бұл маңда аталарым терін төккен,  
Әнінен Сарыарқаның самалы ескен.  
Сол өндер құйқылжиды биігінен  
Тауының Қарқаралы — атамекен.

Алыстан көрінетін тау-шыңдары,  
Жақындасаң тояттар көз жанары.  
Қарағай мен қайыңы аспан бойлап,  
Ән шырқайды бұлақ пен көл-сулары.

Бұл жерде бар дейді ғой тоқсан бұлақ,  
Сай-салаң желпілдеген жасыл құрақ.  
Суың — бал, ауаң — емші Қарқаралы,  
Желпініп жасарайын саған қарап.

*10 шілде 2004 жыл.*

## ҚҰРМЕТТЕУ ҮЛКЕНДЕРДІ — ЕЛДІҢ САЛТЫ

Жас буын біле ме екен қартаярын,  
Нұр сөніп, бұлшық еттің азаярын.  
Әл кетіп денесінен, иық түсіп,  
Бір мезет дем алам деп жантаярын.

Білмесін, біліп оның қажеті не,  
Ауыртар денеңізге кірген ине.  
Сондықтан алға ұмтылсын бұзып қамал,  
Кетпесін көз алдынан жастық бейне.

Бірақ та ойланарсың болсаң зерек,  
Әрқашан қарияны сыйлау керек.  
Тыңдап оның ақылын, тілін алсаң,  
Артыңнан сенің-дағы ерер түлек.

Басынан жақсы да өтті, жаман да өтті,  
Қажымай, талмай біраз еңбек етті.  
Сендерді өсірем деп, жеткізем деп,  
Маңдайдан тамшылатып терін төкті.

Күн шығып, сәуле шашып аялады,  
Құлпырды осы кезде сая бағы.  
Кейбірде бұлт үйіріліп төбесінен,  
Төмендеп қан қысымы, түсті сағы.

Осының бәріне ол төтеп берді,  
Белдескен тайталаста ақыл жеңді.  
Өмірін жалғастырар әрі қарай,  
Ұрпағы сен болған соң, саған сенді.

Тілін ал қарияның, ойлан, қалқам,  
Өмірлік тәжірибесі болмас жалған.  
Ата-ананы құрметтеу — салты елдің,  
Мирас боп үлкендерден бізге қалған.



## КӘРІПБАЙ АҒАНЫҢ МЕРЕЙТОЙЫНА

Қаракесек, Шаншар абыз болған ер,  
Ақыл-ойы толықсыған кемеңгер.  
Ел басқарып, халық қамын ойлапты,  
Гүлденіпті осы тұста біздің жер.

Маяжон мен Майлықара, Дегелең,  
Сай-саласы нуға толы ертеден.  
Мөлдір бұлақ, салқын суы шипа боп,  
Өріс толған мыңғыраған мал екен.

Шаншар ұлы Бертiс бабам хан болған,  
Тәңiр қолдап көкiрегiне нұр толған.  
Iскерлiкпен, шешендiкпен жол бастап,  
Талай жанды алып шыққан тұтқыннан.

Бертiс ұлы Бектемiрдiң ұрпағы,  
Әншi, күйшi алып қыран қырдағы.  
Қай заманда туса-дағы оларың,  
Мұнарадан биiк қарап тұрады.

Бектемiрден кенже Шитен туыпты,  
Тiлге жүйрiк, сөзге шешен болыпты.  
Үкiбайы, Түкiбайы, Кейкiбай  
Әке жолын мұра қылып қуыпты.

Он алты ұлға әке болған Кейкібай,  
Бұрқырман мен Баубек, Ақыш, Ағыбай,  
Бәйел, Ержан, Мұсабектен ұрпақ бар,  
Өспей қалған Жандарбек пен Кегенбай.

Бұл әулеттің осы тұста үлкені,  
Көріпбай аға— заманының дүлдүлі.  
Сексен жасқа келіп отыр абыз боп,  
Құшақ жайып, құттықтаймыз бұл күні.

Ұзақ жылдар бақытты өмір сүрдіңіз,  
Ұрпағыңның жүрегінде қалады із.  
Бұл өмірдің ащысы мен тұщысын  
Жасқанбай-ақ жайбарақат көрдіңіз.

Өмір үшін, ұрпақ үшін күресте,  
Небір жойқын күштерменен тіресте.  
Ақыл менен парасатқа бағынып,  
Жеңіс туын көтердіңіз әр кезде.

Өлшеп берген өз ырысын әркімге,  
Сену керек ұлы күшке — тәңірге.  
Сағынғанмен Имекжал мен Шахарды,  
Жүріп қалдың көп жылдары шет жерде.

Жеңешеммен бақытты боп түледің,  
Ұл — ұяда, қыз — қияда, білемін,  
Әлі-дағы денің сау боп, көп жаса,  
Бүгінгі осы менің айтар тілегім.

*Алматы қаласы,  
20 мамыр 2004 жыл.*

## ГҮЛНАРЖАН

Айналайын, бөбегім,  
Бесікке сені бөледім.  
Өзім де өлі білмеймін —  
Жанымнан артық көремін.

Жұмаш әжең екеуің  
Үйде жалғыз қаласың.  
Ызың да жоқ, жылау жоқ,  
Неткен әсем баласың.

Еңбектеп еппен әр жерге  
Жылжып қана барасың.  
Әр нәрсеге қызыға,  
Телміріп қарап қаласың.

Бүлдірмейсің ештеңе,  
Білгендейсің шамасын.  
Есейе келе күлімдеп,  
Әдемі болып барасың.

Кәне, жаным, бөбегім,  
Тәй-тәй басып бері кел.  
Былдырлаған үніңнен  
Ескендей ғой самал жел.

Өмірдің мәнін түсініп,  
Несібеңді аларсың.  
Денсаулық берсе Тәңірім,  
Алаулап бақыт табарсың.

*Өскемен, 1961 жыл.*

## ҒАСЫРҒА ҰҚСАС

Қалам алсам, қайрап қолға  
Неге өлең шықпасын.  
Сапар шегіп ұзақ жолға,  
Жолдас ертіп шыққасын.

Ғасырға ұқсас, жолым ұзақ,  
Тыным таппай жүремін.  
Халқым деп мен еңбек жасап,  
Мақсатыма жетемін.

## ЖАҢА АУЫЛ

Еркін тұрған көше бойлап,  
Әсем үйлер тізіпті сап.  
Алаңдарда өскен гүлдер  
Құлпырады күнмен ойнап.

Арықтар да сылдыр қағып,  
Мөлдір бұлақ жатыр ағып.  
Солдан соққан самал желден  
Көк шөп басы тұр ырғалып.

## АЙГҮЛІМ

Ата-ана балаға  
Түзу тура жол сілтер.  
Жақсы адам болсын деп,  
Тәрбиелеп тер төгер.  
Айналайын, боташым,  
Тал-шыбықтай өсе бер.  
Болған дейді ертеде  
Бабаларың кемеңгер.  
Тәлім алып солардан,  
Өсе бер, қалқам, өсе бер.

Айгүл деп қойдық атыңды,  
Оның үлкен мәні бар.  
Қызғалдақтың қырдағы  
Әдемі сұлу сәні бар.  
Көкте жүзген айдың да  
Жұлдызға айтар әні бар.  
Анықтап оған қарасаң,  
Әсемдік одан табылар!  
Суға түскен сәулесі  
Іштегі отты жандырар.

Сарыарқаның жұлдызды  
Самал ескен түні бар.  
Аққу, қаздың көктегі  
Құйқылжыған үні бар.

Кел, жарқыным, бөбегім,  
Осыларға жақын бол.  
Әр уақытта жарқын бол,  
Туыстың басын қоспайтын  
Өсек сөзге салқын бол.  
Парасатты, ақылды,  
Туыстарға жақын бол.  
Күйқылжытып айтатын  
Дос-құрдастың әні бол.

*1968 жыл.*



\*\*\*

Мен Пушкин, Лермонтов пен Абай емен,  
Еріккеннен жазғаным тағы демен.  
Өлең-сөз ой толқынды күйден туса,  
Сол бір күй кейін ойда болсын деген.

Өмірде сан қызық бар өтіп жатқан,  
Адам бар бірін-бірі алдап сатқан.  
Адам көп бір-біріне сый көрсетіп,  
Дүниеде адам атын ақтап жатқан.

Сол жұрттың бірімін бе деп жүрмін ғой,  
Адам атын ақтасам деген бар ой.  
Толқынды жас өмірді Адам атпен,  
Қаласам келешегім — қызықты той.

Көрдім ғой жастың талай қарасын мен,  
Көрдім ғой жастың талай данасын мен.  
Түңіліп кейбіріне көңіл қалса,  
Кейбірі қарап тұрсам досым екен.

Жас өмір өтіп жатыр сыры терең,  
Ойым бар халқым үшін жансам деген.  
Өткен күнді толғанып еске алатын,  
Жазғандарым ескерткіш болса деген.

*Аягөз, 1951 жыл.*

## БАЛАМА

Сыры көп өмір: жартасқа соққан толқындай,  
Долданар бір кез, бүк түсер кейде бұлқынбай.  
Мұқалма, балам, болаттан соққан кездіктей,  
Құбылма еш уақ, жарқылда қылыш қырындай.

Жолама іске түсірер бір күн сағыңды,  
Дүние, шіркін, суға да ұқсар ағыңды.  
Туыс пен жолдас, достарменен аралас,  
Жинаған байлық көтерер сонда бағыңды.

Өзгерді өмір, өзгерді күй де, қоныс та,  
Шақтарды өткен масайрап кетпей есте ұста.  
Қолтықтап алғаш сүйеген ізгі адамды  
Жадында сақта, қалқан бол оған ұрыста.

Фәлсафа ойдан қорытар осы өсиет,  
Атадан жеткен көңілге қонса қасиет.  
Жақсылық саған арнаған ине көзіндей  
Ұмытпа жанды, жадында сақта, тәжім ет.

Осы бір ойды жүрекке түйсең жасыңнан,  
Жайсаң мен жақсы табылар сенің қасыңнан.  
Көре алмай жүрген көк езу шайпау пасықтар  
Шәйт боп кетсін — құласын суға тасыған.

---

Жақсылық жасау өмірдің сәні, халайық,  
Жамандық деген ауыр сөз, оған бармайық.  
Қайтып та келер өзіңе түгіл ұрпаққа,  
Сондықтан біздер жақсылық қана жасайық.

*Қаңтар 1999 жыл.*

## БАСҚАН ІЗГЕ ҚАРАНДАР

Ей, адамдар, жақсы адамдар, жарандар,  
Мойын бұрып жан-жағыңа қарандар!  
Не іс бітті, не әкелдің өмірге,  
Басқан ізге үңіліңдер, санандар!

Жүрген ізге үңіліңдер, қарандар,  
Қанша қате жібердіңдер, санандар.  
Тәубе дендер, қол жеткенге марқаймай,  
Бір күн келер, түбі сендер аландар.

Сол күн келсе алдарыңа, жарандар,  
Ібілістің сумаң ізі жалаңдар.  
Қайда, қалай жүргенінді білмесең,  
Не амалың, қандай ғана шараң бар?!

Тәубе дендер, жан-жағыңа қарандар,  
Іздерінді жүріп өткен санандар!  
Панданбандар, қол жеткенге масайрап,  
Алдарыңда қилы-қилы заман бар!

## ХАЛҚЫМ ДЕП СОҚҚАН ЖҮРЕГІ

*Ғалым, мемлекет қайраткері  
Сауық Тәкежановқа*

Адамдар бар ғой заманға сай боп туатын,  
Жетіле келе бабалар жолын қуатын.  
Халқым деп соғар олардың әркез жүрегі,  
Еліне жұмсар бойдағы бар күш-қуатын.

Солардың бірі Сауық деп айтсаң кеш болмас,  
Жетімдік көріп өссе де көзге толып жас.  
Табандылық пен тапқырлық бар мінезде,  
Қолға алған істен ешқашанда тайқымас.

Қайнаттың металл, ерітіп тасты балқыта,  
Жасадың жоспар не қилы көңіл шалқыта!  
Халықтың ұлы, қалаулы құлы болдың да,  
Абырой-атақ, бақ-дәулет қонды басыңа.

Сонау бір ауыр жылдарда жүдеп зарықтың,  
Баса алмай өксік, күрсініп іштей қамықтың.  
Әке мен шеше айдалып, жалғыз қалғанда,  
Ойлап па едің болам деп ұлы халықтың.

Тегінде шоқ бар, жалын ғып оны лаулатқан,  
Кенже де ағаң, үміт қып саған жүк артқан!

Сонан соң Фатых, әдемі жеңгең, жұбайың,  
Достарың сырлас, балалар сезім оятқан.

Түстің ғой, Сәуке, түріне неше сайыстың,  
Жеңіске жеттің алдына шығып жарыстың.  
Жайқалып өскен самырсын менен қайындай,  
Сынбадың еш уақ, азырақ қана майыстың.

Өтіпті, міне, қырық жыл жылжып арада,  
Еңбекке еркін кіріскен күннен санаса.  
Мәуелі бақ боп өсіпті өзің еккенің,  
Айтуға болар мектебің бар деп тамаша.

*18 қараша 1996 жыл.*

## ҚУАНЫШ

Көмелетке жетсе жасы — Азамат,  
Деп атайды жас жігітті жамағат.  
Бойжеткен ғой қыз баланың есімі,  
Әкелетін отбасына салтанат.

Келін болып түскен үйге әуелде,  
Отбасына әкелетін береке,  
Бір бойжеткен кездесе деп аңсаймыз  
Ұлымызға сыйлайтұғын мереке.

Келін келмек, Қаман-ау, қуаныш бұл,  
Сыңарын тапқандай ма біздің де ұл,  
Отау құрып, ошақта оты жанып,  
Өсірсе ұрпағымды болайық “құл”.

Келін келмек, Қаман-ау, дастархан жай,  
Бұрқырасын қазанда ет, шәугімде шәй.  
Қонақ шақыр, бұл күндер есте қалсын  
Серік пен Мадинаның ойына сай.

## ҚАЗЫҒҰРТ ПЕРЗЕНТІ

*Жазушы, қоғам қайраткері  
Қалаубек Тұрсынқұловқа*

Қасиетті Қазығұрттың ақ ниетті халқы бар,  
Бұл өңірде қазағымның ата-баба салты бар.  
Құт-береке үй ішінде, дастарханда, көңілде,  
Бір көрсеңіз есіңізде өмір бойы сақталар.

Қасиетті Қазығұрттың баурайында Шарбұлақ,  
Желі майда, жері майса, суы жатыр атқылап.  
Жаңа білдік Қалекемнің алтын ұя-бесігін,  
Туған елін, өскен жерін алақайлап шапқылап.

Ұяңыздан түлеп ұшып, сан белестен өттіңіз,  
Елге адал еңбек етіп, ащы терді төктіңіз.  
Мәдениет қайраткері қазақ түгіл Саханың,  
Атағына ие болдың, оны біздер білеміз.

Замандастар өмірінің тәтті нәрін тердіңіз,  
Шежіресін Қазығұрттың жыр етіп Сіз шерттіңіз.  
Осылайша тыным таппай, ақтап халық сенімін,  
Шаршап-талмай, ойдағыдай жетпіс жасқа жеттіңіз.

Кербез сұлу Нағимамен қол ұстасқан жастық шақ,  
Ұрпақ жалғап ұл-қыз өскен ұлағатты шаңырақ,



---

Туыс, достар, құда-жекжат — осылардың бәрінен  
Қуат алып, жүрдіңіз ғой шалқып та бір жадырап.

Құтты болсын, Қалекем-ау, асу асқан мерейтой!  
Дос-жарандар қуанышпен айтып жатыр әртүрлі ой,  
Қостаймыз біз.

Ден сау болып, ұзақ өмір жасаңыз,  
Шын жүректен жарып шыққан тілегіміз осы ғой!

*Алматы қаласы,  
22 мамыр 2004 жыл.*

## АЛЫСТА ЖҮРІП ҚАЛМАШЫ

Таң самалда шырқаған  
Ән болып туған құс сөзі.  
Бар әлемді тербетіп  
Нұрын төккен күн көзі,  
Көңілімді аулашы.

Күн көзіне көнбеген  
Қар жамылған Алатау.  
Гүл-алаша төсенген  
Көк оранған бақша-бау,  
Көңілімді аулашы.

Таудан төмен құдилап  
Сылдыр қаққан сыр бұлақ.  
Қыр-жайлауда қаптаған  
Масатыдай бал құрақ,  
Көңілімді аулашы.

Сендер ғана бұл шақта  
Көңілге ләззат бересің.  
Бал мінезді жан жарым,  
Сен оны қалай сезесің?  
Алыста жүріп қалмашы.

Қоңыраудай күлкіңді  
Естімедім көп болды.

Парасатты жан жарым,  
Көңілге талай ой толды.  
Алыста жүріп қалмашы.

Көңілдің осы бір күйін  
Сәлем деп саған арнадым.  
Жарқын көңіл, сыр мінез  
Сенімді менің жан-жарым,  
Алыста жүріп қалмашы.

*Алматы,  
25 мамыр 1975 жыл.*

## АҒА ТУРАЛЫ ОЙ

*Кеңес Одағының Батыры, Халық  
қаһарманы, армия генералы  
Сағадат Нұрмағанбетовке*

Батырлары көп болған еліміздің,  
Баптаған қасиетін жеріміздің.  
Ұлы түгіл қыздары атқа қонып,  
Тазалығын сақтаған төріміздің.

Ер Төстік пен Ер Тарғын, Қарасайлар —  
Аңыз болып ерлігі жеткен жайлар.  
Халқымыздың тағы бір хас батыры  
Сағадат деп дауыстап заман айтар.

Тигенде жау еліме жатқан тыныш,  
Өжеттікпен тұтатып қайрат, намыс.  
Қарсы шапқан бел шешпей ерлігі үшін  
Жиырма бірде төсіне тақты жұлдыз.

Аты ағаның көптеген елге таныс,  
Кішіпейіл, жаужүрек батыр нағыз.  
Аянбай жері үшін терін төкті,  
Бағалады еңбегін Отанымыз.

---

Қамын ойлап елінің таң аттырған,  
Сабырлы ол, біртоға, салмақты жан.  
Үлкенге іні, кішіге аға болып,  
Қанша құрмет көрсе де болмаған паң.

Еш уақытта мақтанды қаламады,  
Айтатыны әділ сөз, таза жаны.  
Егеменді еліме ұйытқы болып,  
Халқымыздың атанды қаһарманы.

Аға дейміз Сәкенді, баба дейміз,  
Істері мен сөздері оған негіз.  
Алтындатқан әріппен жазылды аты,  
Тарихында халықтың қалдырып із.

Биылғы жыл сексенге жасы толды,  
Еңбек етіп, қартаймай, Абыз болды.  
Құтты болсын айтамыз, көп жасаңыз,  
Жас ұландар үлгі етсін сіздің жолды.

*27 мамыр 2004 жыл.*

## ПОЛИГОН

Ей, жолаушы, бетті түзеп, қайда кетіп барасың?  
Көрдің бе, әне, біздің жердің бетіндегі жарасын?  
Қаптап кеткен әскерлердің сынақ жасау алаңы,  
Неше түрін қарулардың тауып мұнан аласың.

Бөлшектері бомбалардың көктен төмен төгілген,  
Жердің беті жырым-жырым жоғарыдан көрінген.  
“Полигондар, тоқтатындар жарылысты, дүмпуді!” —  
Дауысы бұл халқымыздың қабырғасы сөгілген.

Ей, жолаушы, бетті түзеп, қайда кетіп барасың?  
Көрдің бе, әне, біздің жердің бетіндегі жарасын?!  
Қатуланып, қайратты боп, өзінді-өзің қолға алып,  
Емші болып, жазыс соның бетіндегі жарасын.

*1993 жыл.*

## ЕҢБЕГІҢ ЕШ КЕТПЕС-АУ

Еңбек сүйгіш халық едік, не боп кетті біздерге?!  
Далам бар еді толы малға, семіретін күз кезде.  
Өрттен қалған тобылғыдай қылғияды бастары,  
Кездестік пе аласапыран, жүт-топалаң кездерге?!

Түсініксіз нарық келіп, ыдыратты Одақты,  
Кейбір басшы мез-мейрам боп, тақиясын көкке атты.  
Байланыстар үзілген соң жұмыссыздық бел алып,  
Жалтақтатып көп отбасын, төмендетіп қуатты.

Енді міне, көзің салып жан-жағыңа қарарсың,  
Суы да мол бай өлкеге мәуелі бақ саларсың.  
Мал өсіріп, егін ексең, еңбегің еш кетпес-ау,  
Ұл — ұяда, қыз — қияда, мәре-сәре боларсың.

*1997 жыл.*

## АЛТАЙДЫҢ АҚИЫҒЫ

*Еңбек Ері, Ұлы Отан соғысының  
ардагері Бошай Кітапбаевқа*

Алтайдың ақиығы Бошай-аға,  
Ұшырған балапанын шың-қияға.  
Елімнің шығысында аты оның  
Жұлдыздай жарқыраған баяғыда.

Ұжымды алға сүйреп жалықпады,  
Еңбектің жаңа әдісін сүйіп жаны.  
Жұмсаған тыным таппай қайраты үшін  
Белгілі Еңбек Ері атанғаны.

Айтпасқа болмас деймін соғыс жайын,  
Ағамыз құрбан еткен бір аяғын.  
Содан бергі жылжыған алпыс жылда  
Баптаған сөйгүліктің сан тұяғын.

Ағаның сексен бірден жасы асты,  
Әлі де басып өтер кейбір жасты.  
Еңбектің дөңгелетіп шарайнасын,  
Жаңғыртты Катон жақта тау мен тасты.



---

Алтайдың ақиығы Бошай-аға,  
Ақжарқын, кішіпейіл, жетпес баға.  
Үлкенді де кішіні жақын тартып,  
Жасайды дәнекерлік бұл араға.

## ЖАҚСЫЛЫҚ ПЕН ЖАМАНДЫҚ

Жақсылық пен жамандық  
Егіз дейді әу бастан.  
Күн менен түн секілді  
Бірін-бірі аңдысқан.

Жасаған адам жамандық  
Тартар-ау бір күн сазайын.  
Бүгін жеңсе, ертең ол,  
Болар-ау сенің малайың.

Бұрқыраған, бусанған  
Көрдім ғой сұмның талайын.  
Соларменен таласып,  
Керегі не, ағайын.

Біраз жатып бұл жерде  
Көз шырымын алайын.  
Осыдан соң ширығып,  
Шырқап әнге салайын.

*1999 жыл.*

## ТОЙДАН КЕЙІН

Шағын ғана саман үйде  
Бір төсек пен стол ғана.  
Ортасында шаттық күйде  
Мен отырмын кіріп жаңа.

Бақытымды қолыма алып,  
Қарай берем, көзім тоймас.  
Беріскен серт орындалып,  
Енді біздер бір боламыз.

Есінде ме өмір бойы,  
Бір боламыз деген сөздер.  
Сол бас серттің алғаш тойы,  
Қамарым-ау, осы емес пе!

*Желтоқсан 1955 жыл.*

## СӘУЛЕТАЙЫМ

Келші көне, айналайын,  
Бал дененді аймалайын.  
Тойдан кейін еркін тиіп,  
Құшағыма кетші кіріп.

Осы емес пе алаулаған,  
Туған жалын махаббаттан.  
Келші, жаным, айналайын,  
Ақ тамақтан аймалайын.

Бірге жатып, бірге тұрып,  
Бір жүрейік сайран құрып.  
Кел қолтыққа, айналайын,  
Тал мүсінді аймалайын.

Ақ білегің мойнымға артып,  
Келші көне, езу тартып.  
Еркелеші, сәулетайым,  
Айналайын, аймалайын.

*28 желтоқсан 1995 жыл.*

## ЕМДЕЛШІ, СЕН, ЖАРҚЫНЫМ

Жалғыз жатып қорықтың ба, қалқам-ай,  
Деп ойладым таңға жақын ұйықтамай.  
Денсаулығың болмай жүр-ау, Қаманжан,  
Өзімізді ойламаймыз. Бұл қалай?

Қол ұстасып ұзақ жолда біз шыққан  
Шыңдар астық, кештік сайды су басқан.  
Кездік жазық даланы да, орманды,  
Ұшақ міндік— көрді бізді көк аспан.

Күш беретін бұл ғұмырға сарқылмас  
Махаббат қой— от жалынды асыл тас.  
Үрім-бұтақ өссе еркін жарқылдап,  
Бақытты ғой қол ұстасқан екі жас.

Бақыттымын деп ойлаймын өзімді,  
Сені көрем жұмып жатсам көзімді.  
Шыдай білдің, мені-дағы еліттің,  
Неткен әсем жан едің сен төзімді.

Ұл ұяда, қыз қияда — бақыт бұл!  
Немерелер еркін өссін боп дүлдүл.  
Әттең дейтін бір-ақ арман көңілде  
Қалмас па екен тегімізден “сасық” ұл.

Мен шығайын, сен емделші, жарқыным,  
 Ісіп тұр ғой көзің менен алқымың.  
 Сен сау болсаң мен де жарқын жүремін,  
 Уәде етем — осы ойға бағындым

*10 қаңтар 2000 жыл.*

## ІНІМЕ

Бұл күн өтер, артта қалар сағым да,  
Зомбылыққа қор болып сен бағынба.  
Бойды түзе, ойды түзе асықпай,  
Қарсы алдыға тура қарап адымда.

Не боларын білмей жүрсең алдында,  
Осы тұста сен аянып қалдың ба.  
Сүйсінбесең, еміреніп ішпесең  
Дәмі ащы боп көрінеді балдың да.

Тектен-текке қара күшке салынба,  
Артық жүріп, қара терге малынба.  
Таза жүр де, алды-артыңды абайлап,  
От боп лаула, ешбір жанға жалынба.

## АЛДЫҢЫЗДА БАС ИЕМ

*Тоқсан екі жастағы атамыз  
Ғаннар Рахымжанұлына*

Қызық та қилы жалғанның  
Белінен басқан қариям!  
“Ассалаумағалейкум” деп,  
Алдыңызда бас ием.

Өмірдің мұзды айдынын  
Кешіп бір өткен, батпаған.  
Жүз жасқа басқан аяқты,  
Аман-саумысың, Атажан?

Қызғыштай баптап өсірген  
Алдыңа келді ұл-қызың,  
Татайық деп келдік біз  
Үлкен үйдің дәм-тұзын.

Табалдырығыңды аттаған  
Алғашқы балаң мен едім.  
Қамармен бірге келгенде  
“Бақытты бол!” — деп едің.



---

Бізден кейін Жаңылың  
Ертгі “сылқым” Болатты.  
Олар да толқып, шалқып бір  
Кейінгі жасқа жол ашты.

Ортаншы ұлың — Әбенің  
Жаулық салып басына.  
Инабатты, сымбатты  
Әмірекулді ертгі қасына.

Қолтықтасып Әленмен  
Раушаның гүл-гүл жайнайды.  
Ауылы Оспанәлінің  
Үлкен келін атайды.

Кіші қызың Көкегің  
Шаңырақ құрып Бекеңмен,  
Олар да бүгін жаның да,  
Орындар бәрін не десең.

Қазақи менің халқыма  
Құданың орны бөлек қой!  
Ауылында деймін олардың  
Әр уақытта болсын той!

Байекең-Шәкең бір үйің,  
Бастап та келді біздерді.  
Өнеге болмақ жастарға  
Осы бір қылған істері.

Мараттың ошақ иесі,  
Рыскүлдің орны басқа бір.

Қайратың қайтқан шағында  
Аялап отыр — біз кепіл.

Қамарың, Кенжең, Бөкелек  
Келіп те қайтқан жақында.  
Келе алмады Нүкежан,  
Жұмыстан қолы босай ма?

Алғашқы көрген немерең —  
Үйдегі біздің Серіктің  
Өзіңе арнап жолдаған  
Ерекше айтам сәлемін.

Жұғаның мәңгі есінде  
Кәмелет жасқа келгенін.  
Байталды сойып жолына,  
Сүйінші ақша бергенің.

Оралып келер әркімге  
Жақсылық пен жамандық.  
Қолдан келсе тек қана  
Жасайық әр кез жақсылық.

Есіңе алдың әкемді,  
Күнімді оқу бітірген...  
Ақыл мен ойың әлі тың,  
Жарамас сізге бүгілген.

Дастархан басы өзіңсің  
Ақжарқын көңіл-күйің бар.  
Әкелген балаң шапанды  
Иыққа жаппа — киіп ал.

---

Денсаулық болса, бас аман,  
Уақыт озар көрінбей.  
Немере мен шөберең  
Өсіп те келеді өрімдей.

Алып та келдік сәлемін  
Өзіңе олар жолдаған.  
Ұрпаққа осы арттағы  
Батаңды берші қолдаған.

*Қарқаралы,  
10 мамыр 1996 жыл.*

## ЕСІМДЕ ОРЫНДЫҚ...

Ең алғаш рет сені сүйген толғанып,  
Осы жылдың аязды бір кешінде.  
Орындықта мынау тұрған шат болып  
Отырғаным әлі есімде, есімде.

Есімде әр кез сол бір бақыт минуты,  
Күллі әлем қолын соғып құттықтап,  
Жас адамның жаны сезген бақыты  
Шыға ма естен,  
Шықпас естен еш уақ.

*Алматы, 1955 жыл.*

## ТУҒАН КҮНДЕ

Бүгінгі күні  
Өмірге мен келіппін.  
Жүректің үнін  
Жиырма жыл есіттім.

Жаңа жылдың бірі —  
Жаңа бақыт күні.

Ұсынған қолың —  
Құттықтаудың лебі еді.  
Жүрегің сенің  
Бақытыма сеп еді.

Туған күнім менің  
Ойыңда екен сенің.

Бүгінгі күні  
Құшағыма сені алып,  
Бақыттың үні  
Жүрегімде шарықтап,  
Жүрсем бірге жұртпен  
Бақыттымын дер ем.

*1955 жыл.*

## АЛТЫНАЙЫМ, АЙЖАНЫМ

Алтынайым, Айжаным,  
Алғаш көрген ұрпағым.  
Сендерді қолға алғанда,  
Аталық сезім байқадым.

Айжан менен Алтынай,  
Екеуің егіз қозыдай,  
Жамырап ойнап жүргенде,  
Қуанамын баладай.

Өсіңдер есен-сау болып,  
Кеудеге алтын нұр толып.  
Алға қойған мақсаттар  
Орындалсын бақ қонып.

Аман-сау боп өсіңдер,  
Үлкенге тәжім етіндер,  
Ғылымның түсіп соңына,  
Шыңына оның жетіндер.

*1984 жыл.*

## ҚАМҚОРШЫ

Жылдар зулап озғанда,  
Алпысқа жасым толғанда.  
Тума-туыс, дос-жаран,  
Жиналып думан болғанда.

Естідім жылы сөздерді,  
Оны талай көз көрді,  
Ән мен күйлер шырқалды,  
Шығарған толқып өздері.

Бал тілімен ұйытқан,  
Сөзіне бөбек қызыққам.  
Құттықтап мені ұрпағым,  
Көңілді тербеп жылытқан.

Жанар мен Зәуре, Арманым,  
Тәттісі сендер жалғанның.  
Ұмытылмас ешқашан,  
Қамқоршым деп айтқаның.

Жанарым менің сезімтал,  
Мінезінде төзім бар.  
Бабалардан жұғысқан,  
Сыйлаған тәңір білім бар.

Зәуреш біздің ақ көңіл,  
Көмекке әркез түр әзір.  
Жымиып әсем күлгенде,  
Үлпілдеген нәзік гүл.

Арманның ылғи көңілі тоқ,  
Бос жүріске зауқы жоқ.  
Күн-түн демей ізденер,  
Табиғат заңын ұқпақ боп.

Жандарым, сендер ержеттің,  
Бақыттымын демекпін.  
Қамқоршының тізгінін  
Өздеріңе бермекпін.

Кәмелет жасқа толдыңдар,  
Қамқоршы бізге болыңдар.  
Бақ қонатын маңдайға  
Әрқайсыңның жолың бар.



## ҚЫЗЫҒА САҒАН ҚАРАЙМЫН

Айналайын, Жәнібек,  
Мінезің сенің бір бөлек.  
Есейіп, өсіп келесің  
Кешегі біздің жас бөбек.

Қызыға саған қараймын,  
Жарқыраған арайсың.  
Күн өткен сайын өзінді,  
Жігітпін деп санайсың.

Үлкендерше ойлайсың,  
Келешекті болжайсың.  
Алдыңа қойған мақсаттың  
Шыңына жетпей қоймайсың.

Әкеден саған жұғысқан,  
Мінезің әркез кең, дархан.  
Қолдағы барды бөлісіп,  
Көңілің шалқып көл болған.

Елжіреп саған қараймын,  
Аспандағы күн, айсың.  
Денің сау боп өсе бер,  
Осылай жүрсең жарайсың!

## БӨБЕГІМ

Ораулы жатқан жөргекте,  
Бөбегім маған қарайды.  
Осындай бала жер-көкте,  
Бар ма екен, сірә, арайлы.

Қызыға саған қараймын,  
Айым мен күнім өзіңсің.  
Бақытты өмір қалаймын,  
Ояттың әке сезімін.

Үндемей тыныш жатасың,  
Кімге тартқан мінезің.  
Атаңның алып батасын,  
Жадында сақтап жүрерсің.

## ЖЕТКІНШЕК

Қолдан ұстап,  
Алға бастап,  
    Ертіп келіп мектепке,  
Оқышы деп,  
Болар бір сеп —  
Ақыл айтып кетпекке.

Жанына ертіп келді Ол,  
Көрсетпекші оң мен сол.

Содан бері көп жыл өтті  
    Білім алып, ержеттік.  
Оқыдық біз,  
Қалдырып із,  
    Мектеп бітіріп, той еттік.

Еккен егін орылды,  
Уақыт жетіп орынды.

*1952 жыл.*

## МЕКТЕБІМ

Сәби едім,  
Ел білетін  
Меңдік ойдың тарлығын.  
Жас едім мен  
Кем білетін.  
Бар еді бойда шақты ұғым —  
Үй іші мен айналам —  
Өмір деп қана ойлағам.

Сол ойымды,  
Сән бойымды  
Өсірген алға жетектеп,  
Алтын ұям,  
Биік қиям,  
Маяк болған сен мектеп.  
Көтеріп мені төбеңе,  
Көрсеттің маған елімді.

*15 наурыз 1952 жыл.*

## ОН ТОҒЫЗ ЖАС

Құттықтасын сүйгеннің туған күнін  
Жүректен жарып шыққан жырым менің.  
Ағылып, ақтарылып ойдан шығып,  
Шалықтап, шабыттанар күнің бүгін.

Жүректен ақтарылған осы жырым,  
Туған күнге арналған менің сыйым.  
Құттықтаймын !

Қол қысам,  
ұсынамын,  
Осы жырмен  
Бір саған  
Жүрек күйін.

Он тоғызға бүгін толдың,  
тойлашы.

Қатар келем,  
гүлдей жайна,  
ойнашы.

Бақытты бол,  
мен де шатпын, қуанам.  
Шаттығыңа мен де ортақпын,  
ойлашы...

*Алматы,  
18 ақпан 1955 жыл.*

## ТЕРЕЗЕ

(А. С. Пушкиннен)

Қараңғы түнде, жақында,  
Тұманданып, ай сарғыш.  
Жүзгенде көкте.

Алдында  
Терезенің көрдім қыз.  
Жалғыз отыр ойланып,  
Дем алысы қиындап,

Жотаға қарап толғанып,  
Қара жолға көз қадап.

“Мен мұнда” — деп асығыс  
Дірілдеген қолымен  
Терезе ашты қорқа қыз.  
Күңгірт тартты ай сәулең.

Бақытты — ол.  
Мұңайдым...  
Күтіп тұр сені терезе.  
Қай терезе қай кеште  
Осылай маған ашылар.

## БӨКЕН МЕН ЛӘЗЗАТҚА

Жас өмір, жарқырай түс, жайна, жайна,  
Жас жігер, жас жүректе сен де қайна.  
Көңіл-күй жаңа ашылған гүлге ұқсаса,  
Өмірді көрсететін ол шарайна.

Қарасам қадап оған көзім талмас,  
Жастық шақ еш уақытта қайталанбас.  
Бойға — қуат, жүрекке өн беретін,  
Қызығына өмірдің адам тоймас.

Күлімдеп екі бауыр қатар тұрсын,  
Қызығып, қарамаған көз құрысын.  
Тату-тәтті өмірді қызықтамай,  
Далаға босқа ұшқан сөз құрысын.

Бір жылда талай тәтті минут өтті,  
Махаббат жүректерде пісіп-жетті.  
Жас жандар бір-біріне серіктікке  
Адал, жарқын сезіммен серт беріпті.

Қуанам достығыңа, бауырларым,  
Көрдім де мен сендерді жадырадым.  
Серт беріскен сол күнге жыл толды деп,  
Құттықтап шын жүректен сөз арнадым.

*Алматы, 1953 жыл.*

## ҚАШАН...

Тіліңнің балдан тәтті шырын дәмі,  
Жүректің лүпіл қаққан әсем әні.  
Көңілде мәңгілік боп қалып қойды  
Қысылып дем алғаның әлсін-әлі.

Мен сені енді, қалқам, қашан көрем,  
Лүпілін жүрегіңнің қашан сезем?  
Оралып мойыныма ақ білегің,  
Тұрғаның күлім қағып қандай әсем.

Білдірсең тазалықты маған деген,  
Ай мен күн аспандағы алып берем.  
Қан жүгіріп, лапылдап от боп жанған  
Денеңді тал шыбықтай жақын көрсем.



## ӘБЕКЕМ БҮГІН ЖЕТПІСТЕ

*Профессор, журналист-жазушы  
Әбілфайыз Ыдырысовқа*

Әбекем бүгін жетпісте!  
Жеңісі мол күресте.  
Инемен құдық қазылды,  
Нешеде тарих жазылды.

Жетпіс деген биік тау,  
Сай-саласы бақша-бау.  
Құтты болсын мерейтой,  
Айтылды ғой әр түрлі ой.

Мадақтаймыз сізді біз,  
Қалдырыпсыз тарихта із.  
Бұл бір ұлы белес қой,  
Жабағыны әкел, сой!

Торқалы той басталды,  
Қағысайық бокалды.  
Шампанды аш, аспанға ат,  
Үй-ішінде салтанат.  
Тілейміз сізге денсаулық,  
Адамзатқа тән байлық.

Жасаған берсін күш-қайрат  
Қаламың жүрсін — жаз, жайнат!  
Зәкенді сәнмен қолтықтап,  
Жүз жасқа баршы жақындап.

## АСЫЛ ТАС

*Қайдар Юсупалиевке*

Қайдар аға толады ертең жетпіске,  
Шақырса егер, тойына сен кешікпе.  
Елу жылдай еңбек етіп халқына,  
Енді міне, көшіпті ата кәсіпке.

Жас күніңнен алғыр болдың — асыл тас,  
Неше дүркін қиын жолдан өттің — рас.  
Роза ханым қолтығыңнан демеп бір,  
Қызыққа да тойдың әр кез болмай мас.

Мойымайтын түнек түнде қайсар ең,  
Мұқалмайтын тасқа шапса, шымыр ең.  
Өз айтқанын болдыратын тырысып,  
Алған беттен бұрылмайтын “қыңыр” ең.

Бала мінез кей уақытта тарқылдақ,  
Ағушы едің тау суындай сарқырап.  
Ұнатпаған адамыңа қол сілтеп,  
Бұрылып қап күлуші едің қарқылдап.

“Қожанасыр” қойған аты достардың,  
Мен де оны қызық үшін қостадым.  
Рас-ау, Кәке, орындаушы ек мәз болып,  
Бір белесін күлкі деген жоспардың.

Сол мінезің қайда кеткен, Көкем-ау?  
Шықтың ғой сен шың басына — биік тау.  
Жетпіс жасың құтты болсын, қартайма,  
Жүре берші әлі-дағы есен-сау.

## ҚОС ҒАШЫҚ

*Бөлеме*

Ей, жарандар, тума-туыс, жақын-жекжат — бәріміз,  
Алда тұрған шараптарды қолыңызға алыңыз.  
Мен бір сауал айтайыншы, құлақ түріп тындасаң,  
Бұл бір тарих басталған күн — қызды жігіт ұрлаудан.

Содан бері елу жылды бірге өткізген қос ғашық,  
Жайлаубай мен Қайша жеңгей, сапқа тұр да, алға шық,  
Жарты ғасыр көпірінен аттап өтіп мүдірмей,  
Екеуі тұр алдымызда бізге қарап күлімдей.

Ұл — ұяда, қыз — қияда, бақытты ғой екеуі,  
Қалай айтса, сыйып жатыр осы жұрттың теңеуі.  
Дендерің сау, көңіл-күйің көтерілсін аспанға,  
Әлі-дағы көп жасандар үлгі болып жастарға.

*Семей,  
5 желтоқсан 1998 жыл.*

## ҚАЙДА АСЫҒЫП БАРАСЫҢ...

Адам жаны сірі емес үзілмейтін,  
Тас емес ол қажалып мүжілмейтін.  
Артық айтқан бір сөзің жанға батып,  
Қате боп ол жүрмесін түзелмейтін.

Титықтама, тыныштал, от жанды ер,  
Қайда асығып барасың шығарып тер.  
Айналанды жапырып жүргенінде,  
Алып кетер бір күні қу қара жер.

Ей, азамат, ойланшы, бері қара,  
Жан-жағыңа салма сен ауыр жара.  
Өмір — сүзгі, жүрсең сен быламық боп,  
Өтпей қалма сүзгіден жүріп дара.

*7 қаңтар 2000 жыл.*

## БАЙЛЫҚТЫҢ КӨЗІН АШАСЫҢ

*Ғалым Бақытжан Рахметұлына*

Киелі жерім, қойнауы байлық-қазына,  
Тастары күміс, алтынға толы сазы да.  
Аралас жатыр, іздеп те оны тауып ал,  
Мысы мен мырыш, мұнайы мен газы да.

“Тамырын бас та, тауып ал”, — дейді жер бізге,  
“Жалықпа” — дейді, — сарылып жүріп кен ізде.  
Халқыңа адал байлықтың көзін ашасың,  
Бабалар мұнда келмеген тегін бір кезде.

Осы бір ойды жүрекке түйіп алып сен,  
Геолог болдың, ағанның жүрдің ізімен.  
Спас пенен Саяқ, Бұлақтау деген кен-шардың,  
Мөлшерлеп мысын, асылын таптың ісіңмен.

Қызық қой өмір! Болады кейде кем-кетік,  
Тайғанда табан тарықпадың сен селт етіп.  
Алға да бастың аяқты нықтап, сүрінбей,  
Қазақтың байтақ жерінде өстің ер жетіп.

Бүгінде, міне, аттадың алпыс асуын!  
Шыңына шықтың ғылымның тауып жасуын.  
Жиналған туыс бағалар “беске” деймін мен,  
Ізденіс толы жылдардың шашып шашуын.

*28 қаңтар 2000 жыл.*



## ЕЛУ — ЕРДІҢ ЖАСЫ

Нүкежанның тойлауға күнін туған  
Жиналыпты дос-жаран әр тараптан.  
Қуанышпен біз келдік жеткізуге  
Туыстардың сәлемін астанадан.

Өмір деген — толқында жүзген қайық,  
Жылдар зулап бара ма ебін тауып...  
Біз көшкенде жігіт ең сылаң қаққан,  
Ел ағасы болдың ғой елу ауып.

Келген де бар бұл жасқа, келмеген де...  
Айтайықшы тәубе деп әрбір күнге.  
Түн ұйқысын төрт бөлген аналардай  
Комбинатта жүрдің ғой талай түнде.

Сол еңбегің ақталып, міне, бүгін,  
Арқаладың алыптың ауыр жүгін.  
Сүрінбей өт бұл сыннан, тілегіміз —  
Шарықтасын аспанда көңіл шіркін!

Алып кеме-комбинат мұхит кезген,  
Жүйелер бар жүздеген — сырлы безбен.  
Сан мыңдаған тамырын осы ұжымның  
Ұстап отыр Нүкежан, бағып көзбен.

Ой-өрісті шындайтын нарық дерсін,  
Ата-баба дәстүрі қуат берсін.  
Комбинаттың байлығын қорландырып,  
Шаттанғанын халқымның көзім көрсін.

*Өскемен,  
2 қаңтар 1997 жыл.*

## КӨЛЕҢКЕ ТҮССЕ КӨҢЛІГЕ

Көлеңке түссе көңілге,  
Жалтақтап адам қалады.  
Жалғанда, мынау өмірде,  
Әртүрлі жағдай болады.

Күңіреніп жүрек сөгіліп,  
Үріккен аттай шақтар бар.  
Сол кезде ойың бөлініп,  
Көз ілмей таңды аттырар.

Тізгіндеп оны тоқтатар,  
Ақыл менен парасат.  
Езіліп кетпей, сақтап ар,  
Жинашы, қалқам, күш-қайрат.

*2003 жыл.*

## ЖАС КЕЛГЕН СОҢ АБАЙЛА

Бүгін сен неге күлмейсің,  
Құшақтап мені сүймейсің.  
Еліттім сені көрген соң,  
Жүрекке оны түйгейсің.

Көңілдің күйі кейбір шақ,  
Тұрғанда сән боп жалтырап.  
Толқып та қалшы, бойжеткен,  
Тұрмашы жүдеп, қалтырап.

Жас кезде қарап тұрмаушы ек,  
Мойынды текке бұрмаушы ек.  
Көзге түскен сұлуды,  
Өзге жанға қимаушы ек.

Ол кездер өтті, мұнайма,  
Әдетті тастау оңай ма.  
Әйткенменен, батыр-ау,  
Жас келген соң абайла.

*1996 жыл.*

## АЛПЫС ЖАС — АЙНА

*Махметке сәлем*

Алпысқа толдың бүгін, міне, Махмет,  
Тілекті адал жолдаған біздің қабыл ет.  
Тойыңа тойың ұласа берсін әрқашан,  
Достарды шақыр, туысқа да дабыл ет.

Әр кезгі жасың өзіңнің байлық-бақытың,  
Алпыс жас — айна, жарқыраған жақұтың.  
Ақ сүтін емген ананың келіп алдына  
Тізерлеп тұрып тәу ететін уақытың.

Түстің ғой, Мақа, түріне неше сайыстың,  
Тұлпарың алған бәйгесін небір жарыстың.  
Алдыңа қойған мақсатың ылғи жөн болып,  
Ашылған еді бұлақтай көзі табыстың.

Еңбектің ешбір түрінен безіп қашпадың,  
Ұжымды әркез парасатпен басқардың,  
Жүрдің ғой таза, қызықпай байлық, мақтанға,  
Нәпсіге еріп, арыңды аттап баспадың.

Еңбегің жанса отбасың оған нәр берген,  
Шаңырақ құрдың, жаныңда болды Күлекен.  
Қуаньш, Рая, Нұрлыбек пен Манарбек —  
Жайқалған бұтақ, аспанға тартқан сен — емен.

Ұрпағың өсті, немерең балғын Нұрәділ,  
Батыр боп өссін, азамат болсын ақ көңіл.  
Алдында жүрген көкелері үй болып,  
Бөбектермен жайнай түссін бұл өңір.

*Қарағанды,  
1 мамыр 1996 жыл.*

## ЧЕХ ЖЕРІ

Болмап едім чех туыстың елінде,  
Тұрмын, міне, таңғажайып жерінде.  
Орман, тоғай, мөлдір бұлақ айналам,  
Жайғасыпты Европаның төрінде.

Мынау неткен көрікті жер қарасам,  
Ой мен қыры гүл-бәйшешек жарасқан.  
Алып жатыр тау мен жазық даланы,  
Сан түрлі ағаш аспанменен таласқан.

Қандай әсем осы жердің жайлауы,  
Жасыл құрақ қыраттардың қойнауы.  
Сай-саладан балқып шыққан бұлақтың,  
Алғандай ғой көздің жауын ойнауы.

Кейде шапшып, аспанға атып бұрқанып,  
Кейде шалқып жас бишідей ырғалып.  
Шығып жатыр жер астынан шипа су,  
Қасиетін жыр етеді бұл халық.

Қалалары мұражайға айналған,  
Қола мүсін әр алаңға жайғасқан.  
Желбірейді самал желмен тербеліп,  
Байрақтары әр күмбезге байланған.

Чех жерінің суын ішіп тазардық,  
Ауасын да жұта-жұта жасардық.  
Әр туысқа іздеп жүріп жалықпай,  
Естелік деп таңдап алдық базарлық.

*Қыркүйек 1999 жыл.*



## АЛҒАШҚЫ МАХАББАТ

*Кешірімхан Бозтаевқа*

Ойлап оны сен жүрсің ұйқы көрмей,  
Дірілдейді жүрегің маза бермей.  
Түсінемін, ғашықсың жан-тәніңмен,  
Қала берді сан сұлу көзге ілінбей.

Сүйесің оның балғын мүсіндерін,  
Талай көрдім толғанып, күрсінгенің...  
Нәзік пе жүрегі оның, әлде тас па?  
Күлген көздің байқағам ісінгенін.

Ойында ол дәл қазір, білемін мен,  
Әлде түр көз алдында — елестеген.  
Ұйықтап жатып түсінде естисің бе  
Күлкісін сықылық атып еліктірген.

Әлде қазір қаламың қолыңда тұр,  
Толқынын жас жүректің қағазға бүр.  
Әлде сенің қиялың Ақшатауда,  
Ғашығыңды құшақтап сайрандап жүр.

Ал бұл мұнда, сені ол ойлай ма екен?  
Нәзік сырын ұрланып жолдай ма екен?  
Көзіне көзің түссе, бойы балқып,  
Жүрегінің дірілін қолдай ма екен?..

Түнде жатып төсекте ойға батып,  
Дәмеленсе кей ойдан күйіп-жанып.  
Жүр ме екен қыз жүрегі шығара алмай  
Кеудесінде махаббат оты жанып.

*Алматы, 1953 жыл.*

## КІШПЕЙІЛ ЕР ТҰЛҒА

Мінезі екі жастың болса дұрыс,  
Тату тұрса үйіне келер ырыс.  
Лауласа ошақта от қазан қайнап,  
Дастарханы мол болып, жайнар тұрмыс.

Айгүлімнің сыңары Бақытжаным,  
Көргенде алғашқы рет сәл толғандым.  
Keң пейілді, ақжарқын жан болар деп,  
Oйланып мен ішімнен пайымдадым.

Oсы ойым расында да тура болды,  
Айгүлім таңдапты ғой дұрыс жолды.  
Кішіпейіл, ер тұлға жігіт екен,  
Іс-қимылын көргенде көңіл толды.

Дастарханы бұл үйдің жиналмайды,  
Жақындары біледі осы жайды...  
Ғани, Саят, Қуандық, Мақсат, Асхат,  
Алып берер қаласаң аспанды, айды.

Ұжымы Бақытжанның өзіне сай  
Әр жұмыс басталмайды сұрыпталмай.  
У-шу жоқ, қызғаныш жоқ, ұрыс та жоқ,  
Ешбір іс қалған емес аяқталмай.

“Нет проблем“, Бақыт-ау, девизиң бе?  
Таппадым ешбір қаяу мінезінде.  
Үлкенді аға, кішіні іні санап,  
Өрісінді кеңейтіп жүресің де.

Бұл үйдің шаңырағында той мен думан,  
Ержетіп өсіп келеді Ербол, Арман.  
Сауығып жүргенін Ерболымның,  
Көре алсақ, біздерде болмас арман.

## КӨҢІЛ

От боп жанып барамын, от боп жанып,  
Келісімді бердің бе мені танып.  
Сенерімді білмеймін, сенбесімді,  
Шырақтайсың мен үшін берген жарық.

Осыншама әкеттің неге арбап,  
Қуандырып жүрсің сен ылғи қолдап.  
Мен де қолдап көрейін аянбастан,  
Бірімізге біріміз сыйлы болсақ.

Қартаймауға көмектес маған, күнім,  
Іздемеші еш уақ болса мінім.  
Жақсы көріп қалғаның шын болса егер,  
Кездескен шақ нәр берсін балдай тілің.

Кешір, сәулем, ренжіме, мың толғандым,  
Ұйқым келмей, рас, бұл түн мазанды алдым.  
Жапырақтай дауылдан діріл қаққан  
Дүрсіліне жүректің мен таң қалдым.

Түскеннен соң ойыма жастық шағым,  
Төсегімде дөңбекшіп мың толғандым...  
Атып тұрып болғанда түн ортасы,  
Сағыныштан өзіңе жыр арнадым.

## БАЛДЫЗЫМА

*Әбен Ғаппарұлына*

Апаңменен танысканда сен бір жүрген бала едің,  
Байқауымша сол кездерде басқалардан дара едің.  
Содан бері өмір жүгін арқаладың, тербедің,  
Мінезіңнен еш уақытта бір кемшілік көрмедім.

Жастайыңнан араластың еңбегіне халқыңның,  
Мирас етіп ата жолын жақсылыққа талпындың.  
Еліңнің де, жеріңнің де жүдеу халін ойлаумен,  
Сан таңды сен ағарттың ғой келешекті болжаумен.

Ізің жатыр әр салада даңғыл жолға тірелген,  
Оңайлықпен түспегенін көзім көрді, білем мен.  
Сонда-дағы мойымадың, алға ұмтылдың, талпындың,  
Тәубә дейік, бақыттысың бүгінгі күн, жарқыным.

Ұл ұяда, қыз қияда, әрқайсысы бір керім,  
Ата дейді, шүлдірлейді Қадиша мен Әйгерім.  
Тума-туыс, достарың көп, келіпті олар құттықтай,  
Ақ дастархан жайып қойды Әмрегүлің қысылмай.

Бұл жиында не айтамыз, Әбушахман, біз саған,  
Мерейтойың құтты болсын, орындалсын бар арман.  
Денің сау боп, бейнет көрмей, қосағыңмен қоса ағар,  
Тойың тойға ұлассын деп тілек айтам, қабыл ал.

---

Жақсылық та, жамандық та қайтып келер адамға,  
Сондықтан да еш уақытта жақсы істен аянба.  
Осы жұрттың әрқайсысы ақ тілекпен келді ғой,  
Қабыл болсын айтқандары, есте қалсын осы той.

*Алматы,  
18 қазан 1996 жыл.*

## ДОС КӨҢЛІ

Көктем өтті, жаз да бітті, күз келер,  
Ызғары бар тоңдыратын күн жетер.  
Қалтыратпай жылытатын сол кезде,  
Ой тұнығын сыйлап саған дос берер.

Дос сөзіне құлақ салып қараңдар,  
Қанша қалды дос болатын адамдар.  
Жас келгенде артық айтпай, ренжітпей,  
Әрбір сөзін ақ тілек деп санаңдар.

Ақ тілек деп әрбір сөзін санаңдар,  
Бір-бірінді қолтықтауға жарандар.  
Еске алып, өткен күнді жайраңдап,  
Үйлеріңе әнге басып тараңдар.

Достарым-ау, достарым,  
Жан сөзімді қостарсың,  
Артық болса осыным,  
Сұраймын мен кешірім.

*2003 жыл.*



## ТОРҚАЛЫ ТОЙҒА

*Әдебиетші, ғалым Сұлтан Шәріпұлына*

Құрметті туыс, өрісі биік ағайын,  
Ұлағат сөздің бастадың, айттың талайын.  
Халқымның асыл жақсысы мен жайсаңы  
Бас қосқан мынау жиыннан алыс қалмайын.

Қымбатты Сұлтан— ардақты менің бауырым!  
Арнаймыз біздер өзіңе ойдың тәуірін.  
Тер төккен адал еңбегің бүгін әйгілі  
Еліме менің бастаған жаңа дәуірін.

Жалғанда мынау тулаған теңіз аумақты,  
Ақтадың қойған есімін Ата ардақты.  
Торқалы тойға тұлпардай шауып жеттің сен,  
Тарихтың жүгін арқалап небір салмақты.

Сараптап айтты алдыңғы аға, інілер,  
Бақшаңның піскен жемісін көзге ілінер.  
Толқып та кеттік жүрекке сыймай қуаныш,  
Еңбегің жансын, Тәңірім сыйлап күш-жігер.

Арнайы келдім жеңгенді ертіп асып бел,  
Мерейлі тойың қалсыншы есте — білсін ел.  
Денің сау болып, Зәурешпен бірге көп жаса,  
Құшақтайын, төс қағысып бері кел!

*Алматы-Астана,  
2 маусым 2001 жыл.*

## ХАТ

Назды, нәзік, қалқатайым,  
Сәлемім бұл жолдаған.  
Жүректегі ең ардақтым,  
Ең ардақтым аңсаған.

Хатымды ал, хабарын біл,  
Толқын атқан жүректің.  
Толқын атқан жүректе бұл,  
Оюлы жас келбетің.

Күндіз естен, түнде түстен  
Шықпай жүрсің ой ұрлап,  
Сен жарымсың тәңір қосқан,  
Сен жарымсың, жай құшақ.

Хатыңды алсам — көп қуаныш,  
Жас жүрегім аялар.  
Суретінде көп жұбаныш,  
Қолға алсам байқалар...

## ДАРА БІР ТУҒАН ЖАН ЕДІҢ

*Ғалым Нұрман Мұталхановқа*

Жайдары, жарқын мінезді  
Жетпіске толды Нүрекем!  
Жиыпты жолдас-жорасын  
Жақсылық оған тілеген.

Осындай бір ортада  
Оларды көріп қуанам,  
Ордасында ағаның  
Ошағына жылынам.

Лүпілдеп соққан жүректер,  
Лапылдап жанған жастық шақ.  
Легіне еріп жастардың  
Лақтырдық көкке ақ қалпақ.

Дара бір туған жан едің,  
Достасып кеттік сондықтан.  
Дауылды өмір жолында  
Демеп бір жүрдік қолтықтан.

Ақжарқын алтын мінезің  
Алқа ғып бойға тағынам.  
Алыста жүрген ағаның  
Асқақ бір әнін сағынам.

Сайыстың неше түріне  
Саспай-ақ түстің еркінмен.  
Сойылың — тілің, найзаң — көз,  
Соғысқанды жеңдің сен.

Басыңа дәулет, сән қосқан,  
Білікті жеңгем Тұрсынай.  
Бақытыңды арттырып,  
Балаларды шұбыртты-ай.

Еркелеумен ұл-қызың  
Еркін боп өсті, тойладың.  
Еңсеңді биік көтеріп,  
Еліңнің қамын ойладың.

Күлімдеп бүгін қараймын  
Көрікті әсем жүзіңе.  
Көп жаса, аға, жасай бер,  
Көкке өрле, жетші жүзіңе.

*Алматы-Шымкент,  
12 желтоқсан 1995 жыл.*

## БАЛДЫРҒАН БАЛА ЕДІК...

*Техника ғылымдарының докторы,  
ҚР ҒА корреспондент-мүшесі  
Жантөре Әбішевке*

Аттаған табалдырығын КазГМИ-дің  
Балдырған бала едік қуған білім.  
Ардақты Алатаудың бауырында  
Тердік қой бірге өсіп, ғылым гүлін.

Оқуды бітірген соң тараған ек,  
Жазғанын маңдайына әркім елеп.  
Өмірдің қилы-қилы соқпағымен  
Жүрдік қой ата-баба рухы жебеп.

Біреуіміз асқар таудың қыр басында,  
Біреуіміз сар даланың ой-тасында.  
Әйтеуір, біздің топтан қалған жан жоқ,  
Жиналдық бүгін, міне, өз қасыңда.

Біздерде шаш ағарды, өзгерді жүз,  
Қызығын бұл жалғанның көріп жүрміз.  
Үй болдық, әке болдық, ата болдық,  
Соларға әл-қуатты беріп жүрміз.

Кішісі біздің топтың Кенже бала,  
Мінекей, сен де келдің 60 жасқа.

---

Құшақтап, қатты қысып кеудемізге  
Көруге сені келдік өңкей қасқа.

Жантөре, бізге қара, мойныңды бұр,  
Аға мен жеңгелерің алдында тұр.  
Мерейтой құтты болсын, тойға ұлассын,  
Тілейміз бақытты да ұзақ ғұмыр!

*18 наурыз 1996 жыл.*

## ШЫҚПАДЫ ӨЛЕҢ..

Шықпады бүгін өлең сен туралы,  
Не шара болмаса егер сөз құрамы.  
Бас-көз жоқ алып келсем үйіп-төгіп,  
Ондай сөз салмағы жоқ не тұрады.

Сондықтан, қалам, сені тоқтатайын,  
Өзіме-өзім кейіп боқтамайын.  
Ойымды жеткізбесем нысанаға,  
Садақты құр бекерге оқтамайын.



## ҚАБДОШТЫ АҚМОЛАҒА ШЫҒАРЫП САЛУ

Қабдош біздің маң-маң басып келеді,  
Не сыры бар, не сыр айтты, не деді?  
Әлсін-әлсін көтеріп қап аяқты,  
Қолды сермеп, жымың қағып “бөседі”.

“Олай емес, былай, — дейді, — кетші әрі”,  
Мәтел болған бұл Қабаңның — сөз нәрі,  
Сөкпейікші, жаны таза дос қой ол,  
Шын жүректен айтылды ғой деп бәрі.

Бүгін, міне, тағы-дағы көрсетті,  
Дастарханын жайып салды, мол етті.  
Ақмолаға кетеміз деп отыр ғой,  
Бұл қадамың болсын деймін, беу, сәтті.

Ұлыңа да, еліңе де жақында,  
Денсаулығың мықты болсын қалпыңда.  
Барған жерде судай сіңіп, тастай бат,  
Түсе көрме ешбір қыңыр талқыға.

Бізді ұмытпа, жарқын көңіл Раяжан,  
Келіп тұрғын сағынғанда алыстан.  
Сендерді іздеп біз де барып тұрайық,  
Жиі шақыр, шығып кетпей қалыптан.

Ең болмаса бір шөлмегің “босанар”,  
Бір асым ет әрбір үйден табылар.  
Жайраң қағып қарсы алсаң болғаны,  
Шәугімің де бүрқ-сарқ етіп тез қайнар.

Мынау бөрік берсін көрік бойыңа,  
Жүзік салшы Рая-жанның қолына.  
Жарты ғасыр достығымның куәсі,  
Болсын деймін, Қаман, арна тойына.

*Алматы,  
29 мамыр 1999 жыл.*

## ШЫҒАРШЫ АЙДЫ АСПАНҒА

*Ғалым Мәриям Әбілқызына*

Сенің бала кезінде  
Көз қадаған жан-жаққа  
Жау бастады соғысты  
Жерімді жаулап алмаққа.

Көтерілді халқымыз,  
Сын сағаты соққанда.  
Сан азамат жаралы  
Болды сол қан майданда.

Ерлік жасап жастарым,  
Күндерде сол бір боранды.  
Сұрапыл оқтың астынан  
Алып шықты оларды.

Біздің жерде көптеген  
Емханалар құрылды.  
Еңбек етіп қыздарым  
Желбіреген бұрымы.

Жазылып жара, жауынгер  
Майданға қайта ұмтылды.  
Осындай ерлік болған соң,

Жауыз фашист құртылды.  
Емшілердің осы ісін  
Тер төгіп сен теріпсің.  
Мағлұм етіп ұрпаққа,  
Кітап жазып беріпсің.

Қанды майдан үстінде  
Шейіт болған жандар бар.  
Бұл дастанның ішінде  
Оларға да орын бар.

Жас күніңнен өжет ең,  
Жол нұсқаған басқаға.  
Алға қойған мақсатың  
Орындалмай қалған ба...

Бір үлкен іс бастадың —  
Алға қойған арман да...  
Із қалдырған дұрыс-ау,  
Мына дүние жалғанда.

Қомданып бір сілкінші,  
Жетпіске аяқ басқанда.  
Ғылымның болып докторы,  
Шығаршы айды аспанға.

*14 маусым 2004 жыл.*

## АУРУХАНАДАҒЫ ОЙЛАР

Жұма күні таңғы төртте ертемен  
Ояндым да, бас көтердім көрпеден.  
Танау біткен, дем алуым қиындап,  
Жатыппын ғой дел-сал болған күйде мен.

\*\*\*

Үш күн қалды туған менің күніме,  
Айт басталды мұсылманның үйінде.  
Бауырсағы, сары майы, ірімшік,  
Дастарханда жайрап жатыр үйіле.  
Құт-береке мейрамы ғой бабамның,  
Көңілін тоқ қып көрсететін адамның.  
Дүние егіз — ақ-қарадан жаралса,  
Кешірер тәңір күнә басқан қадамын.

\*\*\*

Жымиды да күлімсіреп Гүлнаржан,  
“Туған күннің алдында ғой әр адам,  
Әлсірейтін бір таң қалар құбылыс”  
Бар екенін айтып берді жаңадан.

Құтты болсын алға қойған талабың,  
Рас болғандай осы ойы баламның.  
Қан қысымы көтерілді біразға,  
Дене қызып, күйіп-жанып барамын.

Айтсам саған үрім-бұтақ жайында,  
Шыққаныңды текті жерден пайымда.  
Қаракесек, Шаншар абыз бабалар,  
Бата берсе, осы беттен тайынба.

\*\*\*

Көңіл сұрап келіп жатыр дос-жора,  
Хамит аға — көш бастаушы бір дана.  
Бекенжан мен Қабаш, Памир, Ақан да,  
Күлдіреді анекдотқа жан сала.  
Дарбаз Зүкеш, Әсем, Раушан көрікті,  
Мырза жігіт Мұқтар бастап келіпті.  
Тома қалқам өзі ауырып жүрсе де,  
Көңілімді осы пейіл сейілтті.

## НӘУБЕТ

Доссындар ғой осы отырған халайық,  
Кейбірінді құрбы екен деп санайық.  
Маған іні, саған аға — нәзік жан  
Мұқтар үшін бокалдарды алайық.

Кеше шықтым больницадан кешқұрым,  
Білінді ғой сенің, Мұқтар, жоқтығың.  
Тәртіп те жоқ, көңіл де жоқ, әйтеуір,  
Ауырған соң барып жаттық боп шығын.

Адам жанын нәзік етіп жаратқан  
Ұлы күш бар ой жіберіп байқасаң,  
Емдемесең, дұрыс көңіл бөлмесең,  
Ісік болар шәгір орны әрқашан.

Дәрігерлерді тәжірибелі іздейміз,  
Ақ-қарасын емдерінің білмейміз.  
Ықылассыз қабылдаса кейбірі,  
Гиппократ антын бұзды демейміз.

Ұжымына жалақы деп төлейміз,  
Қымбаттығын тарифының “сезбейміз”,  
“Қол ақың” деп қалтасына сүнгітпей,  
Инабатты жауап одан күтпейміз.

Не боп кетті, не боп кетті бұл заман?!  
Қайда барсаң шыға келед алдыңнан.  
Қу түлкілер, тісі ақсиған қасқырлар,  
Қорықпай-ақ емін-еркін пара алған.

Бұл жалғанның ағымына ермесең,  
Ақ болам деп ешбір пара бермесең,  
Ісің тоқтар, тығырыққа тірелер,  
Не істейсің басқа жолды көрмесең...

Адамдар аз ант бергеннен жасқанар,  
Үнін қосып осы жайға басқалар.  
Жемқор топтар қанат жайды елімде,  
Кім бар екен бұл нәубетті тоқтатар?!



## НАЗ

Біреуге достық жасасам,  
Қастық боп қайтты өзіме.  
Тілекті ұқпай шаңқ етер,  
Еркіндеу айтқан сөзіме.

Дүниеде достық көп көрдім,  
Бәріне сендім бөбекше.  
Жанымнан алып от бердім,  
Болса да ол өлексе.

Тіледім оған жақсылық,  
Өзімде жетпей жатса да.  
Құшақтай бердім қапсырып,  
Итеріп көзбен атса да.

Ұғынар дедім достықты,  
Болған соң адам баласы.  
Осы бір ойым бос шықты,  
Жанымда қалды жарасы.

Жеңісім менің жарқ етсе,  
Келеді дос боп ант беріп.  
Бір жерімнен ши шықса,  
Кетеді, шіркін, жалт беріп!

Базарым менің ашылса,  
Келеді екен “саудагер”.  
Өз пайдасы табылса,  
Мұртынан күліп жөнелер.

Дариға, қайда шын досым,  
Бар ма, сірә, өмірде?  
Өлеңнен басқа кім болсын  
Қалдырмас кіршік көңілде.

*1996 жыл.*

## ҚАРАҒАЙЛЫ

Кент пенен Қарқаралы арасында  
Сәнді үйлер тұрушы еді жарасымды.  
Қопарған тауды, тасты комбинатың  
Мұхитта жүзген алып кеме сынды.

Қорғасын, мырыш пенен баритыңды  
Шығарып жатушы еді өте құнды.  
Халқы да бақытты боп күліп-ойнап,  
Қап-қап қып тасушы еді қант пен ұнды.

Жұмыссыз отырған жұрт не істейді?  
Ошақта от болмаса дәм піспейді.  
Ала алмай ақшаларын неше ай бойы,  
Дастарханы мәз болмай қапы жейді.

Бір кезде аты шыққан Қарағайлы,  
Көрем деп ойлап па едім, мұндай жайды?!  
Көп қабатты үйлердің үнірейген,  
Көргенің терезесін неткен қайғы!

*9 мамыр 1996 жыл.*

## БІР ТӘҢІРГЕ ТАПСЫРДЫМ

Ала да, құла биеден  
Туады деген атамыз.  
Байқамаған осыны  
Біздің үлкен қатеміз.

Бір адамның жүрегі  
Жайдары, кең болады.  
Туыс-туған, жақын деп,  
Тұрмысы сәнге толады.

Оның кейбір жақыны  
Қызғаншақ та, іші тар.  
Көре алмастан өзгені,  
Көз ілмей түнде құр жатар.

Өтірік айтып жан-жаққа,  
Өсек сөзін таратар.  
Бір-біріне жамандап,  
Туысын теріс қаратар.

Жел айдаған қаңбақша  
Барарын қайда білмейді.  
Ақырын айтқан ақылды  
Құлағына ілмейді.

---

Ұяты жоқ, ары жоқ,  
Қалай түскен бұл күйге.  
Бір бауырсақ бөлісіп,  
Тұрмап па еді бір үйде.

Осыны қайтіп тоқтатам,  
Айтыңдаршы, ағайын?  
Бір тәңірге тапсырдым  
Берсін деп оның сазайын.

*9 қыркүйек 2003 жыл.*

## ДОС ТУРАЛЫ ОЙ

Әмір ащы-тұщысын да үйретер,  
Үшкір найза жүрегіне түйрелер.  
Осы кезде досың болса жаныңда,  
Бәйтерек— ол, иық тіреп сүйенер.

Мойныға ауыр жүк артып,  
Жүргенінде қиналып,  
Достан артық табылмас  
Ақыл қосар жиналып.

Бұл өмірде ең жақының — ол досың,  
Тілек айтар әрқашанда “Жол болсын“.  
Сатылмайтын, күле қарап сатпайтын,  
Азаматтар айналаңда мол болсын.

Қысылғанда қиналып,  
Кім қорғамақ сөз алып.  
Достан артық табылмас,  
Жол көрсетер жиналып.

Ашынғанда досың болса жаныңда,  
Игілікке айналуы қиын ба...  
Шын достықты бағалай біл, жас жүрек,  
Көздестірген тәңірім өмір жолыңда.

---

Достан артық табылмас,  
Толған шақта көзге жас.  
Жүргеніңде қиналып,  
Ойын ұқты иланып.

*Аягөз, 1952 жыл.*

## НЕ ІСТЕР ЕДІҢ?..

Ғашықтық ойнап, жаныңды жесе,  
Махаббат күйі жүректе ессе,  
Жас жігіт, сонда не істер едің?..

Сол кезде ол қыз қолын да созып,  
Сүйгенім, жаным, жарымсың десе,  
Жас жігіт, сонда не істер едің?..

Көп уақыт күтіп хат ала алмай,  
Мұнысы несі, бұл неткен жай?  
Деп жүргенде не істер едің?..

Ауырып жатса жан жарың сенің  
Орнынан да қозғала алмай,  
Жас қарындас, не істер едің?..

Сүйгенің, жарың сағынып келіп,  
Құшағына алып, аймалай беріп,  
Асылым десе, не істер едің,

Сағындым ғой, сүйейін десе,  
Сенің де балқып жас денең еріп,  
Қарындас, тұрсаң не істер едің?..



## ДОСҚА ӨЗІЛ

*Елжас Малтабаровқа*

Жас өмірде, жас күнде,  
Өткен күннің бәрі бал.  
Осы бір айлы түндерде,  
Бар ерінді сорып қал.

Жас күнінде сайран құр,  
Артта қалар, Елжас-ау.  
Осы қызда бақыт тұр,  
Жүрегі болса оның “сау“.

Айлы салқын түнде сол,  
Тоңбағаның, япырмай.  
Жүрегінді жылытып ол,  
Махаббатың жанғандай.

Бақытты бол, Елжас дос,  
Нұрын төксін алтын ай.  
Отырмақпын мен қашан,  
Сендей болып япыр-ай!

*Қыркүйек 1953 жыл.*

## ӨЛЕҢ ДӘПТЕРІ

*Марақ Омаровқа*

Қолыма алдым көкшіл дәптер,  
Неге тозған сырт қабы?  
Май төгіліп, сіңген бе тер,  
Күйдірген бе күн табы?

Ішін аштым қолыма алып,  
Оқып шықтым түгелдей.  
Өлеңдері ой қуантып,  
Адам жанын сезгендей.

Көңіл-күйі ыстық леппен,  
Жазылыпты түп-түгел.  
Достың сөзі ыстық неткен,  
Ескерткіш қой бұл дәптер.

Мына бір жол қадап өтті,  
Іші қуыс достарын.  
Ал мынасы неткен тәтті,  
Жыр етіпті жас жарын.

Жазғы кешін біздің жердің,  
Табиғатын жыр еткен.  
Оқып шықтым өлеңдерін,  
Бесік жырын тербеткен.

Еске түскен қаласы өскен,  
Орындығы, мектебі.  
Нәзік дауыс көкей тескен,  
Достар салған әндері.

Кей жері бар ұйқас терген,  
Кей жері бар көмескі.  
Бірақ одан талап деген,  
Қүдіреттің желі есті.

## МАРАҚТЫҢ ХАТЫНА ЖАУАП

Кейде бір көңіл күйі өрге өрлеп,  
Қаламды қайрап алып, жорта сермеп.  
Отырсам ойға алып сені, досым,  
Келесің көз алдыма күлімсіреп.

Міне, қазір алдымда тағы тұрсың,  
Сәлемдесіп қолыңды қатты қыстым.  
Құшақтасып, төстесіп күле қарап,  
Ойыңды айтып, менен сен жауап тостың.

Ал тыңда, құлақ түріп достың ойын,  
Ешқашан жасырмаған сенен сырын.  
Қалжыңның да біразы шындық деген,  
Айтпап ем ол шындық деп мен де бұрын.

Адамның жүрегінен орын алар,  
Әрқашан өзіне тән досы болар.  
Сол досым өмірімде Сен деп ойлап,  
Әр кезде саған арнап жүрек соғар.

Сен күлсең, мен де күлем, шаттық сезім  
Бойымды аралайды, өзге көрсін.  
Думан ғып, дуылдатып, көңіл аулап,  
Құрбыңмен бір жүргенге нелер жетсін.

Ал егер, жабырқаңқы тартса көңіл,  
Мені де ойландырар толқып сезім.  
Өзімде барымды айтып, уатқан боп,  
Жүректен ең бір жылы шығар сөзім.

Кей “достың” күлкі еткен ойы болар,  
Кей “достың” менсінбеген кейпі болар.  
Ондайды көре қалсам ашу кернеп,  
Кеудеме долы ыза қайнап толар.

Келген сенен хатты оқып шалқыр ойым,  
Өскендей көкке өрлеп, тартып бойым.  
Хаттағы әрбір ойың ой сергітіп,  
Жүргендеймін ішінде мерейтойдың.

Кейінгі жазған хатың назға толы,  
Жоқ, достым, ондай емес ерлер жолы.  
Шегінбе, аяқ астың болса тайғақ,  
Ашуға булықса да жүрек толы.

Мен бірге сеніменен әрқашанда,  
“Досың жүдеу” десе де мен қашам ба.  
Жоқ, досым, қайта жақын жүремін мен,  
Бірге тұр ғой болашақ нысанам да.

## ДОСЫМ МЕНІҢ

*техника ғылымының докторы, профессор  
Иван Евгеньевич Ерофеевке*

Досым менің жас күннен Ерофеев,  
Көргенім жоқ тұрғанын оның кейіп.  
Тіл табысып бәрімен айналаның,  
Жалған айтпас, өсек жоқ, сөзге берік.

Ата-ана тілегін ақтап Иван,  
Жастайынан жалықпай білім қуған.  
Жетпіс жасқа топ жарып келсе-дағы,  
Оқшау мінез жоқ онда, зиялы жан.

Жарқын көңіл, жайдары, Алласы бар,  
Қайбіріңнің осыған таласың бар?..  
Құттықтаймыз!

Бақытты өмір сүріп,  
Әлі-дағы аққудай жарасындар.

*08.10.2004 жыл.*

## БІР ДОСҚА

Қатының бар, балаң бар,  
Оларды ойға алмайсың.  
Қыздарды көріп көшеде,  
Күлімдеп, гүл-гүл жайнайсың.

Қатының бар, балаң бар,  
Күйеуісің, әкесің.  
Жас әйел көрсең көшеде,  
“Тентек” болып кетесің.

Әркім тиіп, сарыған,  
Шиге ұмтылдың, бұрышта.  
Ауру тауып әп-сәтте,  
Жасырындың қуысқа.

Қатының бар, балаң бар,  
Күйеуісің, әкесің.  
Жас әйел көрсең көшеде,  
Бұдан былай не етесің?

*1961 жыл.*

\*\*\*

Жүрегім, сұрағым бар, жауабын бер,  
Толғанып, толқуыңа кім себепкер.  
Айтшы, кәне, адал ой, шын сырыңды,  
Не болды, тыныштық жоқ, төгілді тер.

Қырманда алғаш көрдім, болдым таныс,  
Кешқұрым содан бері ылғи шабыс.  
Ой-шерін аз отырып тарқатпасам,  
Маған ол түн-түн емес, жалын — тамыз.

Ұйқы жоқ кірпік ілмей түніменен,  
Алысып, айбаттасып ой-толқынмен.  
Біріміз бірімізді жеңе алмай,  
Болыпсың таласқалы сен куәгер.

Аузыңнан шыққан лебіз тәтті балдай,  
Үңіліп қарап қалам жас баладай.  
Бұл сәтте тұрғандай ғой қошеметтеп,  
Ақ қайың жанымдағы, аспанда ай.

*Алматы,  
1954 жылдың қыркүйегі.*



## БАТА

Нұрлан менен Айгүлжан!  
Көтеріндер қолыңды.  
Бүгін, міне, бастадың  
Қайырлы, құтты жолыңды.  
Бұл әулеттің үлкені —  
Мен берейін батамды.  
Бүгін тіккен отаудың  
Биік болсын шаңырағы,  
Болсын берік босаға.  
Берсін Алла мал мен бас —  
Толтырсын оң мен солыңды.  
Инабатты бол, қарағым,  
Сыйла анаң мен атаңды.  
Ықыласпен қарсы алсаң,  
Үйіңе келген адамды,  
Отбасына нұр толып,  
Басыңа бақыт қонады.  
Оң аяқпен бастаңыз  
Алғашқы басқан адымды.  
О, Тәңірім-күдірет,  
Тілегімізді қабыл ет.

*11 маусым 2004 жыл.*

## ҚЫҢЫР ШАЛ

Қыршаңқы, қыңыр шалыңмен,  
Жатқыздың бірге, құдайым.  
Мазаны алды көп сөзбен,  
“Қойшы”, — деп еппен сұраймын.

Жалғанды басып жадырап,  
Жатқандай жалғыз бір өзі.  
Түсініксіз шатпырақ,  
Уәж ғып айтқан әр сөзі.

Кейіппен маңғаз әрдайым,  
“Былай тұр, отыр, жат”, — дейсің.  
Осындай сөздер айтатын,  
Әдепсіз адам, білгейсің.

Ойнап мен мұнда жатқам жоқ,  
Түсінсеңші, ей, бейбақ.  
Мазаны алдың маса боп,  
Түбінде құлақ ызындап.

“Кетейін басқа бөлмеге”, —  
Деп едім ойнап бір уақ.  
Паңдана қарап төбеге,  
Қатпадың-ау бір жауап.

---

Шалыңмен мынау болған паң,  
Жатқыздың неге, құдайым.  
Былшылды енді қоймасаң,  
Өлеңмен бетке ұрайын...

*11 ақпан 2000 жыл.*

## ТІЛЕК

Жұрттан артық ақылды,  
Болғанменен әрқашан.  
Одан озып ешқайда,  
Баса алмассың бір қадам.

\*\*\*

Көзі — гауһар жалтылдаған,  
Сұңғақ бойлы, келбетті.  
Қылықтары ұнап маған,  
Бойды ерітіп әкетті.

Ашық үнді күлкісі әсем,  
Ақ білегі жалынды.  
Сәуле шашқан тісін көрсем,  
Жас жүрегім балқыды.

Иығыма басын төсеп,  
Сүйеніп ол қалады.  
Белден қатты қыса түсіп,  
Жақындасып барады.

\*\*\*

Қалам алсам қайрап қолға,  
Неге өлең шықпасын.  
Сапар шегіп ұзақ жолға,  
Жолдас ертіп шыққан соң.

---

Алдымда әлі — жолым ұзақ,  
Тыныш таппай жүремін.  
Халқым үшін еңбек жасап,  
Мақсатыма жетемін.

\*\*\*

Отаным байтақ, жерім көп,  
Суы мол оның, кені көп.  
Бақыт құшып, шалықтап,  
Өсіп келеді көп бөбек.

*Қазан 1952 жыл.*

## ШЫНДЫҚ ЖАРШЫСЫ

*Болатбек Нәсенұлына*

Батырды іздеп майданнан  
Әлекке түсіп не керек.  
Нағыз батыр — еңбекқор  
Нәсен ұлы Болатбек.

Қажымас, талмас, қайратты,  
Азамат біздің Болатбек.  
Қол қусырып басқадай  
Жатпайды ол қарап тек.

Шымылдығын тарихтың  
Бөкең түріп тастады.  
Шындықты елге жеткізіп,  
Бір адал іс бастады.

Ата салтын жасырған  
Хан патшалар болыпты.  
Өлке жерін бөлшектеп,  
Алыстатқан туысты.

“Разделяй и властвуй“  
Деген патша жарлығы

---

Іске асыпты сол кезде,  
Тиді-ау жанға қорлығы.

Алдап та, арбап қазақты,  
Өз ісіне көндірмек.  
Бодандықты ұран ғып,  
Мәңгүрттікті ендірмек.

Болысты сайлау кезінде  
Руды руға айтақтап.  
Ел бірлігін қашырып,  
Үй ішінен жау таппақ.

Одан соң келген бастықтар  
Қырғидай тиді қазаққа.  
Тартып алып мал-мүлкін,  
Түсірді ғой азапқа.

Қырылды жұртым бүк түсіп,  
Жасалған қолдан аштықтан.  
Сондықтан қашты шет елге,  
Құтылмақ болып қастықтан.

“Жаусың” деп алды жағадан  
Білімді қазақ баласын.  
Оққа байлап жіберді  
Зиялы біраз данасын.

Тарыдай болып шашылған  
Тарихын біздің халықтың.  
Мысқалдап жинап әр жерден,  
Еңбек етіп жатырсың.

Жасырын жатқан ашылмай  
Архивтің қорын тараттың.  
Жария етіп шындықты,  
Жұртты аузыңа қараттың.



## ЕМШІ СУ МЕН КОЛБАСА

Осы елдің әдетінше баяғы,  
Қадірлейтін сый көрсетер қонағы.  
Ырза болып, сүйсініп жеп кететін  
Колбаса мен колбаса ма... тамағы.

Жүп-жұқа ғып кеседі екен, құдай-ай,  
Биттің қабын алдына әкеп қойғандай.  
Анасын да, мынасын да жесең де,  
Бөденені болмайды екен сойғандай.

Таңертең де, кешке-дағы колбаса,  
Не шараң бар ет жарықтық болмаса.  
Капуста мен картошкаға басасың,  
Колбасаға ішек-қарының тоймаса.

Бірақ мұнда қасиетті сулар бар,  
Ішсең-дағы, жуынсаң да ем болар.  
Таудан соққан хош иісті самал жел,  
Өкпенді де, қаныңды да тазартар.

Сондықтан да біз бұл жерде дем алдық,  
Ел аралап кей нәрсеге таң қалдық.  
Балаларға рахмет деп айтамыз,  
Ойластырған тілеп бізге денсаулық.

Көп жасаңдар, құлындарым, қарағым,  
Сыйлап жүрсең ата-ананы, жарарсың.  
Сендерді де ұрпақтарың қадірлеп,  
Аяласа, бақыт бұл деп санарсың.

*1998 жыл.*

## ӘЙТСЕ-ДАҒЫ ІШІМ ПЫСТЫ...

Күні бойы ой тербейді,  
Сыртқа шықпай бой бермейді.  
Айғай салсам мұнарадан,  
Ешбір адам “қой демейді”.

Неткен халық, неткен халық,  
Кете ме екен кейде налып.  
Еш нәрседе жұмысы жоқ,  
Аяқ-қолы тұр ма талып.

Күн көрінді бейне бір шок,  
Үйім жылы, тамағым тоқ.  
Әйтсе-дағы ішім пысты,  
Сен де жоқсың, Қабдош та жоқ!?!)

Қайда кетті Қабдош шіркін,  
Іздеп шықтық неше дүркін.  
Үміт үзбей күтіп жүрміз,  
Келе ме деп әлдебір күн.

Ойнаушы еді, еркелеуші еді,  
Аунаушы еді бетін бүркеп.  
Түсінуші еді айтқан сөзді,  
Кейінгі кез болды-ау жүрдек.

*8 мамыр 1997 жыл.*

## ОЙЛАН, БАЛАМ!

Біздің өмір өтіп кетті шалғайға...  
Балтыр сыздап, әлсіз білек талмай ма?..  
Ойласаңшы, ойлансаңшы, күнім-ау,  
Ата-тегің ұмытылып қалмай ма?

Ойлан, балам!

Бұл өмірдің тәтті күні өтеді,  
Ғұмыр озып, кәрілік кеп жетеді.  
Сол шамада кімге иек артасың,  
Кім кеп сенің керуенінді ертеді.

Ойлан, балам!

Жиендерің сені аймалап жағалар,  
Жат емес қой, әрине, ол балалар.  
Үйткенменен ата-тегін олардың  
Әке қаны салмағымен бағдарлар.

Ойлан, балам!


Ұрпақ жалғау тірі жанның арманы,  
Шүршіттің де, арабтың да Шамдағы.  
Айта, айта шаршадым мен, құлыным,  
Жылағаннан басқа амалым қалмады.

Ойлан, балам!

Әлі-дағы ойлан, балам, сәл ойлан —  
Ізбасарың өссін, ерсін артыңнан.  
“Айтпадың-ау, әкежаным”, — демеші,  
“Әттеген-ай”, — деп қамықпа қартайсаң.

Ойлан, балам!

# СУРЕТТЕР СЫР ШЕРТЕДІ



Жолдасбектің әкесі Бекмағамбет, шешесі Жұмабике.  
1936 ж.



Жолдасбек. 1939 ж.



Аягездегі туыстар. 1-қатар (солдан оңға қарай): Ағын, Рабиға, Жолдасбек, Орынжан, Әйтiмбет, Қалымжан, Төлеутай, 2-қатар: Аққоян, Маша, Нағима, Жұмабике, Қайша. 1942 ж.





Студент Жолдасбек әкесі Бекмағамбетпен



Немересі Серікті әлдилеген Бекмағамбет пен Жұмабике, Раушан




Қозы Көрпеш — Баян сұлу кесенесінде Жолдасбек  
кластастарымен





Әжесі Жұмабике мен немересі Гүлнар



Жолдасбек, ұлы Серік



Жолдасбек, Қамария, балалары Айгүл, Серік, Гүлнар



Жолдасбектің атасы Ғаппар, енесі Қадиша,  
Раушан туыстарымен



Жолдасбек, немерелері  
Алтынай мен Айжан



Серік, Мадина, қызы Айжан



Институт бітіргенде. 1957 ж.



Жолдасбек пен  
Қамария.  
Алғашқы кездесу




Студент достармен қырық жылдан кейінгі кездесу



Жолдасбек Сауық  
Тәкежановпен техникалық  
конференцияда



Жолдасбек комбинаттың  
бас инженері  
И. С. Воронинмен  
әңгімелесіп тұр



Өскемен қорғасын-мырыш комбинатында





Комбинаттың басшылары (А. М. Вартанян және т.б.) парадта



ССРО Түсті металлургия министрі П. Ф. Ломако комбинатта. Оң жағында — Жолдасбек пен Кешірім



Москва. Кремль.  
Жолдасбек – ССРО кәсіподақтары XIII съезінің делегаты



Жолдасбек жұбайы Қамариямен. 1980 ж.





Үкімет басшылары А. Н. Косыгин мен Д. А. Қонаев  
Өскемен комбинатында



Жолдасбек,  
Өзбекәлі Жәнібекөв  
Хельсинкидегі фестивальда



Жолдасбек Хельсинкидегі  
жастар мен студенттердің  
Дүниежүзілік  
VIII фестивалінде



Қазақстан Орталық партия комитетіндегі  
қызметтес жолдастар



Одақ металлургтері халықтық бақылау комитеттері  
басшыларының жиынында. Кривой Рог қаласы



Жолдасбектің балалары мен немерелері: Жәнібек, Айгүл, Арман, Зәуре, Жанар, Айжан, Мадина, Бегімжан, Бақыт



Жолдасбек, Қамария, немерелері Айжан, Жанар



Арманның гүлзар  
бағында.  
Гүлнар, Алтынай,  
Жолдасбек, Айгүл,  
Арман



Гүлнар, Жәнібек,  
Жолдасбек, Зәуре,  
Қамария Түркияда



Достар арасында: Сіләмхан, Жолдасбек, Сауык,  
Әнуарбек, Қорлан





Армия генералы, Совет Одағының Батыры,  
Халық қаһарманы Сағадат Нұрмағамбетов, Жолдасбек  
және немересі Жәнібек



Талғат Ыбыраев



Бошай Кітапбаев





Жолдасбек-ата жастарға бата беруде



Әділғазы, Жолдасбек



Нұрмағанбет  
Смайылұлы (Кенже аға)



Кәріпбай Бәйелов



Жолдасбек, Қамария, балдыздары: Жаңыл, Кенжеш, Абен





Өмрегүл, Болат Қаманның  
мерейтойында



Кипрде іссапармен



Біріккен Араб  
Әмірліктері елінде



Жолдасбек, Ербол, Жанар Берлинде

Чехияда



Жолдасбек, Оспанәлі Нүкежанның 50 жылдық мерейтойында





Қалаубек Тұрсынқұлов құдасының 70-ке толуы.  
Шымкент, Шарбұлақ ауылы



Жолдасбек пен жұбайы Қамария. 2003 ж.

---

Кеудем толы көз жасыма парлаған...  
Қолыма алдым сондықтан да мен қалам.  
Осы ойлар әрқашанда жүк болып,  
Жыртылардай жүрек еті боп тарам.

Ойлан, балам!

Біздің өмір өтіп барады қырды асып,  
Балтыр сыздап, жүре алмаймыз тік басып.  
Нұр болып сен алдымызда тұрсың ғой,  
Өссін ұлың ата-текке жалғасып.

Ойлан, балам!

*2002 жыл.*

## БАТЫРҒА ҰҚСАЙСЫҢ

*Бекжанға*

Сүндетке иіліп,  
Денеңе күш кіріп.  
Батырға ұқсайсың,  
Ақырын түшкіріп.

Құтты боп, Бекенжан,  
Белгісі мұсылман.  
Денің сау, бақытты,  
Көп жаса, қалқажан.

Қытықтап мен сені,  
Ойнайын кел бері.  
Көрімдік берейін,  
“Кесілген” қай жері?!

Үлкен бол — азамат,  
Әжеңе қолғанат.  
Еліңе еңбек ет,  
Қуансын жамағат.

Біз болдық куәгер,  
Еске ұста, Бекжан-ер.  
Ержетіп, үйленіп,  
Ұрпағың көбейер.

*12.09.1997 жыл.*

## ТӘҢІРДІҢ ХАҚТЫҒЫ

Сенемін мен Тәңірдің хақтығына,  
Таза жүрсең жолыңның ақтығына.  
Ақ-қараны айырсаң ісің өнер,  
Былғанбассың жалғанның боқтығына.

Бұл жалғанда әркімнің сыңары бар,  
Іздеп оны табудың жолдары бар.  
Маңдайыңа жазылған осы ғой деп,  
Бас қосқанның кейде бір ызғары бар.

\*\*\*

Кейбірдің мінезі бар алақұйын,  
Онымен сөз бөлісу әсте қиын.  
Мазасыз ой-өрістің тұрағы жоқ,  
Түбінде бас қосылмас, болмас жиын.



## ШЕЖІРЕ

Ұрпақ пен ұрпақ жалғасын тізіп жеткізген,  
Түсінбей жүрміз, шежіре шіркін тарих қой.  
Саясаттан большевиктер үзбей жүргізген,  
Жоғалттық оны болмаған соң қалыпты ой.

## БІР ДОСҚА

Айнадан өз кейпін көріп,  
Қалды қайран бір жас жігіт.  
Неге қораш айнада ол,  
Әлде айна қисық па сол.  
Жоқ! Қисық емес, айна беті —  
Ол шындықтың айнасы еді.

*1955 жыл.*

## ГОГОЛЬ КӨШЕСІНДЕГІ ОЙ

Алматының көшесі Гоголь деген,  
Шығысынан батысқа дедектеген.  
Ортасында жүз он бір номері бар,  
Зәулім үй — түсті металл мекендеген.

Басқартқан шығаруын металдардың,  
Басын қосып елімнің сарбаздарын.  
Осы үйде жиналушы ед әр уақытта,  
Ерлері Отанымның қонған дарын.

Қара металл беретін министрлік  
Топырағында Украин болды дейік.  
Түсті металл қорының үлкен үйі,  
Біздің жерде тұрды тек — жоны биік.

Бұл үйді білуші еді барлық әлем,  
Қол бұлғап тұрушы еді жолдап сәлем.  
Орталық бүгінгі күн күлге ұқсады,  
Соны ойлап, бас салбырап жүріп келем.

Мүмкін, бұл нышаны ма жаңалықтың?  
Ойлап тапқан осыны қандай мықтың?  
Барды жоқ қып жоғалту тым оңай ғой,  
Жоқтан жасау жақсыны болады-ау мұң.

Аруақ қолдаса әлі қосармыз бас,  
Түскен жерде ауыр да дейді ғой тас.  
Заманның бұл ағымы шығар деймін,  
Ата-баба қолдасын, болмайық қас.

*1995 жыл.*

## САУЫҚШЫ, ЖАНЫМ

Сен туғанда қуанып,  
Аспанға тымақ атып ем.  
Қорқыттың ғой ауырып,  
Сауықтырар қандай ем.

Аруаққа сиынып,  
Тілеуіңді тілеймін.  
Сұраймын мен қиылып,  
Қолдашы деп тәңірім.

Қазбек бабам, қолдай гөр,  
Көмектесші, Кенже аға!  
Атаң Бегім қуат бер,  
Деп жалынам аллаға.

Аруағы Аққамның,  
Күш-жігер бер Бекенге.  
Үміті осы атаңның,  
Кетпес деймін бекерге.

Тәй-тәй басып алдыма,  
Келші, қалқам, күлімдеп.  
Құмарымды қандыра,  
Құшақтаймын, күнім деп.

*22 маусым 1998 жыл.*

## А З А Д - Б А Ш Т А

Токтай қалды зырлап келіп,  
Арқыраған ауыр поезд.  
“Азад-Башқа,— деді,— келдік”  
Толық апай қара көзді.

Түсе қалдық асығыс боп,  
Поезд зулап жүріп берді.  
Айналада ештеңе жоқ,  
Алыста орман көрінеді.

Тас төбеге күн жеткен жоқ,  
Бірақ ауа неткен ыстық.  
“Көлеңке де табылмас”,— деп,  
Сырым\* қалды көзін қысып...

*11.07.1957 жыл.*

---

\* Сырым — институтта бірге оқыған дос Сырым Жазылбеков.

## ШУМАҚТАР

Қар жамылған Алатаудың шындары,  
Жарқырайды бейбіт жатқан мұздары.  
Күннің көзін бұлт телміріп баспасын,  
Еспесінші суық желдің ызғары.

\* \* \*

Тау да адам секілді дос іздейді,  
Жан-жағына қарайды, қол үзбейді.  
Жалғыз тұрған телміріп биік шың да,  
Бетке соққан самалдан елжіреді.

Ерте тұрып кейде бір шықсам тысқа,  
Жарқырайды аппақ қар осы тұста.  
Алатаудың шындары өрнек құрып,  
Көз жанарын алады... неткен ұста...

\* \* \*

Жас қыз десе құлағың елендейді,  
Жақындасып жанына келсем дейді.  
Жынды жүрек жас күнін ойына алып,  
Қарамастан “артына” желем дейді.

\* \* \*

Шайға әбден үйренген сенің байың,  
Қашан шөлдеп келсе де оның дайын.  
Бас ауырып тұрғанда күлімсіреп,  
Есік ашып тұрасың, қалқатайым.

\*\*\*

Көптен бері алмап едім қолыма,  
Қаламсабым, тосырқап-ақ қалдың ба?  
Келші кәне, келші сен де, ақ қағаз,  
Қосайық бас еркін ойлы толқында...

\*\*\*

Балдай тәтті тілі шығар бөбектің,  
Тәй-тәй басып жүргенінде бөлексің.  
Ата-ананы елжіретіп, күлдіріп,  
Қызықтырар ең алғашқы істерің.

\*\*\*

Тәңірім берген сыр мінез қайталанар,  
Әр баланың әртүрлі мінезі бар.  
Кейбірі тіл алмайтын қисық болып,  
Кейбірі алға ұмтылып дара болар.



## БАЯН

Үні қандай?  
Үні оның тамаша,  
Кейде әдемі еркелеген балаша.  
Кейде біздің  
Әсем мүсін бишілер  
Билегендей алдыңа кеп таласа.

## СЫРНАЙШЫ

Ойына алып еркелеген жас жарын,  
Ер әкесін, ағаларын, анасын.  
Күлімсіреп, күнге қарап кешқұрым  
Басып отыр клавишін баянның.

*Азад-баш,  
шілде 1957 жыл.*

## БІР ШЕНЕУНІККЕ

Адам азған,  
Жаны тозған,  
Запыранды бұл заман.  
Неге сонша,  
Түсі оңғанша,  
Бұлданады бұл балаң?..

Ой жоқ жаңа,  
Өзін ғана,  
Ойлайды екен ырғалып.  
Ернін жалап,  
Көкке қарап,  
Отырады бұлданып.

Менсінбейді,  
“Кімсің”,— дейді,  
Біреу келсе алдына.  
Тыржыңдауы,  
Ыржыңдауы,  
Айналышты салтына.

Түсіп жолың,  
Алдына оның,  
Бара қалсаң тентіреп.

Шашын тарап,  
Сүзе қарап,  
“Не жұмысың бар еді”,— деп.

Ыңыранар,  
Сөзге құмар  
Еместей боп көрінер.  
Темекінің  
У түтінін  
Аспанға үрлеп желпінер.

Осы кезде,  
Қарап көзге,  
Жымия ғой, жарқыным.  
Не десе де ол,  
Білмеген бол  
Бет пішіннің салқынын.

Ым білдірсең,  
“Пара” десең,  
Жымияды миықтан.  
Бәсе осылай,  
Жолың болғай,  
Деп қағады иықтан.

Бұл жол, қалқам,  
Әуел бастан,  
Шығаратын тұйықтан.  
Үйткенменен,  
Барлық шемен,  
Үйреніпті нарықтан.

Берсең ақша,  
Демес қанша,  
Қалтасына сүңгітер.  
Осылайша,  
Амал қанша,  
Байып алды төкпей тер.

Осындай бір,  
Жүрегі кір  
Азаматтар көбейді.  
Бұларды кім,  
Қандай әкім  
Қолтықтайды, демейді?

Жауап дайын,  
Айтқан сайын  
Өзгереді түстері.  
Парақорлық,  
Күш пен зорлық,  
Ауыздығын тістеді.

*Сәуір 2001 жыл.*

## ЕНДІ АЙТАРЫМ: “ӨЗІҢ БІЛ”

Не боп барад, не боп барад кейінгі кез өмірім,  
Таусылмастай, қызық дәурен, әуел бастан көріндің.  
Қайтпаушы едім, қажымаушы ем еш нәрседен түңіліп,  
Қартайдым ба, белім неге бара жатыр бүгіліп.

Әлде менің ой-өрісім, мінез-кұлқым өзгерді,  
Бір тайпа елге сыюшы едім, оны талай көз көрді.  
Әлде тәңірім жазып қойған маңдайыма таңба ғып,  
Қартайғанда еститінім сендер салған қиғылық.

Әлде қате жүрген жолдар осы жасқа келгенше,  
Кейбіреудің неге бүгін көзқарасы өзгеше.  
Әлде алған тәрбиесі салтына ата ұқсамай,  
Барамыз ба мәңгүрттеніп, хайуанаттардан ұзамай.

Әлде сендер күтіндер ме әлсіреген кезімді,  
Онда қалай түсінеміз кешегі кешу сөзінді.  
Бұл да өтер, ой-санасы олардың да өзгерер,  
Бірақ қалай түсінеді естісе егер өзгелер.

Жақсылықты ұмытқаның — кешпес күнә, ауыр зіл,  
Куәгерлер бар емес пе. Енді айтарым: “өзің біл”.

## АҒА ТІЛІН АЛМАДЫҢ

Үйінді қоршап, жаман ырым бастадың,  
Аға тілін тыңдамадың, алмадың.  
Жақсылықты ұмытпа деп айтқанбыз,  
Тегің жоқ қой. Өсек сөзден аспадың.

Кім едің сен — жалаң аяқ, жалаң бас,  
Ағушы еді сары ірің боп көзден жас.  
Рахмет деп айта алмадың, білмедің,  
Қалта толған ақшаға сен болып мас.

Қайдан келді осы байлық — жан азық,  
Бұл болмаса жүрер едің жын сасып.  
Ұмыттың ғой, ұмыттың сен тәубәнді,  
Теріс бата тілеп жүрсің сен, жасық.

*1998 жыл.*

## ТАЛҒАТТЫҢ ЖЫЛДЫҚ АСЫНДА

Бір жыл бұрын он бесінде сәуірдің  
 Қансырап жүрек езілді ғой, бауырым!  
 Талғатжаннан айырылып, түсіндік  
 Бұзылғанын, ластанғанын дәуірдің.

Зымиян күлкі, қорқау қасқыр үні бар,  
 Бірге жүріп, дәмдес болған адамдар.  
 Қалай ғана қол жұмсады қиналмай,  
 Жорып оны, ойға салып қарандар.

Салқын қанды, безбүйректі бір адам  
 Айдап сапты қошқар ұлын — қас надан.  
 “Талғаттың сен отырасың орнына  
 Тапсырманы орында да, бас қадам”.

Осыны айтты-ау, іші шірік наданға,  
 Қызғанышын жандандырып әманда.  
 Пасық жаны тұтанды да, өртенді,  
 Ақпан өтіп, наурыз айы туғанда.

Қара ниет, қанішерлер тіміскі,  
 Бас қосты да, зымиян іске кірісті.  
 Артын ойлап қиналатын олар жоқ,  
 Иттік жасап, орындады сүм істі.

Ауру әке, ана-дағы жарымжан,  
 Кәмелетке әлі жетіп толмаған



Үш баласы, адал жары аңырап,  
Артта қалды. Не шара бар, о, жалған!

Бауырым-ау, қайда кетіп барамыз,  
Түнерген бұлт, бұлыңғыр ма санамыз?  
Не жетпейді осы күні біздерге,  
Адам бол деп тумап па еді анамыз.

Адам-Ата, Хауа-Анадан басталған  
Тіршіліктің ұлы жолы жатталған.  
Емес пе еді бір-біріне адамзат  
Бауырым деп құшақтасып нәр алған.

Қас болмаушы еді жолдасына қасқыр да,  
Аң боп кеттік неге мынау заманда.  
“Аруақ атқыр” деген сөзі атамның  
Қонбаса егер санасына не дауа.

Қайғымызға ортақ болған жарандар,  
Арамызда Талғат бар деп санандар.  
Қанішердің өзі түгіл ұрпағын  
Дәм атсын деп лағнат айтып тараңдар

Зымиян күлкі, қорқау қасқыр үні бар,  
Дос болған боп бірге жүрген адамдар.  
Қалай ғана бұл сұмдыққа барды екен,  
Айтыңдаршы, азаматтар, айтыңдар.

*Алматы,  
15 сәуір 2001 жыл.*

## ЖАН ӘКЕ

*Әкесі Ғанпар Рахымжанұлы қайтыс  
болғандағы қызы Қамарияның жоқтауы*

Есік алды долана,  
Жыламасқа бола ма.  
Айналайын, жан әкем,  
Орның да сенің тола ма.

Қарқаралы биік тау,  
Жүрмісің деп есен-сау.  
Сәлем бере келуші ек,  
Кеттің бе алыс, әкем-ау.

Тау басында ақ терек,  
Әкемнің орны бір бөлек.  
Бала оқыттың қырық жыл,  
Азамат болды сан бөбек.

Тау басында ақ қайың,  
Әкемнің білсем хал-жайын.  
Сапарға қайтпас кетіпті.  
Жиналыпты ағайын.

Әкем-ау менің, қымбатты,  
Жүзге де басқан аяқты.  
Дүниеден қайтты деген сөз,  
Жүрегімді мұздатты.

---

Әркімнің өз әкесі —  
Күнменен тең көкесі.  
Арсалаңдап келгенде,  
Қарсы алар мені қай кісі.

Асқар тау биік бел еді,  
Жаны бір таза ер еді.  
Мәпелеп тоғыз өсіріп,  
Қиындықты көп көрді.

Мойымаған әйтсе де,  
Ескінің көне көзі еді.  
Туған-туыс, жекжаттар  
Жақсы адам еді деседі.

Қызғыштай қорғап өсірген  
Ұл-қызың келді басыңа.  
Қайғыны бізбен бөліскен  
Рахмет айтам халқыма.

*Ақпан 1997 жыл.*

**БЕГІМЖАН***(немереме)*

Ерекше туған бала екен,  
Төрт жасында дана екен.  
Үміт артып біз оған,  
Қорғаушы ек желдің өтінен.

Біткені ме несібен,  
Қарап та саған тесілем.  
Жиналып дәрігер-мамандар  
Таппады-ау саған ешбір ем.

Айналайын, бөбегім,  
Қызығым едің, Бекенім.  
Жанға батты, күйзелтті  
Тастап та бізді кеткенің.

Қос ағаштың түбінде  
Қалды-ау қалқам бүгіліп.  
Қолдан келер қауқар жоқ,  
Жылап келем егіліп.

Жыламасқа бола ма,  
Жыласам орның тола ма?  
Қолдан келер қауқар жоқ,  
“Қош” дедім енді ботама.

*2 шілде 1998 жыл.*

## СОМ ТҮЛҒА

*Кәбір Жүнісов рухына*

Қиын да қызықты ол өмір сүрді,  
Жақынға, достарына ләззәт берді.  
Еш жанға жаманшылық ойлаған жоқ,  
Жалғанның аянбастан дәнін терді.

Туысы, айналасы, жасы-көрі,  
Жан жары, үш баласы — бәрі-бәрі.  
Оларға қараушы еді күлім көзбен  
Осы деп бұл жалғанның тәтті нәрі.

Халқына адал еңбек аямады,  
Қомданып қыран құстай қиядағы.  
Өмірі бос өткен жоқ. Жалғанға бұл  
Немере, шөбересі — сый аяғы.

Еңбектің неше түрін орындады  
Бес батпан гүрзі ұрса да мойымады.  
Саусағын оң қолының сілтей салып  
“Құртатын” ұнатпаған адамдарды.

Бір тоға таптырмайтын ата мінез,  
Қиналған шақтарында болмады ез.  
Кәбірдің осы тұлға сом бейнесі,  
Қалды ғой көз алдымда болып елес.

*20 қазан 2001 жыл.*

## ЖАНЫ ТАЗА ЕР ЕДІ

*Қайырбек Жүсіпұлын еске алу*

Қайырбек — жайған тамыр бойшаң қайың,  
Қызығушы ед өмірге әр күн сайын.  
Үлкенге де, кішіге үйір болып,  
Топтасып-ақ жүруші ед — бәрі ағайын.

Жақа деуші ед жасы үлкен болса-дағы,  
Шешіп бермек шапанын тоңса-дағы.  
Жаны таза, жақсылық арманы еді,  
Қай жерге көшіп келіп қонса-дағы.

Осы мінез ұл-қызға қонсын деймін,  
Ту қылып ұстап жүрсін әке кейпін.  
Талай жұрт мақтан етіп қуанышпен  
Қайырбектің ұрпағы осы дейтін.

Қолдан келер амал жоқ, өлім жетті,  
Қайракенді арадан алып кетті.  
Аман-сау жүр, Биғаным, сен көп жаса,  
Бағыштап аруаққа сипап бетті.

*25 ақпан 1999 жыл.*

## ҰМЫТЫЛМАС ЕСІМІ

*Досым Мәдениет Иманбаевтың рухына*

Мәдениет досым еді, кетті-ау қайтпас сапарға,  
Ойлап па едік бұл жағдайды жүргенінде қатарда.  
Шымыр дене, сом білекті азамат еді байсалды,  
Амал қанша... “Иманды бол” — деуден басқа не қалды.

Бабалардың асыл сөзі ойға түссе мұндайда,  
Жастар жағы ықыласпен құлақ салып тыңдай ма?..

Ертеректе бір топ адам алыс сапар шегіпті,  
Бір мезетте мәйіт артқан керуенге кеп кезікті.  
“Біліп келші, қойылатын тірі адам ба, өлі ме?” —  
Деп айтыпты бір қария жастауының біріне.

Қалбалақтап ол жас жігіт керуен жаққа барыпты,  
Көрссе-дағы мәйітті ол, төте сұрақ қойыпты.

Бұл сауалы жай түскендей күнірентті жер-көкті,  
Аң-таң болған жиылған жұрт ешбір жауап бермеді.  
Тек біреуі “жыңды шығар мынауың” деп айтыпты,  
Дел-сал болған балаң жігіт өз тобына қайтыпты.

Қариямыз қынжылыпты ұқпаған соң сауалын,  
Сондықтан да өзі берді жұмбағының жауабын.

“Тірі ме?” — деп сұрағаным, — ұл баласы бар ма екен?  
Үрім-бұтақ тараса одан — осы емес пе өлмеген”.

Ойламайтын осы жайтты азаматтар кемде-кем,  
Мәдениет бұл жағдайды ойластырған ертеден.  
Арғын, Найман, Беріктері құрған биік шаңырақ,  
Сәбилері өсіп келеді бейне әсем жас құрақ.  
Міне, осы қарияның жұмбағының шешімі,  
Ұмытылмас еш уақытта Мәдениет есімі.

*19 мамыр 2004 жыл.*



## ОҚЫҒАНДА АБАЙДЫ

Абай атам— Ақыл атам мейірлі,  
Заманына неге сонша кейіді?  
Зар қақсатып, запыранды құстырған  
Сұғанақтар, сұм қолдардың пейілі.

Нақыл сөзді өздеріне дейінгі  
Түсінбеген пенделерге кейіді.  
Жақсылық пен жамандықтың мәнісін  
Жыр ғып айтты ұрпағына кейінгі.

Өсек айтпа, өтірікті қолдама,  
Мақтан сүйсең жолың сенің бола ма?  
Еріншектік талай істен қалдырар,  
Күпіршілік, мал шашуға жолама.

Дәл осылай бес жаман іс топтасқан,  
Пенделер бар осы жолда адасқан.  
Адам атын қорлап жүр ғой оларың,  
Кәдірсіз боп ауыл, елде әу бастан.

Абай айтқан бес жақсы іс алдында,  
Бағалашы соны, қалқам, алтынға.  
Талап, еңбек, рахым менен қанағат,  
Терең ойлап айналдыршы салтына.

Жақсылық пен жамандықты талдады,  
Тек жақсылық әрбір жасқа арнады.  
Басын қосып қазақ жұртын гүлденту —  
Ұлы ойшылдың өмір бойғы арманы.

Тебірендім оқығанда Абайды,  
Әрбір ойы таң нұрындай арайлы.  
Пәлсафалық тәрбиелік мәні бар,  
Ұрпағының кәдесіне жарайды.

## СЕГІЗ ҚЫРЛЫ, БІР СЫРЛЫ

*Медицина ғылымының докторы,  
профессор Фазез Қанапияновқа*

Жаңа заман келді-дағы соқты жел,  
Тұғырынан ауытқыды біздің ел.  
Мал-мүлік те, отын-су да азайды,  
Қуаң тартты гүл жайнаған асу-бел.

Тоқтап қалды кәсіпорын, зауыттар,  
Сөніп қалды алаулаған түнгі оттар.  
Бөлінбеді көңіл шіркін ғылымға,  
Болашаққа керек қой деп кім жоқтар.

Ел басына түскен кезде қиындық,  
Кейбіреулер қалады екен бұйығып.  
Келешекті болжай ала алатын  
Азаматтар шығады екен ширығып.

Соның бірін атауға енді келді кез,  
Тәңір оған сыйлаған ба қыз мінез.  
Батыр тұлға, сегіз қырлы, бір сырлы,  
Менің інім профессор ер Фазез.

Қиын-қыстау осы өткен заманда,  
Керек болмай ғалым аты қалғанда,

Ерлік жасап, докторлық ат қорғады,  
Мақтан тұтып айтамын мен ғаламға.

Ой толығып, бой өсіпті таласа,  
Үні қандай, үні оның тамаша.  
Сұхбаттассаң көңілге жай таптырар,  
Соза сөйлеп еркелеген балаша.

Айтқан сөзден, берген серттен қайтпайды,  
Ән салғанда алдына жан салмайды.  
Алға қойған мақсаттарын қашанда,  
Толыққанды орындамай қоймайды.

Егер Ғазез ғылым жолын қумаса,  
Құйқылжытып шырқап, толқып ән салса,  
Шапалағын соғар ма еді барлық жұрт  
Жердің жүзі сахна болса — төр болса.

Қайтқан қаздай жылдар жылжып барады,  
Қызық өмір өтіп жатыр саналы.  
Алпыс жасың құтты болсын, Ғазезжан,  
Роза гүлің бүгін тіпті ажарлы.

Ақсақалдар алқасына қосылған,  
Оған куә мен де, сен де көк аспан.  
Өтіп жатыр мерейтойы Ғазездің,  
Қаман, кәне, иығына жап шапан.

## ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

*Тарих ғылымының докторы  
Мереке Көкейқызына*

Ғылым жолы жатқан жоқ па тереңде,  
Әлсіздерге қолын оңай бере ме?  
Қайсарлықпен алдың ғой сен биігін,  
Осы ісің басқаларға өнеге.

Болса-дағы ғылым жолы ызғарлы,  
Көп көрдік біз оны қуған қыздарды.  
Бала сүйіп, ошақта от лаулатпай,  
Кейбіреуі тәтті өмірден құр қалды.

Ғылымды да, отбасын да қамтыған,  
Тұғырда тұр әсем сәнді нәзік жан.  
Пәлсапалық лауазымды ойлары  
Тыңдаушысын құлақ салған ұйытқан.

Ғылым жолы уақытты тонай ма,  
Жанұяға көңіл бөлдің қалайша.  
Үш баланы азамат қып өсіру,  
Түспегенін біз білеміз оңайға.

Тазалықты әр уақытта сақтайсың,  
Жаңалықты жан-тәніңмен жақтайсың.

Әрбір істі бастау үшін толғанып,  
Шабытыңды сәйгүліктей баптайсың.

Ерлігіңе мен таңқалам айтпай сын,  
Алған беттен әсте толқып қайтпайсың.  
Өткен күндер жұмбақтарын шешкенде,  
Қырда өскен қырмызыдай жайнайсың.

Көңіліңе түспесін еш көлеңке,  
Күтіп тұрсын алдында құт-береке.  
Ата-баба салт-санасын қастерлеп,  
Уағыздашы, профессор Мереке.

## ЕСІМДЕ

Соғыстан соңғы ауыр бір жылдар есімде,  
Аяқты жазып отырмадық көсіле.  
Түнімен тосып талонмен алған қара нан,  
Берді ғой қуат, жасырайық несіне.

Қала мен ауыл қалған еді бүлініп,  
Халқымыз қайсар мойымады бүгіліп.  
Еңбектің ерен арқасында жаңардық,  
Жанданды қала, жер құлпырды гүлденіп.

## БЕЛАСҚАН

Әркімнің жасы өзінің байлық-ырысы,  
Мөлшерлеу оны Тәңірдің ғана бір ісі.  
Өтірік, өсек, еріншектік болмаса,  
Бақытты болар азаматтың тұрмысы.

Зымырап, жылжып жас күндер өтер бел асып,  
Жігіттік келер қайрат бітіп, күш тасып.  
Қырық пен елу орта буын аталса,  
Жатпай ма әрі аталық өмір жалғасып.

Әркімнің жасы — өзінің байлық-ырысы,  
Зымырап өтер төбемізден жыл құсы.  
Жетпіске жету зор бақыт қой арайлы,  
Сіздермен бірге келеді жүрек болғысы.



# ЕСКІРМЕЙТІН ЕСТЕЛІКТЕР



## ӘН-АҒАҢ ЖАЙЫНДА БІРЕР СӨЗ

Марқұм Әнуарбек Үсенұлы (жатқан жері жайлы, алды жарық болсын) қазақтың біртуар азаматының бірі еді. Егер ол ақын, жазушы, не өнер қайраткері болса, бүкіл ел-жұртына танымал болар еді. Десе-дағы, түсті металлургия саласындағы оның еңбегі зор, бұл саладағы алып тұлғалардың бірі деуге болады. Өскемен қорғасын-мырыш комбинатының екінші мырыш зауытын алға алып шығуда, жүрмей жатқан Лениногор мырыш зауытын іске қосуда, тоқтап тұрған Бақыршық алтын комбинатын жүргізуде аянбай еңбек еткені, онан соң Қазақстанның Түсті металлургия министрлігінде министрдің бірінші орынбасары болып қызмет атқарғандағы ерен еңбегі елге, жұртқа белгілі.

Сондықтан да, бүгін тәубе дейміз.

Алматы қаласында тұрған үйінің қабырғасына аты жазылған тақта ілінді, елінде оқыған мектебі Әнуарбектің атымен аталатын болды, жолдас-жоралары естеліктер жазды. Осының бәрі де — Әнуарбек Үсенұлының аты тарихта қалды деген сөз емес пе.

\* \* \*

Марқұм Әнуарбекпен танысқаннан бері етене жақын, ағалы-інілі, тіпті тай-құлындай тебісіп ойнаған құрдас та болып кеттік. Жұбымыз жазылмай, бір салада ақылдаса, сырласа жүріп, 45 жыл еңбек еттік. Жанұямызбен араластық, балаларымыз бірге өсті. Тіпті оқу бітіріп, Өскеменге келген алғашқы жылы төрт бөлмелі пәтерде бірге тұрдық.

Әнуарды жайсаңдығына, салмақтылығына, ақыл-парасатына сай Ән-аға деп атаушы едік. Ол үлкенге иіліп сәлем беретін, кішіге аға есебінде ақыл қосатын, құрбыларымен құлыншақтай тебісіп, қалжыңдасып, күліп-ойнап жүретін. Домбыра шертіп, ән айтқанды жаны сүйөші еді.

Біздер 1952 жылы Қазақстанның тау-кен институтының металлургия факультетіне 75 жас оқуға орналастық. Біздің де өміріміз барша студенттердің өміріндей қызық та, қуанышты да өтіп жатты. Жаңа өмір, жаңа тұрмыс. Театр да, концерттер де, білім салалары да жаңалық болып жатты.

Осылармен танысу, жаңалықтарын бойымызға сіңіру ғанибет еді! Ал студенттік өмірдің бауырмал, көпшіл болуға үйрететіні ел-жұртқа аян ғой.

Сонан соң, қай ұйымда болмасын көшбасшы көзге түсер азаматы болады. Солардың бірі Ән-аға еді. Ол біздерден ертерек үйленді де, Күлзейнеп екеуі пәтерге шықты. Осы пәтер біздің жолдастардың кең сарайы ретінде есте қалды, сонда жиналып, ән салып, би билеп, ойын-сауық құратынбыз. Ән-ағаң барлығымызға қамқоршы болатын.

Мен бірінші курсты аяқтасымен, қатты ауырып, емханада жаттым. Жағдай ауырлау болды. Сонда дәрігерлердің емінің қонуына көптен-көп әсер еткен, жазылып кетуіме себепші болған достарымның қамқорлығы. Оларды бастап жаныма келіп, әңгіме-дүкен құрған, көңілімді жұбатқан осы Ән-ағаң еді. Сол күндегі достарыма арнап жазған өлеңімді келтірейін:

Ауырып жатқанда жаныңда  
Бір досың қалса егер көрініп.  
Көтеріп басыңды, қарайсың маңына,  
Күлкісі келмеген көзіңді күлдіріп.

Өмірге қызыға әр ойда боласың,  
Түрленіп оңса да жанары көзіңнің.  
Кей кезде күлесің, ойнайсың, баласың,  
Кей кезде мәні мен сәні жоқ сөзіңнің.

Бөлніске жатқанға  
Бес күндей болыпты.  
Көңілді сұрауға  
Дос-жаран келіпті.

Әнуар, Айдархан,  
Елжастар келіпті.  
Көңілім жұбанған,  
Жүректі елітті.

Зәуре мен Рая да  
Келіпті, рахмет!  
Келіпті Дальтон да,  
Өкпелеп қалып ед.

Нүрекең келіпті,  
Дабылды қолтықтап.  
Кәдержан келмеді,  
Төсекте жатып қап.

Келіпті ауылдас,  
Жігіт пен қыздар да.  
Келіпті қарындас,  
Қара көз қимас та.

Рахмет, достарым,  
Жас жүрек қуанды.  
Толқып бір ой-толқын,  
Көңілім жұбанды.

*Алматы, қыркүйек 1953 жыл.*

\* \* \*

Оқу бітірген соң, 1957 жылы жас инженер-мамандар ретінде Өскемен қорғасын-мырыш комбинатының әр цехында жұмысқа кірісіп кеттік. Үш айға жетпей мен смена мастері болдым, ал Әнуарбек екінші мырыш цехында бірден смена бастығы болды. Басқа жолдастар да әр цехта еңбек ете бастады. Ол кездегі еңбекке деген құмарлықты айтып жеткізу оңай емес. Күні-түні цехтан шықпайтын уақыт болатын, жоспар орындалмады деген сөз болған емес. Сондықтан да біздің комбинат ұдайы 16 тоқсан, яғни төрт жыл бойы, Кеңес Одағында түсті металлургия саласында алдына жан салмады. Бәріміз аянбай еңбек еттік. Бұған “Правда” газетінің 1958 жылғы желтоқсан айындағы алғашқы

сандарының біріндегі бас мақаладағы: “Жас инженерлер Үсенов А., Смаилов Д., Курбатов В. сменалары жылдық жоспарды он бір айда орындады”, — деген ақиқат мысал бола алады. Міне, осындай жас күнінен бастаған ерен еңбегінің, халқына, еліне сүйіспеншілігінің арқасында Әнуарбек Үсенұлының үлкен лауазымдарға жеткені бәрімізге аян. Мен 1979 жылы Әнуарбек пен Күлзейнептің шаңырақ құрған тойының 25 жылдығына арнап былай деп жазыппын:

Цехтарда, зауыттарда, отты елесте,  
Ұйқысыз талай түндер өтті емес пе.  
Ет-бауыр елжіреткен сәби үні,  
Күйқылжып әсем күй боп қалды есте.

Тәтті түн, талай думан жол белесте,  
Талай сәт ашы минут өтті емес пе.  
Солардың біреуіне қажып талмай,  
Ән-ағаң Күлзейнеппен — жиырма бесте!

Ең өкініштісі, біз осындай аяулы досымыздан ертерек айырылып қалдық. Бұл — тағдыр шығар... Әлі де елінің өркендеуіне өз үлесін қосар еді, балашағасының қызығын көрер еді. Қайран достың жасамаған жасын Ермагі мен Рашидіне, Нұрланы мен Еркеніне, Баянына, келіндері мен күйеу баласына, немерелеріне берсін Алла тағала деп тілейік. Ән-ағаңның көрмеген қызығын солар көрсін, орындалмаған арманын солар орындасын дегеннен басқа не айтамыз.

Әнуарбек Үсенұлының қырқы 1997 жылдың мамыр айының екінші жұлдызы күні атап өтілді. Сол дастарханның басында отырып, бірнеше жақын

жолдастарымыздың хабар тимей, келе алмай  
қалғандарын естігенімде, төмендегідей өлең  
жолдары оралып еді көңліме:

Әнуар біздің ер еді,  
Қай жері кімнен кем еді.  
Үлкендерге іні боп,  
Кішілерді демеді.

Домбыра тартып, ән шырқап,  
Жатушы еді шалқақтап.  
Ән-аға деп атаушы ек,  
Жүрмеуші еді жалтақтап.

Көңілі оның кең еді,  
Алатауға тең еді.  
Алып та кетті-ау қу ажал,  
Кім айтар: “Қайтып келеді...”

Қолаң шашты арулар,  
Еріңнің басын сақтаңдар.  
Көңіл қосар достарын  
Тірісінде мақтаңдар.

Достарын әмән сыйлаңдар,  
Теріс жолға қимаңдар.  
Көзі тірі тұрғанда,  
Достарын әркез жинаңдар.

Жинаңдар досын, туысын —  
Көңілін көкке асырсын.  
Өлім күнде келмейді,  
Бір күні келер жасырын.



---

Болмасақ та бір кіндік,  
Қырық бес жыл бір жүрдік.  
Құлын-тайдай ойнадық,  
Бәрі болды-ау бір күндік...

*Желтоқсан 1999 жыл.*

## ЖАҚСЫМЕН ЖАҚЫН ЖҮРСЕҢ — ЖАНҒА ЖАЙЛЫ

Сапар Байжановтың бұрын “Социалистік Қазақстан” газетінің бас редакторы кезінде сырттай атын естігенмен, түсін түстемеген едім. Ол кісімен кезіктірген 1975 жыл мен үшін ерекше жыл болды десем, артық айтқандық емес.

Қазақтың таукен-металлургия институтын бітіргеннен бастап Өскеменнің қорғасын-мырыш комбинатында еңбек ететінмін. Алматыға әртүрлі қызметке неше мәрте шақырылғанмен дәм тартпады ма, “отпен ойнап, құрышпен қайнап” дегендей жүре беріппін. Дәм айдап, 1974 жылдың қыркүйек айында Түсті металлургия министрлігіне жұмысқа ауысып, Алматыға келдім. Бір жылға жуық үйсіз жүріп қалдым... 1975 жылдың тамыз айында М. Төлебаев және Гоголь атындағы көшелердің қиылысқан жеріндегі сәулетті биік үйден пәтер алған соң Өскеменнен бала-шағамды алып-келіп, көшіп кіріп жатқанбыз, мәзбіз, мәре-сәреміз. Жоғары-төмен, әрлі-берлі жүгіре басып жүгімізді тасып, көмектесіп жүрген жігіттерге рахметімді жаудыра, қолға ілінген затты ала-мала жоғары қабатқа көтерілемін. Өстіп сапырылысып жүрген бір мезгілде үшінші қабаттағы пәтердің ашық

есігінен шыға келген орта бойлы, ықшам денелі, бидай өңді жігіт:

— Ассалаумағалейкум, аға, қоныс құтты болсын! — деп сәлем берді, құшағымыз айқаса кетті. Жалт қарасам, ҚазМУ-дың профессоры Хозе Дияс Қазыханов екен.

— Қозы-жан, рахмет, қарағым, сен де осы үйге көшіп кіріп жатырсың ба? Жақсы болды ғой, көрші болсақ,— деп мен де қуанып қалдым. Аягөзде мектепті бізден 2-3 жыл кейін бітірген інішек еді. “Мен емес, Жүке, менің жақын туысым Сапар Байжанов ағайды көшірісіп жатқаным ғой” — деді Қозы сәлем соңынан.

“Үй алма, көрші ал” деген емес пе аталарымыз. Ел-жұртына танымал, халқына қадірлі адаммен танысу, іргеміз жарасып жақын көрші болу, өрелі де білікті ағаймен пікірлесудің, ұлағатты ойларын естудің реті келсе қандай ғанибет, деп іштей қуанып қалдым.

Сонымен, астананың орталығында орналасқан кең пәтерге жайғасып, қызмет бабына кірісіп те кеттік.

Арада бірер күн өткенде таңертең есіктің қоңырауы қағылды, ашсақ, әйел затының нағыз толықсыған шағы, жанары күлімдеп, жылылық тартқан бидай өңді келіншек сәлемдескен соң: “Біз сіздердің төменгі қабаттағы көршіңіз едік, біздің төбеден су ағып кетті, қараңызшы, кран ашық қалған жоқ па екен?” — дегені. Қысылып қалдық та, жалмажан суы бар бөлмелерді аралап көрсеттік. Еш жерде су кетіп жатқан жоқ. Езу тартып жымыды да:

— Онда мына төменгі үйден болар, соған барайын. Әйткенмен, анықтағанша жуынуды да

доғара тұрыңыздаршы, — деген өтініш айтып шығып кетті. Көршіден мұндай “шабуылды” күтпеген біздер қысылып қалсақ та, талабын орындай тұруға бекіндік. Осыдан біраз күн өткен соң қоңырау қағылып, әлгі көршіміз тағы келіп тұр. “Үлкендік жол көрсету ағадан деген, біздің үйдегі отағасы Сапекең екеуіміз сіздерге ерулік беруге, жақынырақ танысуға шақыра келдім”, — деп күні мен уақытын айтты.

Межелі уақытында Сапар ағаның, Күләш жеңешеміздің ақ дастарханында елімізге әйгілі ағалар мен апаларымызбен дәмдес болып, әсем әзіл-қалжыңдарына, сазды ән-күйлеріне тәнті болдық.

Алғаш рет Сапекеңмен осылай таныстық, осылай ақ дастарқан үстінде сұхбаттастық, ағалық жол көрсетіп, бізді қолтығының астына алды. Сол күннен бері ширек ғасыр өтіпті. Содан бері отбасыларымыздың әрбір көрген қуанышын бірге бөлісіп, жүрек сыздатар шақтар болса, бір-бірімізге иық тіреуге тырыстық. Күләш жеңешеміз біздің Қамариямен апалы-сінділі қарым-қатынас деңгейінде, балалары Ұлан, Нұрлан, Ерлан, Назым мен біздің Серік, Гүлнар, Айгүлдер қатар өсіп, бір мектепте кластас оқыды. Тату-тәтті отбасында өскен олардың әрқайсысы өзгерген өміріміздің жаңа талаптарына сай бола білді, бүгінде халқына адал еңбек атқарып жүр.

Отбасы — тәрбие ошағы ғой. Ата-ана тату-тәтті тұрса, бірін-бірі алғашқы кездескен сәттегідей сыйлап, құрметтесе, бала да көргенін, естігенін жүрегіне ұялатады, кейінірек өмірдің нешеме талқысына түссе де, сол балалық шағында алған өнеге ізімен туған-туысын, жан-жағын аялауға тиіс десек, сол талаптан табылған балаларымызға ата-аналары — біздер ризамыз.

Адам өмірінде ірілі-ұсақты қуаныштар кез болып тұрады ғой. Сондай қуаныштардың бір ерекшесі алғаш немерелі болу деп білемін. Оған Сапекең мен Күлекеңнің тұңғыш немересі Манастың өмірге келуі, өзіміздің де немерелі болған шағымыз куә.

Кешкі тамақтан соң біреуіміз қолға газет алып, біреуіміз теледидар алдында жайғасқан шақ еді, телефон шылдырлай жөнелді. Телефоннан Күлекеңнің даусы жарқын-жарқын шығады: “Шүйінші, Жөке, немерелі болдық, біздің үйде ұлан-асыр той, келіңіздер, қуанышты бөлісіңіздер.” Шамасы, қуанышын басқа достарына да жеткізуге асықты білем, “Құтты болсын!..” — деуге әрең үлгердік, телефон даусы үзілді.

Қаман екеуіміз бірнеше минуттың шамасында үшінші қабаттағы Сапекеңнің үйінің есігін ашып, Күлекеңді құшақтап, әже болуымен құттықтап, баланың бауы берік, ата-анасының дендері сау болсын айтып жаттық. Осы кезде телефон шырылдап қоя берді. Ыстық көлде демалып жатқан Сапекең екен. Ата болғанын естіген соң, жақын досы Мұқан Мамажановпен және басқа қырғыз ағайындармен бірге (олар да тойлап жатса керек) ақылдасып, алыстан нәрестеге “Манас” деген атты ұсынып жатты. Біздер Сапекеңнің туыстарымен бірге Манастың дүниеге келгенін паш етіп, таң қылаң атқанға дейін Күлекеңнің мол дастарханында тойлағанбыз. Атасы мен әжесінің тынысына айналған сол Манасымыз да ер жетіп, мектеп бітіргелі отыр. Тек атасы Сапекеңнің осы қуанышты көрмей кеткені ғана өкінішті.

Отбасында сыйластығы жарасқан Сапекең зайыбын еркелетіп, “Күләшка” деп, оның өзін сәндеп, созыңқырап айтушы еді. Біз оған қызығатынбыз.

Күлекеңнің 60-қа келгенін, екеуінің шаңырақ құрғандарына қырық жыл толуын Сапекең ұлан-асыр той жасап қарсы алды. Осы шат-шадыман тойдың Қаман екеуміз де куәгері болдық, қуанышқа ортақтасып, биге араластық, тілегімізді айттық. Сапекең мен Күлекеңнің бақытты отбасынан өнегелі тәрбие алған ұлдары ұяда, қыздары қияда екенін айта келіп, құттықтауымызда:

Сәні мен әні жарасқан,  
Ерекше күймен сыйласқан.  
Күлекең мен Сапекем  
Қырық жыл бірге отасқан!

Құтты болсын мерейтой!  
Жарасты өмір қызық қой!  
Көкке өрлеп көңіл-күй,  
Жадырасын тұла бой, —

деген шумақпен аяқтағаным есімде.

Расында да, Сапекең отырған дастарханын, бас сұққан шаңырағын қатты сыйлаушы еді. Қай үйде болмасын, отырған жерін ән мен биге толтырып, көңілді күйге бөлейтін. “Әлі репертуардан шықпаған әнді айтып жіберейінші”, — деп орнынан түрегеліп, өзіне кең де жайлы жер таңдап алып, оң қолын жоғары көтере, оң аяғымен жер тарпи тұрып, бабымен шырқай жөнелгенде әнмен бірге балқып, көңілі шалқып, әсем бір күйге бөленетін.

Сапар ағаның жолдас-жораға деген ашық та жарқын мінезі жайында сөз болғанда, өзіміз куә болған бір жәйтті айта кеткім келеді.

Ініміздей болып кеткен Төлеген Бабықбаевтың баласының үйлену тойы өтіп жатқан. Жиналған

туыс, дос-жолдастар, ауылдастар Төкеннің көл-көсір етіп жайған дастарханның басында екі жасқа арнаған ақ тілектерін айтуда, ән мен күй құйқылжуда, бұрала билеп кеткен жұрт, әр тұстан қыз-келіншектердің сыңғырлаған күміс күлкісі қоңыраудай сылдырайды. Сол кеште Сапекең Күләш жеңгемізді бүгін көргендей-ақ кейіпте — аш белінен айқара ұстап, музыка әуенімен бірге балқып билеп жүрген. Музыка толас тапқан кезде қарасам, Күлекеңді еркелей құшақтап, бетінен сүйді де, қолтығынан алып, жаңағы биге шыққан орнына қарай аяндай берді.

Осы кезде “Сапар” деген бөгде әйел даусы естілді. Сапекең үн шыққан жаққа жалт қарады. Бірақ, таныс адамы көзге түсе қоймады. Таңырқай қарап тұрғанда үн шыққан жақтан: “Сапар-ау, шыныменен мені танымадың ба?” — деп, әжептәуір толық денелі, кара-торы, ақ шашты әйел орнынан тұра бастады. Сапекең сол сәтте әйелдің даусы мен танадай көзінен таныды ма, жақындай барып құшақтай алды.

“Мә... сен Райхан емессің бе? Көрмегелі көп жылдың жүзі болды ғой, танымай қалғаным рас. Қайда жүрсің. Сағындық қой,” — деді. Сол кезде әлгі әйел де таймас екен: “Сағынсаң сүйіп алмайсың ба, әлде әйеліңнен қорқып тұрсың ба?” — дегені. Сол-ақ екен, Сапекең қасындағы Күлекеңе де, бізге де қарамай бас салып ерінге жабысты. Біздер аңтаңбыз. Күлекең де состиып тұрып қалды. Бірақ Күлекең сыр берген жоқ, бізге қарап: “Мына кісілер мауқын бассын, біз тысқа шығалық”, — деп өзі жол бастап кетті. Жеңешеміздің жүзінен сыртқа шыққанда да қобалжу байқалмады. Сапекеңнің “Райхан емессің бе” дегенінен ол кісі жайында

білетіні байқалды. “Студент кезінде досының ғашық болған қызы ғой, бірақ бұның өзі ол жігітті емес Сапекенді жақсы көрсе керек. Сапекеннің досқа деген адалдығы емес пе, қыздың жақсы көргенін біле тұра сыр бермеді. Енді, міне, 45 жылдан кейін кездесіп тұр ғой”, — деп жымыды. Соңымызды ала шыққан екеуі бізге қарай беттеп келеді. Соны байқап, Қаман екеуміз биге араласып кеттік. Күлекең келіп таныстырып жатқанын да көрдік. Сапекен тағы бір келіншекті биге іліп әкетті де, Күлекең әлгі әйелмен әңгімелесіп қалды. Күлекеңнің жайбарақат кейпіне, жымия сөйлеп тұрған жүзіне қарап қандай ұстамды жан деп таң-тамаша қалдық. Той тарқарға жақын қоштасар сәтте Күлекең әлгі әйелге арнайы барып: “Сіз туралы көп естігенмін, әбден қанықпын. Жол түсіп біздің жаққа келген екенсіз, құрбыңыздың от жаққан жерін, балашағасын көріп, қонақ болып қайтыңыз”, — деп үйіне шақырды. Ол болса: “Сіз ғажап адамсыз, Сапаржан шын бақытты екен, рахмет пейіліңізге, билет алулы, таңертең қайтамын, сау болыңыз!” — деп жатты.

Сапекендермен тойға бірге барғанбыз, бірге қайттық. Асфальт жолмен ызғытқан мәшине ішінде әркім өз ойымен келе жатқан. Бір кезде Күлекең “Алғашқы махаббат жүректі тербейді” деген әнді сызылта салып, Сапекенге қарап, сықылықтап күліп алды. Бізден ыңғайсызданды ма Сапекен: “Күләшка, өзің білесің ғой, студент кездегі Баймырза жақсы көрген Райхан ғой, үнемі айтушы едік қой, көп жылдар көрмесе де танығанына риза болып кетсем керек, еш нәрсеге қарамай сүйіп алыппын ғой”, — деп ақтала сөйлесе де, байырғы әдетімен саңқылдай күліп алды. Мен болсам іштей: “Аңқылдаған ағатай-



ай, қазір мәз болып отырсыз, қуырдақтың көкесі үйге барған соң болмаса жарады ғой. Манағы әйел қайдан тап бола кетіп еді. Қырық жылдан аса тату-тәтті жарасты өмірлеріне сызат түспесе неғылсын”, — деймін. Осындай ойлар қаумалап, қобалжып отырғам. Күлекең әлгі әнді тағы бір қайталады да: “Сапеке, Райхан 45 жыл бойы өзіңді естен шығармай жүрсе, сөз жоқ, қандай әйелге тап болды екен деп ойламады дейсің бе? Қарап тұрсам мен одан он жастай жас екенмін, өнім де, дене бітімім де оның қасында киіктің лағындай көріндім. Ақыл-парасат жағынан да биіктен көрінуім керек қой” — деп, Райханды үйге қонаққа шақырғанын, оның ризалықпен қоштасқанын әңгімелеп берді. Біздің де жүрегіміз орнына түскендей жайбарақаттанып, басқа әңгімеге ауыстық. Мен сол жолы Күлекеңде іштей қызғаныш болмады деуге сенбеймін. Соны қасындағы біздерге де, ойда жоқта тап болған әйелге де білдірмей, Сапекеңнің тойдан алған жақсы әсерін бұзбай, ең бастысы азаматының атақ-абыройын қызғыштай қорып, сыннан әдемі шыққанына риза болдық. Тегінде қызғаныш әр адамның басында болады ғой. Мына жұмбақ қызғаныш отбасының қызығын бөтен көзден парасаттылықпен қорғаумен алмастырды. “Құда да тыныш, құдағи да тыныш” дегендей екеуінің де сезім күйлеріне, сыйластығына сызат түскен жоқ. Міне, ғажап! Осы оқиға төңірегінде Сапекеңнің Күлекеңе риза болғандығын “Парасат” (1998, №2) журналында жарияланған әңгімесінен де оқып мәз болғанымыз бар.

Сапекең кең пейілді, ақжарқын жан еді ғой, өзіне ғана емес, бүкіл жұртқа, айналасындағы барлық жамғатқа жақсылық болсын деумен өмір сүрді.

Жұмысты қойып, зейнеткерлікке шыққан кезінде қаланың тау бөктеріне жақын ауданға қоныс аударды. Қаланың ығы-жығы көшесінен, шаңы мен күйесінен алшақтау, таудан самал соғатын таза ауалы аудан, демалысқа тәуір жер көрінді.

Біраз күннен кейін Сапекең біздің үйге телефон соғып, аман-саулықтан кейін: “Жөке, бұл жақтың ауасы таза, көп шу жоқ екен. Оның үстіне өздеріңді сағынатын болдық. Мен осы маңайдан өздеріңе үй іздейін, айырбастаушы табылса, көшіп келсеңдер қайтеді?”—деген ой бастады.

Мен ләм-мим деп ештеңе айта алмай қалдым — төтеннен айтылған ой еді бұл. Тек: “Ойланайық, Сапеке”, — деп қана қойдым.

Осы бір Сапекеңнің жылы бір лебізі — ағалық қамқорлығы Қаман екеуміздің жүрегімізге үлкен әсер етті. Сапекеңнің айналасына жақсылық қана тілейтін кең пейілінің айнасы ретінде көрінді, үлкенге іні, кішіге ағалық қамқорлық мінезін танытты бізге. Және бұл ой бір-ақ рет айтылып қана қоймады, әлденеше рет қайталанды. Тіпті бір ретте Қамарияға телефон шалып: “Қамаш қарағым, үйлеріңді біздің жаққа айырбастау туралы хабарландыру іліп қойдым”,— депті. Жаңа үйіне біздерді шақырып, аттары елімізге әйгілі азаматтармен талай рет табақтас етті.

Сапекеңді еске алғанда ерекше айтатын тағы бір қасиеті — ол кісінің сөзге тұрақтылығы, келіскен уәдеге беріктігі, осы мінезі арқылы айналасын қадірлей сыйлайтынын көрсетуі, оларға өзіндей қарап, ілтипат етуі. Өмірде естіп те, көріп те жүрміз — өзгені сыйламаудан шығатын мінез көрсететін адамдар аз ба өмірде. Айтқанын, уәдесін орындамай тайқып

кететіндер де, басқа жұрттың уақытымен санаспай, көңіл-күйін ардақтамау да кездеседі. Жәй қарапайым мысал ретінде айтайын: кейбіреулер шақырылған жерге 1-2 сағат кешігіңкіреп, кергіңкіреп келеді, ондайлар өзін басқалардан жоғары санай ма, әлде сондай тамақ өзімізде де бар ғой, уақытты жоғалтпайық дей ме, әйтеуір, өз басым мұндайларды түсінбеймін.

Ал, Сапар аға ондай жан емес. Шақырған үйдің шаңырағын сыйлаушы еді. Кейде, тіпті, қайта хабарласып, шақырылған уақытын тәптіштеп сұрап та алатын. Сонан соң сол үйде жолыққан азаматтарға да үлкен ілтипатпен, сыпайы жүзбен қарайтын. Көңілді қалжыңы, әсем ән, биімен бір көрген жанға да жақсы, сүйкімді әсер қалдыратын. Осы әдетімен Сапекен Күләш жеңгемізді қолтықтап 1998 жылдың көкек айының төртінші жұлдызы күні дәл уағдаласқан сағатта біздің үйдің табалдырығын аттады. Қолтығында қысқан екі кітапты көзім шалып қалды. Үй-ішінің аман-саулығын сұрасып болған соң:

— Кейінгі кезде жарық көрген екі еңбегімді үй-іштерің жарық болсын, осылардағы жақсы мінездер үрім-бұтақтарыңа дарысын деген тілекпен, — деп, бізге ұсынды.

Рахметімізді айтып, “Құштарлық қуаты” атты кітапты ашып қарасам, төмендегі тілекті білдіріпті:

### **“Қадірлі Жолдасбек—Қамария!**

Әр кітап жазушының ішінен шыққан перзенті. Оның да жаны бар, жүрек лүпілі бар, өзіндік демі мен лебізі бар.

Солай деп қарасаң, осы кітаптан да өздеріңіз

әжептәуір білетін аға-бауырларыңның қасиеттерін, мінез-құлқын, жүрек дірілін, адамдарға, өмірге құштарлығын андау қиын емес. Бірге жүрген, аралас-құралас, дәмдес-тұздас күндерді еске ала жүріп оқындар.

*Шын көңілден,  
Сапар-Күләш  
Байжан-Ата.*

04.04.98.”

Расында да, осы ойларда жан да бар, ағалық жүрек лүпілі де бар, пәлсапалық ой туындысы да бар емес пе? Неткен ғажап! Аз сөзге көп мағына сыйғызу.

Сол жолғы отырысты кинолентаға түсіріп алыптын. Ырғағымен баптап тұрып айтатын әні де, сәнді биі де, терең ойлы сөзі де бар. Сапекендей абзал ағамызды сағынған кезде өмірінің осы бір сәтін экранға шығарып, қайта қарап, көңілге медет етеміз!

Он жеті жыл бір үйде көрші тұрып, бірге тумасақ та ағалы-інілі адамдардай, ылғи да дәмдес, сырлас болдық, жиі араласып тұрдық. Жұмыстан қолы босап кетсе, телефон шалып, “Жөке, жүр, серуендеп қайтайық” деуші еді. Панфилов атындағы паркте таңертең бой жазу кезінде, неше түрлі той-томалақтарда бірге болғанда Сапекеннің бірде-бір рет қатты шыққан дауысын, сасқалақтаған пиғылын көре алмадық. Сыпайы жай сөйлеп, көңілді күлкімен езу тартып, айтқысы келген ой түйінін баппен, сол қолының сұқ саусағын жоғары көтеріп алға ұстап, нығыздағандай етіп, тыңдаушыларына түсінікті болсын деген мағынамен жеткізуші еді. Ел аралап келіп, болып

жатқан жетістіктерге қуанушы еді, жыр қылып, өнеге ретінде айтушы еді. Замандастарының жақсы іс-өрекетін қолдап, қолпаштап отырушы еді. Адам — пенде демекші, біреуді қаралап, біреуді саралап, жайратып салушылар, “соны қойшы” дейтіндер де кездеспей ме өмір болған соң. Жиырма үш жылдай дәмдес болып жүргенде Сапекеннің бірде-бір адам жайында артық сөз айтып, бірде-бір жамағатты балағаттағанын естігеміз жоқ, тіпті, өзіне тас атқандарға да дәмнің киесі тисін деді-ау деймін.

Балалық кезі соғыстың ауыр жылына тап болып, ерте есейген, елу жылдай халқына адал еңбек етіп, ұлан-ғайыр тарихына ортақ болып, өмірге деген құштарлығын, өмірден көрген, көңіліне түйгендерін ерінбей-жалықпай қағаз бетіне таңбалап, келесі ұрпаққа ұлағат есебінде қалдырған өнегелі ағаларымыздың бірі — Сапар Байжановпен қоштасқанымызға да жылдан асып барады.

Уақыт өткен сайын, Сапекеннің қаламынан шыққан еңбектерін қайталап оқыған сайын, дәм-тұзымыз араласып, сыйластықпен бірге өткен күндер жиі еске түседі. Несін айтасыз, Сапар аға сегіз қырлы, бір сырлы, өмірінде адалдықтың ала жібін аттамаған абзал азамат еді ғой. Дос-жолдасқа, ағайын-туысқа, көрші-қоланға деген ниеті алабөтен жан еді.

Кей кезде осындай жаны таза адаммен ақыл қосқыңыз келеді, қасымызда жоқтығы жанға батады. Сол уақытта еңбектерін қолға алып, ақылдасқан боласың, толғанасың.

Сапекеннің қазасын естігенде көңілге келген мына бір шумақтармен жазбамды аяқтауды жөн көрдім:

Алғашында ақыл-ойға сыймаған,  
Суық хабар келіп жетті тосыннан.  
Сенерімді білмеймін, сенбесімді,  
Озды дей ме, Сапекем бұл жалғаннан.

Жақын күнде болып едік үйінде,  
Терең ойы қонған еді көңілге.  
Төкең, Көкең, Шекен-аға, Әбекең  
Мәз болып ек, аман-есен көргенге.

Көз тастасам өткен күн белесіне,  
Оның қайтып білемін келмесін де.  
Бірге өткізген әр сағат Сапекеммен —  
Жұмақ екен, осыған сенесің бе.

Жақын жүрсең жақсыға жанға жайлы,  
Білігі ұшан-теңіз, терең ойлы.  
Аз көрінді сыр шерткен соншама жыл  
Төбіренткен толғантып өмір жайлы.

Баға жетпес Сапекем адам екен,  
Асыл ойды жаныма жинап берген.  
Енді міне, көзімнен бұл-бұл ұштың,  
Жайсаң мінез, өр тұлғаң кетпес естен.

Сан хикая жазған ең ақ ниетпен,  
Еңбекқор ең өрмелеп шыңға жеткен.  
Жанға батқан науқаспен арпалысқан,  
Екі жылда қос кітап жазып кеткен.

Не боларын ертеңін кімдер сезген,  
Дос-жаранды жанына жия білген.  
Жаны таза, салмақты, өнегелі,  
Көңілімнің төрінде қалды бейнең.

Ат мінгізіп, шапан жаба алмадым,  
Сезінбеппін сап алтындай салмағын.  
Соңғы жазған кітаптарын оқып мен,  
Неткен абзал жан еді деп таң қалдым.

Неткен абзал жан еді деп таң қалдым,  
Сырын ашып беріпті ғой жалғанның.  
Әрбір ойы, сезімдері іш тартып,  
Пәлсапалық күй шертеді жазғаның.

Өкпесі жоқ өмірге бақытты жан,  
Десек те ерте кеттің бұл жалғаннан.  
Өлді деуге бола ма, өлмейтұғын  
Көсемсөзбен артына із қалдырған.

*Алматы, 2000 жыл.*

## ТІРШІЛІК ҮШІН КҮРЕСПЕН ӨТКЕН КҮНДЕРІ

1999 жыл. Тамыз айы. Алматы қаласының шығыс жағындағы қыраттардағы Кеңсай зираты. Қаралы жиын. Күннің табының ыстықтығына қарамай жиналған қалың ел. Халқымыздың қаһарман ұлы Бауыржан Момышұлының жерленген бейітінің алдындағы алаң.

Осы араға Кешірім Бозтайұлының мүрдесі салынған табыт та жеткізіліп, биіктеу бағанға орналастырылды.

— Көрнекті қоғам қайраткері, партия, еңбек ардагері. Қазақ еліне еңбек сіңірген қызметкер. Экология халық академиясының академигі, Семей мемлекеттік медицина академиясының құрметті профессоры Кешірімхан Бозтайұлы, — дей бергенде даусым дірілдеп кетті білем, аздап кідіріп қалдым ғой деймін, ұйқыдан оянғандай, үнім созыңқы ақырын шықты:

— Осы жылы жетінші тамыз күні ауыр науқастан дүние салды, — деп біраз үнсіз қалдым. Одан соң қатар жүрген жарты ғасыр өмірдегі Кешірімнің бейнесі көз алдыма келгендей болды да, сөзімді жалғастырдым:

— Ол 1933 жылдың маусым айының 25 жұлдызында Семей облысының Аягөз ауданының Ақшатау ауылында өмірге келген еді.



Аягөз қаласындағы теміржолдың №8 қазақ орта мектебін, онан соң Қазақтың тау-кен институтын бітіріп, еңбек жолын Өскеменнің қорғасын-мырыш комбинатында 1956 жылы қарапайым жұмысшы болып бастап, осы ұжымның партия комитетінің хатшылығына дейін өсті. Содан соң 1973—1987 жылдарда Шығыс қазақстан облысының партия комитетінің хатшысы, атқару комитетінің төрағасы. Ал 1987—1991 жылдары Семей облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы, облыстық атқару Кеңесінің төрағасы болып қызмет атқарды.

Совет Одағының халық депутаты, бірнеше мәрте республиканың Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды, Отанымыздың ордендері мен медальдары оның кеудесіне тағылып еді.

Кешірім Бозтайұлы — Шығыс Қазақстан және Семей облыстарының экономикасы мен мәдени өрлеуіне елеулі үлес қосқан азамат. Сол тұстағы әлеуметтік мәселелерде талай пайдалы істердің бастамашысы болды. Семей атом полигонын жабуға алғашқылардың бірі болып бойындағы барлық күш қуатын, ақыл-ойын аямай жұмсады. Зейнетке шыққаннан соң да полигонның халықтың денсаулығына тигізген зиян зардаптарын жеңілдету шараларын ойластырды. Халқымыздың абзал да зиялы азаматтарымен біріге отырып, 1996 жылы “Полигон-29” атты халықаралық қайырымдылық қорын құрды. Сол ұжымның төрағасы ретінде елеулі еңбек атқарды. Осы полигонның пәлекеттері жайында, ел басына әкелген зияны жайында үш ғылыми-деректік кітап жазып жариялады. Әлемдік, одақтық және республикалық басылымдарда Семей синдромы туралы ол жазған ондаған мақалалар

жарық көріп, Семей полигонының сұмдықтарын Невада нәубеттерімен салыстыра отырып, жалпақ өлемге жар салды, ақырғы деміне дейін күресіп, көз жұмды.

Дауысым әлсіреді білем, аздап тыныштық орнады. Жиналған жұртта үн жоқ. Мен өзіме келіп:

— Құрметті қауым,— дедім. Үнімді кеудемнен сығып шығарғандай, — туыстар, достар. Кешірім Бозтайұлын ақырғы қайтпас сапарға шығарып салуға арналған қаралы жиын ашық деп санаймын.

Павлодар облысының әкімі Ғалымжан Жақиянов, Шығыс Қазақстан облысының тобын бастап келген Орекең Малдыбаев, Семей қаласының тобын бастап келген Жақан Исмағұлов, Италияда жүрген Олжас Сүлейменовтың тапсыруымен Семей-Невада қозғалысының басшылары, бірге оқыған, еңбектес болған азаматтар Кешіріммен ақырғы қоштасу сөздерін айтты.

— Саналы өмірін халқына адал қызмет етуге арнаған, пайым-парасатты, мақсатқа берік, болашаққа сенімді, сол сенімі бойынша туған топырағын осы заман зардабынан айықтыру жолындағы алғашқы күрескерлердің бірі болған және сол жолда денсаулығын сарп еткен әріптесіміздің, аяулы досымыздың азаматтық тұлғасы мен қасиетті бейнесін біздер ұмытпаймыз,—деп қаралы жиынның жабық екенін жарияладым.

Денем ауырлап, май шамдай бір мезетте жанып сөнген достың енді алыстағанын сезіндім білем.

Қаралы митинг осылай аяқталып, Кешірімнің мүрдесі Алматы қаласының Кеңсай зиратына жерленді, марқұмға арнаған құран оқылып, ас берілді...

“Қош бол, аяулы дос, алдың жарық, иманды бол деп”, — тарасты жұрт. Ойлап қарасақ, соғыс кезінде, одан кейінгі ауыр жылдарда бір тілім қарананды бөліп жеп, бірге өсіп, біте қайнасқан, жақсылықты да, қиындықты да, қызықты күндерді бөліскен достардың біразы көзден ғайып болып, фәниден бақиға аттанып та кетіпті ғой... Олардың көбінің жастары жетпіске де жетпепті ғой. Міне, “қамшының қысқа сабындай өмір” деп айтатыны осы шығар. Құлын-тайдай жас күннен бірге өскен Марақ, Кешірім, Сәрсен, Мүбәрәк, Тұрлыхан, Тұрсынхан, жоғары оқу орнында бірге оқыған Мұрат, Сырым, Болат, Жантөре, Сейіт, Ораз, Аманкүл, Әнуарбек... Енді міне, Кешірім...

Бірақ, тәубе деу керек “Алла-тағаланың әркімге өлшеп берген өмірі бар” дейтін жас кезімізде үлкендер. Оған біздер — октябрат, пионер, комсомол болдық қой, сенбейтінбіз. Енді ойласақ, сол рас болғаны да...

Өйтпесе, өмірге деген құлшынысы бар, дені сау адамдар да леп-лезде о дүниеге аттанып жатыр ғой...

Мен 1986 жылы қатты науқастанып, ауруханада үш айдай жатып қалдым. Қараша айының төртінші жұлдызы күні аты әлемге аян оқымысты, сол кездегі республиканың денсаулық министрі академик Мұхтар Әлиұлының қолының жеңілділігімен, зор мамандығының арқасында (Алла-тағала қолдаған шығар) үлкен қауіпті қатерден операция жасалып, аман қалдым. Мұқаңның адамгершілік қасиетін, адам жанына деген қамқорлығын көріп таң қалдым, ақ халатты жандардың еңбегінің арқасында аман-есен сауықтым. Қараша айының басында жұмыс бабымен Мұқаң жол жүріп кетіпті. Ал операция

қарашаның төрті күніне тағайындалған еді. Мұқаң келмейтін болыпты дегенге қобалжыдым. Бірақ, шешінген судан тайынбас деген, келісім бердім. Операцияның столына жатқызып, дайындық жүріп жатқан кезде, есік ашылып, “Амансыздар ма” деген дауыс естілгендей болды. “Мұхтар Әлиевич келді” деді дәрі беруші дәрігер. Көңілім сол сәтте орнына түсті де, ұйықтап кетіппін... Көзімді ашсам, біреу басымда төніп отыр. Байқаймын, Мұхтар Әлиевич, “құдай-ау, операция әлі бітпеген бе” деп ойлағандай боламын. Мұқаң күле қарап: “Жақсы, жақсы” деді. “Сағат неше” дедім мен. “Сегіз жарым”. Таң қалдым... “Құдай-ау, сағат он еді ғой” деппін. “Жоқ, бүгін айдың жетінші жұлдызы ғой” деді Мұқаң. “Аллау, сонда мен үш тәуліктей ұйықтағанмын ба” деймін ішімнен, сығалап көзімді ашып, Мұқаңа қарап, жымыып күлген боламын.

Артынан білдім, Мұқаң жетінші қарашада өтетін алаңдағы жиынға бара жатып, әдейі ерте келіп, менің халімді білмек екен.

Мұқаң мен сияқты жүздеген, тіпті мыңдаған ауруды емдеді емес пе, ол солардың әрқайсысына осылай көңіл бөлсе, неткен азаматтық, неткен адамгершілік. Мың да бір алғыс пен көп жасаңыз, Мұхтар аға, деуден басқа сөз бар ма!

Сонымен, науқастың ауыр болуына байланысты, емханада көп жатып қалдым. Дос-жарандар, туған-туыс жақыннан, алыстан да келіп хал сұрайды. Бірақ, сол қыста тұмау ауруы қатты болып, емханалар, мектептер, балабақшалары, театрлар жабылған еді. Алыстан келген ағайындар, туыстармен кездесе алмадық, терезе әйнегінен ғана ымдастық.

Бірақ, сол күндердің бірінде қолына пальтосын

ілген Кешірім кіріп келді. Қалай кіргеніне таң қалдым. Ұзақ уақыт әңгімелестік.

Шаршап жатсам да, Семей облыстық партия комитетінің бірінші хатшысының әдейі арнап хал сұрап келгеніне көңілім көтеріліп қуанып, қалдым. Бір кезде Кешірім өзіне тән жымыған күлкісімен мырс етіп, “әй” деді. Мен көзімді оған аудардым. Бетіме тік қарап алып, “ұйқың қалай?” деді. “Шүкіршілік”.

“Тамаққа зауқың қалай?” “Аздап ішемін” дедім мен. Кешірім мырс етті де, “ал қыздарға көңілің қалай?” деді. Олар ойымда деп, Кешірімнің қалжыңын түсініп, мен де жымыйған болдым.

“Ал ондай болса, қыздардан ойың болса, тез сауығып, көп жасайды екенсің” деп сықылықтап күлді де, “осы біз сексен жасқа дейін өмір сүруіміз керек” деген еді.

Әттең, Кешірімнің бұл арманы орындалмай қалды ғой. Семей облысының партия ұйымының бірінші хатшысы болып сайланған соң ауыл-ауылды, елді мекенді аралады. Полигоннан зардап шеккен жұртты көріп, күйзелді, не істеу керек, не істеуге болады деген сұрақтарды өзіне-өзі қойып көп толғанды.

Ақыры белді бекем буып, СОКП Орталық Комитетінің бас хатшысының атына полигонның халыққа келтірген зияны жайлы мағлұмат беріп, жабу керектігі жайында сөз көтеріп, шифрограмма деп аталатын жеделхат жіберді.

Ол шифрограмманы Горбачев Қорғаныс министрі Д. Т. Язовқа береді. Соңғысы “К. Бозтаев халықты бүлдіріп жүр” дейді. Орталық Комитеттің бір жиынында М. С. Горбачев Бозтаевты сынға алады. Осы жайды кейін бізге Кешірім былай айтып еді:

“Орнымнан қалай тұрғанымды білмеймін, әйтеуір, Михаил Сергеевич, жиыннан кейін мені қабылдасаңыз екен деп қалдым”. Мұны күтпеген Горбачев “жарайды” деп қалады да, қабылдайды. Кешірім жағдайды баяндайды. Сонымен Семей өңіріне бірнеше комиссия келіп, Кешірімнің жүйкесін шаршатады. Әйтеуір, ақырында әртүрлі қаулы алынып, полигон жабылды.

Бірақ та, Кешірімнің денсаулығын ала кетті емес пе... Халқым деп соққан жүрегі мезгілсіз тоқтады.

Кешірімнің өмірге деген құштарлығы жас күнінен бастап-ақ білінген еді.

Өмірдің талқысымен Ұлы Отан соғысының ауыр жылдарында аш-жалаңаш, киімсіз аяздарда бүрсеңдегенде, алтын мен күміс қоспасын алудағы жаңа технологияны онсыз жүргізе алмаса да, Мемлекеттік сыйлықтан оның есімін алып тастап, озбырлық көргенде де, жаңа заман келгенде өзі басқарып отырған облыстың кілтін одан алып, жұмыссыз қалғанда да мойығанын көрген емеспін.

Соғыстан кейінгі 1945 жылдың күзінде Аягөз қаласының №8 теміржол орта мектебіне бесінші класқа келіп оқуға түскеннен таныспыз. Біздер Сәрсен Дүйсенбаев, Марақ Омаров, Кешірімхан Бозтаевпен тату-тәтті жүріп араласып кеттік. Ол кезде, күніне екі жүз грамм карточкамен қара нан жесек те, оқуға деген, келешекке деген құштарлық қандай еді. Тіпті соғыс жылдарында сия да, дәптер де жоқ, пештің мұржасындағы күйеден езіп сия, газет беттерінен дәптер жасап, жазу жазушы едік. Өлең жазып, домбыра тартып, ән шырқап, мектепте неше түрлі пьеса қойып, концерттер беруші едік. Қазақтың тау-кен институтында оқып жүрміз.

Кешірім төртінші курстан кейін Шымкенттің қорғасын зауытына практика өтуге жүретін болды. Ол кезде қызықты студенттік шақ. Жолдастар, достар жиналып екінші Алматы вокзалына Кешірімді апарып, пойызға отырғызбақпыз.

Кешірімнің Күлзиямен танысқан кезі еді. Олар жатақхананың бөлмесінде жекеленіп қалып қойды. Зада Қарғажанов Кешірімнің ауылдасы ретінде жасы үлкен болса да оның жүгін алып, вокзалға біздерден бұрынырақ кеткен еді. Біз келсек, чемоданды ұрлатып алыпты. Кешірімге қалай айтпақпыз, киім-кешегі, ақшасы, көп жылдар бойы жазып жүрген бірнеше өлең, пьесалары, әңгімелері, күнделігі құрыды ғой. Кешірімхан “әттең, жазғандарым” деді де, көзі жаутаңдап жан-жағына қарады. Біздер де қиналдық... Бірақ, амал жоқ... Қалтамыздағы бар тиын-тебенімізді жинап беріп, жолға шығарып салдық.

Кейін, оқу бітіріп, Өскемен қаласында тұрғанда бірнеше шығармалар, өлеңдер жазды. Алғашқы екі жылдай Өскеменнің қорғасын-мырыш комбинатында жұмысшы болып істеді. Бұл жылдары жас маман-инженерлерді бірден смена бастығы етіп тағайындайтын. Ал біздер жұмыс орнын ұқыптауды жөн көрдік. Осыдан соң смена мастерлігіне тағайындады. Оның еңбегі жайында мен 1960 жылдың 16 қазанында облыстық “Коммунизм туы” газетінде төмендегідей материал жариялаған едім.

## Смена бастығы

### I

Цехқа смена басталардан жарты сағат бұрын

келген Кешірімхан жұмыспен танысуды қорғасын құятын машинадан бастады. Жабдықтар жанында әлі жұмыс істеп жатқан сменаның мастери Я.З. Бейлин жолдас тұр екен.

— Сәлеметсіз бе, Яков Зиновьевич?— деп күлімсірей жақындап Кешірімхан оның қолын алды.

Бейлин де оның қолын асығыс қысып:

— Жұмысқа келіп қойғаның ба, Кешірімхан Бозтаевич? Мен қазір ораламын, — деді де, машинаның арғы жағынан айналып кетті. Жүрісі шапшаң.

Кешірімхан оны күтіп тұрмады, артынан ере барды да:

— Неге асығыссың? Бізге жұмыс қалдырмайын деп пе едің? Бағана машинаға таянғанда-ақ ол жұмысшылардың қимылының шапшаң екенін аңғарып қалған.

— Жоқ, Кешірімхан Бозтаевич, сендерге де жұмыс жетерлік. Бірақ біз таза қорғасынды құюды аяқтағымыз келіп еді. Өзімнің де көмектесіп тұрғаным сол ғой, — деді шалдыққан өңін жымыған күлкі жеңген Яков.

— Ал, ендеше жүр, қазандарға барайық!

Екеуі цехты аралап кетті. Яков Кешірімханға жұмыс жайын баяндап, технологының тапсырмасын ұсынды. Жұмыс көлемін есептеп, тапсырмамен танысқан соң алаңда біраз ойланып тұрған Кешірімхан раскомандировкаға аяндады. Онда отырған өзінің сменасының жұмысшыларымен амандасып, сөзді кешегі күннің жұмыс қорытындысын талдаудан бастады. Әр жұмыс орнында болған жетістіктермен қатар кемшіліктерді бүкпей айтты.

Біз кеше сменалық жоспарды 109 процент орындадық. Бұл біздің — коллективтің Никита Сергеевич Хрущев жолдас бастаған совет делегациясының



Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының XV сессиясының жұмысына қатынасып отырған тарихи күндерде бейбітшілік ісіне қосқан үлесі.

— Дұрыс айтасыз, жолдас мастер, — деді аға рафинировщик Н.В.Лоскутов орнынан қозғалып қойып.

Кешірімхан көңілді отырған жұмысшыларды көзімен бір шолып өтті де:

— Ал, жолдастар! Енді қарқынды кемітпейік. Әкіметіміздің бейбітшілік жолында жұмсап отырған күш-жігерін осындай еңбегімізбен қолдай түсейік. — Мастер сменаның тапсырмаларын саралап айтып түсіндірді.

— Сұрақтарыңыз бар ма?

— Ал сменаны қабылдайық, — деп мастер орнынан тұрды. Жұрттың барлығының көзінде ойнақшыған жалын бар. Рафинировщиктер Е.Бахарев, Д.Белов, П.Евстафьев, Л.Домничев, крановщиктер Т.Абызбаев, Д.Сочнев, лаборантка А.Симакова бір үйдің жанындай шүйіркелесіп өзді-өзі жұмыс орындарына тарай бастады. Бірлігі нығайып, ынтымағы артқан осы смена коллективінің айтқанын орындайтынында ешкімнің де күмәні жоқ еді.

## II

— Алыстағы Ақшатаудың басына шығып, қыр желінің лебіне кеудесін тосқан кішкене Кешірімхан кен іздеуші геологтарды көргенде мен де осылардай болып туған жердің ең қойнауындағы кенін ашып, ел керегіне жаратсам-ау деуші еді. Осы бір ой ол Аягөз қаласында мектепте оқып жүргенде де, ауылда жұртпен бірге еңбек еткенде де әрдайым жадында болды.

Кешірімханның бұл ойы 1951 жылы Алматыда кен-металлургия институтында оқып жүрген досы Қарғажанов елге келгенде беки түсті. Осы ойын қозғай келіп Кешірімхан:

— Жақсы ендеше, — деді ол досы Задаға, — Отанға сен жер қойнауынан кен әпер, ал мен оның металын айырып ұқсатайын. Metallург боламын, — деп өзіне біткен жылы жүзбен жымия күлді. Ата-бабасы ойлап та көрмеген инженер-металлург болу тек қана бүгінгі советтік өмірде іске асатынына көзі жеткен Кешірімхан қырандай қанат қақты. Ол он класты үздік бітіріп, Алматының кен-металлургия институтына түсті. 1956 жылы Кешірімхан инженер болып шығып, кенді Алтайдың жүрегі — Өскемен қорғасын-мырыш комбинатына келді.

Бір жарым жыл қорғасын заводының рафинация цехында істеді. Күрделі қорғасын рафинациясын инженерлік сезіммен меңгеріп алды. Цех басшылары жас инженердің іске ынтамен кіріскенін байқады да, оған күрделі инженерлік ой керек болатын жұмыстарды жүргізуді тапсырды.

Кешірімхан бұрынғы ретортты пештерге карағанда екі-үш есе өнімді және түсті металлургиядағы соңғы жаңалық купеляция бөліміндегі электропешті іске қосуға үлкен үлес қосты.

Қорғасынды тазартқандағы күміс көбігін дистилляциялауда мырыш тотығын таза мырышқа айналдырып ұшырып жіберу үшін ағаш көмірі қолданылатын. Ол тез жанып кетіп, пеште тиісті ауа жасай алмайтын да, мырыш толығымен ұшырылмайтын. Ағаш көмірінің орнына металлургиялық кокс пайдалану да ештеңе бермеді. Ол қайта толық жанбай, металлургиялық шлакпен кептеліп, бойынан электр тоғын өткізіп, пештің дұрыс жұмысын бұзды.

Түсті металлургияға жаңалық болып енген бұл пештің жұмысы бірден жақсармады. Цех пен ВНИИцветмет ғылыми қызметкерлері көп ізденді. Кешірімхан да талмай ізденді. Ақыры тас көмір қолдану керек деген ұсыныс енгізді. Бірақ тас көмір күлінің көптігін еске алған пештің авторлары бұл ұсынысқа қарсы болды. Өз ойының дұрыстығына көміл сенген Кешірімхан ұсынысынан қайтпады. Осымен қатар шлақтың да құрамын өзгерту керек деген батыл ойын айтты. Ол ағаш көмірінің орнына тас көмірді қолданып, пештің жұмысының тұрақтылығын көрсетті. Кешірімханның бұл батыл ұсыныстары іске асып, пеш жақсы жұмыс істейтін болды. Бұл жаңалық 141 мың сом жылдық өнім берді.

Адалдығымен, істе ынта-жігерімен танылған Кешірімханды цех басшылары смена бастығы етіп тағайындады. Кездескен қиындықтарды өзіне тән шыдамдылықпен, іскерлікпен жеңген Кешірімхан білімді, ұйымдастырушы екенін көрсетіп, смена коллективін цех бойынша үздік алып шықты. Оның сменасында биылғы жылы бірде-бір өндірістік тәртіп бұзу, жұмысқа кешігу, шықпай қою, сапасыздық фактісі болып көрген жоқ. Басқа сменалардан барлық көрсеткіштерімен озып, жыл басынан бері екі рет заводтың ауыспалы Қызыл туын, ақшалай сыйлықтар алды. Заводтың әкімшілік басшылары мен партия және кәсіподақ ұйымдары Кешірімханды Құрмет грамотасымен наградтады.

Қазақ ССР-інің 40 жылдық мерекесі құрметіндегі вахтада Бозтаев жолдастың сменасы үсті-үстіне жаңа табыстарға жетуде. 9 айлық жоспар мерзімінен бұрын 16 сентябрьде орындалды. Қазір смена жылдық жоспарды мерзімінен бір ай бұрын орындау үшін күресуде.

## III

Алаңда қорғасын тазарту процестерін бақылап жүрген Кешірімхан висмуттан тазартатын қазанның жанына келіп, процестің аяқталғанын байқады. Сменаның лаборантқасы А.Симакованы жанына шақырды да:

— Саша, тезірек тексерші висмутты, процесс аяқталады-ау деймін,— деді.

Смена бастығы рафинировщиктерге қазанды белгілі температураға дейін суытуға нұсқау берді. Сонан соң телефон бөлмесіне кірді де, технологиялық журналды толтырды. Телефон шылдыр етті.

— А, Сашасың ба? Висмут жақсы тазарған деймісің. Онда дұрыс болды. Кешірімхан қайта алаңға шықты.

— Қалай, Михаил Валентинович, сменалық жоспарды орындап жібердік емес пе,— деді ол жақындап келген аға рафинировщикке.

— Айтқан сөзді орындау әрқашан да бізге тән ғой, Кешірімхан Бозтаевич. Орындалды!

Смена бастығы мен аға рафинировшы өз жұмыстарының жемістерін қуанышпен қорытындылады.

*Жолдасбек СМАИЛОВ,*

*инженер.*

*В.И.Ленин атындағы*

*Өскемен қорғасын-*

*мырыш комбинаты.*

Кешірімнің осындай ұйымдастырушылық қасиетін көрген өнеркәсіп бастықтары оған сілтілеу бөлімінің меңгерушісі орнын берді. Коммунистер цехтың партия ұйымының хатшысы етіп сайлады. Ол енді бүкіл цех

ұжымының социалистік жарыста алдыңғы шепте болуына атсалысты.

Өскемен қорғасын-мырыш комбинатында еңбек етуді жас мамандар өзімізге мақтаныш тұтатынбыз. Біздер 1955—1958 жылдары оқу бітіріп, осы ұжымға келген Леонид Слободкин, Елемес Сағынбаев, Иван Багаев, Сауық Тәкежанов, Кешірімхан Бозтаев, Жақып Ибрагимов, Болат Әлібаев, Ахат Күленов, Әнуарбек Үсенов, Герман Кучин, Павел Готкин, Ораз Дүйсебаев, Аманқұл Байжанов, Нағима Молдаханова, Қайдар Юсупалиев, тағы басқалар осы комбинатта аянбай еңбек еттік.

Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты расында да тек Қазақстанда және Совет Одағында ғана емес, дүние жүзіндегі алып өнеркәсіп орны еді ғой. Бұл салада оған тең келетін тек Канаданың “Трэйл”, мен Австралияның “Порт-Пири” өнеркәсіп орындары еді. Кезінде комбинатта жиырма бір түрлі металл, отызға жақын өнім шығарылатын. Жылына 186 мың тонна қорғасын мен 200000 мың тоннадан артық мырыш өндірілетін.

Артем Мисакович Вартанян басқарған комбинат бүкілодақтық жарыста отыз алты тоқсан бойы, яғни тоғыз жыл көш бастап келді, бірнеше ордендермен марапатталды. Онға жуық Социалистік Еңбек Ерлері шықты. Бұл ұжымда еңбек етіп, тәрбие алған мамандар республиканың, одақтың басқару орындарына шақырылды. Комбинаттың жұмысымен танысуға шет елдерден, одақтан неше түрлі делегациялар келетін. Еліміздің партия және мемлекет қайраткерлері А.Косыгин, Н.Рыжков, Д.Қонаев, Н.Ломоко, тағы басқалар да ұжымның жұмысымен танысатын.

Мамандарды тәрбиелеуде, ой-өрісін өсіруде комбинат басшылары А.Вартанян мен И. Ворониннің, бас инженер Фельдманың, С.Такежановтың еңбектерін атап өтпеуге болмас. Бас инженер ай сайын уақыт тауып әрбір жас мамандармен, инженер-техникалық қызметкерлермен әңгіме өткізетін, немен шұғылданатынын қадағалап отыратын, тіпті кітапханадан қандай материалдар алып оқығандарымызды қадағалайтын, түрлі техникалық тапсырмалар беріп, баяндамаларымызды тыңдайтын. Сондықтан техникалық білімін, мәдениетін көтермейтін кемде-кем еді, көбіміз республикаға еңбегі сіңген өнертапқыш атағын алдық. Бүкілодақтық көрменін сыйлықтарымен, одақтық орден-медальдармен марапатталдық.

Ұлы Отан соғысы басталған шақта Кавказдағы Орджоникидзе қаласынан мырыш заводын Өскемен қаласына көшіріп әкеліп, ол 1946 жылы іске қосылған еді. Заводтың көптеген мамандары бірге келген. Партия ұйымының хатшысы Давид Наумович Додин Өскеменде еңбек етіп, зейнетке шықса да, мырыш заводында есепте еді. Мен алпысыншы жылдардың басында комбинаттың кәсіпорынның төрағасы болып қызмет атқарғанымда, ақыл айтып, көмектесуші еді. Әсіресе, 1962 жылы Совет Одағының делегациясының мүшесі ретінде жастар мен студенттердің Хельсинки қаласындағы 8-ші дүниежүзілік фестиваліне баяндама жасауға дайындық кезінде, “Восток ” футбол командасын құрып, Москваның “Спартагының” жастар тобынан Адайкин, Бурлаков, Ульяновтарды алып келгенімде ақыл айтып, көмек жасаған еді.

Ғылыммен айналысуға бел буып, бірінші күйдіру цехына ауыстым. Сол күндердің бірінде, әңгімелесіп отырып, Д.Н.Додин қаланың партия ұйымының

бірінші хатшысынан алған тапсырмасын айта отырып:

— Жолдасбек, қай цехтың партия ұйымының жұмысын қалалық партия бюросына қарауға болатынын айта аласың ба?— дегені. Мен мүдірместен: — Рафинация цехының, — дедім үлкен сенімділікпен. Оның себебі Кешіріммен ылғи да ақылдасып, пікір алысып жүретінбіз ғой.

Біраз күннен кейін Д.Н.Додин ұсыныстың дұрыс екенін, рафинация цехының партия ұйымының жұмысын Өскемен қалалық партия комитетінің бюросында талқылайтындығын айтты.

Бюрода цех партия ұйымының жұмысы жақсы баға алып, Кешірімнің партия жұмысын ұйымдастыру қабілеті көзге түсіп, біраз уақыттан соң комбинаттың партия ұйымының хатшысы болып сайланды. Осы кезде комбинаттың партия ұйымы техникалық прогреске, шикізатты қалдықсыз өндеуге, еңбеккерлердің әлеуметтік жағдайына т.б. мәселелерге көп көңіл бөлетін. Сондықтан да 1973 жылы партияның Орталық Комитеті Өскемен мен Балқаш комбинаттарының партия ұйымдарының жұмысын тыңдап, оң баға берді. Кешірім абыроймен Москвадан оралды. Көп кешікпей Шығыс Қазақстан облысының партия ұйымының хатшысы болып сайланды.

Кешірімнің партия-совет қызметкері, Семей полигоны жайындағы ерен еңбегі көп айтылып, жазылып та жүр. Таң қалатын бір нәрсе, қайда, қандай еңбекте жүрсе, де қай салада, қай мінбеде тұрса да, кеңпейіл ғана мінез көрсетуші еді. Жас күнінен бірге өсіп, біте қайнасқан жолдас-жорасына, достарына қызмет бабына сай өркөкіректік, менмендік көрсеткен жоқ еді. Қайта жақын тартып, қызметтен қолы аз да болса босай қалса, уақыт тауып, әңгіме-дүкен құрып, сыр бөлісуші

еді. Өмірде Кешірімнің ренжігенін бір-ақ рет көрдім. Ауырып қалғанын естіп Қаман екеуміз халын сұрай барғанымызда:

— Қаман, беда пришла,— деп төмен қараған еді.

Біздердің тұла бойымыз дір етіп, оған тіке қарай алмадық.

Осы сөзі рас болды ғой.

Атом бомбаларының жарылысы тіршілікке, оның ішінде адамдарға көп зиян әкелмейді деген ойларын дәлелдегісі келген әскери генералдармен пікір таластырып жүріп, жарылыс болған алаңдарды аралап, шахталарға түсіп жүргенде зиянды сәулелердің өзінің денсаулығын жойғаны аян болды ғой... Сені сауықтыратын ем табылмады ғой.

Қу ажал дәлдеп садағын саған оқтады,  
Мазасыз өткен өмірің кенет тоқтады.  
Достарың, туыс, ұлдарың мен қыздарың,  
Артыңда қалып бәйбішең сені жоқтады.  
Тоқтатпақ болып бомбаның ызың үндерін,  
Тіршілік үшін күреспен өтті күндерің,  
Құлақта тұр әлі де толқып естіліп,  
Халқыңа арнап шертілген сенің күйлерің.

Сенің ұйымдастырған “Полигон-29 ” атты халықаралық қайырымдылық қорының жұмысын ұлық Нұрлан жандандырсын. Тілектеспіз.

*1999 жыл.*



# МЕТАЛДАР МЕН ГАЗДАР ӘЛЕМІ

*(Ғылыми-көпшілік мақалалар)*



## МЕТАЛДАРДЫҢ ТАБИҒИ ҚҰРЫЛЫМЫ

Адамзат ерте заманнан-ақ жер қойнауларының қазба байлығын аңыз етіп, ертеқ-жырларға айналдырған.

Араб ертегісіндегі Әли-бабаның таудың жақпар тасына еніп, көзі көрген алтыны мен күмісі, белгілі совет жазушысы П.Бажовтың бүкіл әлемге танылған “Малахит қобдишасы” атты кітабындағы, сол сияқты басқа да халықтардың аңыз-ертеқтеріндегі қымбат тастар жер қойнауындағы сарқылмас байлықтың кішігірім ғана бөлшегі ғой.

Әлем дүниесіндегі барлық заттар (вещество) молекулалар мен атомдардан тұратынын қазіргі ғылым дәлелдеп берді. Нан мен тұздың, ауа мен судың, топырақ пен жанармайдың молекулалары тек өзіне ғана тән атомдардан тұрады. Жерде кездесетін үш мыңға жуық минералдар (тастар) 92 түрлі элементтен тұрады. Бұл минералдар өзара қосылу арқылы неше түрлі затқа — известняк, гранит, доломит, тағы сондай алуан тау жыныстарына айналады. Элементтер өзара әр түрде қосылып, тірі емес дүниеде кездесетін бес миллионға тарта химиялық қоспа жасайды.

Жер шары — ғаламат үлкен химиялық лаборатория. Байырғы заманнан бері онда неше түрлі химиялық

реакциялар үнемі қозғалыста болуға мүмкіндік туып отырды. Мұнда жүздеген ғасырлар ішінде мыңдаған градус жылу мен миллион атмосфералық қысым да болды.

Әлденеше түрлі химиялық реакциялар алмасуына ыңғайлы жағдай жасалған кезде біздің планетамыз пайда болғанға ұқсайды. Содан бірте-бірте өсімдіктер дүниесі мен тіршілік пайда болады. Бертін келе адамзат пайда болды.

Тіршілік үшін күресте біреу ең алғаш от алды, біреу анды өлтірді, етін жеп, терісін өзіне киім етті, бертін келе мыс пен қорғасынды өз керегіне жаратты. Ал қазіргі уақытта өзі басқаратын электронды машиналар да жасалды, атомның шексіз бөліне беретініне де көз жеткізіп отырмыз. Тіпті Жер емес-ау, Айдың да бетінде базальт атты минералға ұқсас заттың бары анықталып отыр. Оның құрамында 53-63 процент оттегі, 15-21 процент кремневка, 4-8 процент алюминий, үш проценттей күкіртпен қосылған темір, кобальт, никель, аздаған магний, көміртегі, натрий бары да анықталды.

Қазіргі кезде ғылымның болашағы үлкен, ашылмаған дүниенің әлі де талай қызықтары көп. Кейбір деректерге қарағанда, ертедегі римляндар сегіз түрлі металды ғана білген. Олар — алтын, күміс, мыс, қалайы, қорғасын, темір, сынап және сурьма. Орта ғасырларда мырыш, висмут және мышьяк ашылды. 1763 жылы ұлы ғалым М. В. Ломоносовтың өзі тек алты түрлі металл бар деп түсінік берген еді. Ол алтынды, күмісті, мысты, қалайы, темір мен қорғасынды ғана қыздырып соғуға (ковать) жарайды деп металл есебіне жатқызды. Отанымыздың ұлы ғалымы Д. И. Менделеев өзінің периодтық заңын

ашқан кезде елуге тарта металл ашылған болатын. Ал қазір сексенге жуық металл бар. Олардың арасында ертеден аты белгілі — қорғасын, мыс, темір, қалайы, алтын, күміс, платина, кейінгі кезде жасанды түрде алынған — кюрий, фермит, менделеевий, технеций, курчатовий, тағы басқа металдар бар.

Курчатовий атты элементті 1967 жылы біздің оқымыстылар ашса, бүгінде 105 элемент ізделуде. Бұл элементтерді тексеру, олардың физикалық, химиялық қасиеттерін табу қазіргі заман ғылымының ғана қолынан келетін іс. Себебі 104-ші элемент 0,3 секунд қана өмір сүреді екен. Ал 105-ші элемент 0,03 секунд қана өмір сүрмек. Ал СССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі В. И. Гольданский 138-ші элементке дейін ашылуы мүмкін деген дерек айтты. Профессор Струтинский 110-шыдан бастап, әрі қарайғы элементтер тұрақты болуға тиіс деген болжам жасауда. Сонымен, келешекте де жасанды түрде жаңа металдардың аттары естіле бермек.

## МЕТАЛЛ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

М.В.Ломоносов: “Металл дегеніміз — қатты, жылтырауық, қыздырып соғып, соғуға келетін заттар” деген еді (Металл — тела твердые, ковкие, блестящие). Сондықтан да ол сынапты металл емес деп санаған болатын.

Элементтердің атомдары оң зарядты ядро мен оны

айналып жүретін сол зарядты электрондардан тұрады. Химиялық қосылыстарда электрондарын басқа атомға оңай беріп, өзі оң зарядталып қалатын элементтер металдар деп аталады. Сондықтан да олар электр тогы мен жылуды өз бойларынан оңай өткізеді.

Олар тарихи қалыптасуына байланысты қара және түсті металдар деп екі үлкен топқа бөлінеді. Қара металдарға темір, хром, марганец жатады.

Ал түсті металдар физикалық-химиялық қасиеттеріне байланысты бес топқа бөлінеді. Олар: 1. Жеңіл түсті металдар — алюминий, магний титан. 2. Ауыр түсті металдар — қорғасын, мырыш, мыс, никель, қалайы. 3. Кіші түсті металдар — кобальт, кадмий, молибден, вольфрам, сурьма, сынап, висмут. 4. Асыл түсті металдар — алтын, күміс, платина, палладий т.б. 5. Сирек кездесетін металдар — лантан, уран, литий, бериллий т.б. Барлығы 60-қа жуық.

Біз Менделеевтің периодтық жүйесінде жүз төрт элемент бар дедік. Оның сексенге жуығы металдар, қалғандары металл еместер: инертті газдар (гелий, неон, аргон т.б.), галогенидтер (фтор, бром, йод) және т.б.

Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін еліміздің байлығы қарыштап өсті. Озық ғылымға сүйене отырып, адам игілігіне жұмсау үшін жер қойнауларынан, ауадан, судан Менделеевтің периодтық системасындағы элементтердің дерлігі алынуда. Тек қана Түсті металлургия министрлігіне қарасты кәсіпорындар 72 элемент бөліп алады. Ал 1913—17 жылдары небәрі 15 элемент қана алынған екен. Біздің республикамыздың, оның ішінде Шығыс Қазақстанның жер қойнаулары орасан зор байлыққа толы, ондаған жаңа алып кен орындары ашылып, заводтар салынуда.

Төменде біз газет оқушыларына жан-жақты мағлұмат беру мақсатымен кейбір металдар мен элементтердің құрылымы жайлы сөз етпекпіз.

### Қорғасын

Бұдан 5-10 миллиард жыл бұрын біздің Күн системасы құрылып, 2,0 миллиард жыл бұрын Жер планетасы қалыптасып, қатыпты. 0,9-1,0 миллиард жыл бұрын жер бетінде тіршілік өмір пайда болыпты. Ал адам ше? Адам бұдан бір миллион жыл бұрын пайда болыпты.

Осы жайды қайдан біле қойдық деген сұрақ туып отыр ғой.

Кейінгі оншақты жылдар ішінде ғалымдар археологиялық табыстар мен тау жыныстарының жолын бұлжытпай айыратын жол тапты. Кейбір элементтер радиоактивтік қасиетіне байланысты белгілі бір уақытта басқа элементке айналады. Баршасында десек те болар-ау, тау жыныстары мен минералдың қай-қайсысында болмасын аздаған радиоактивті элемент бар. Мысалы — радий. Ол сәуле шығарған басқа элементтен белгілі бір уақытта пайда болады да, өзі де сәуле шығарып, белгілі уақытта келесі элементке айналады. Радийдің шашқан сәулесі — гелий атты инертті газға, ал өзі қорғасынға айналады. Қорғасын — радиоактивті элементтердің ең соңғысы, ол сәуле шығармайды.

Біз тау жынысында радийдің қанша екенін, жылына одан қанша қорғасын пайда болатынын анықтасақ, сол тау жыныстарындағы қорғасынның жалпы мөлшері арқылы оның жасын дәлме-дәл айыра

аламыз.

Міне, біздің күнде көріп, қолмен ұстап, өмірде пайдаланып жүрген қорғасын техникаға ғана емес, ғылымның дамуына да керемет зор пайда келтіретін болыпты-ау.

Қорғасын бәрімізге ертеден белгілі көкшіл-күлгін, жұмсақ, өте ауыр металл. Ол Менделеевтің периодтық кестесінде 82-ші орында, атомдық салмағы 207,2; көбінесе екі валентті, төрт валентті түрде де кездеседі. Егер қорғасын түйіршігінің бетін тырнақпен сызсаңыз із қалады, қорғасынның өзі ақ қағаздың бетіне қоңырқай таңба түсіреді. Қорғасыннан жалпақ табақшаны оңай жасауға болады, бірақ оны қатты затпен соғып, жаншу арқылы сым жасауға келмейді.

Не балқыған, не қатты күйінде қорғасын ешбір газды өз бойына қабылдамайды. Қорғасын құрғақ ауада және ауаның ерітіндісі жоқ суда көп бұзыла қоймайды. Ал дымды ауада қорғасын тез тотығып, күлгін түс тартады. Бірақ осы жұқа шел өте берік те, қорғасынның әрі қарай бұзылуына жол бермейді. Өзіндік салмағы 11,35. Бұл — судан 11 есе, темірден 1,5 есе ауыр деген сөз.

“Сол бір шақта қолы шығып, шігесіне қорғасын құйылған қошқар сақамен тақырда қаз-қатар тігілген кейлерді алыстан болжай, бірінен соң бірін ұшыра бастаған Шоқан...” делінген екен С.Мұқановтың “Аққан жұлдыз” атты Шоқанның өмірі жайындағы үлкен еңбегінде (1-кітап, 218-бет). Сақаның салмағын ауырлату үшін қолданылатын металл ертеден-ақ қорғасын екен.

Қорғасын — ерте заманнан-ақ белгілі болған металл. Әрине, ол мыс пен темір тәрізді адамзат



тарихына үлкен айғақ тастаған жоқ. Әйткенмен, балку температурасының 327-ақ градус болуы кейбір өрттерден кейін жер бетіне жақын жатқан рудалардан балқып таза қорғасын түрінде табылуына себепкер болғанға ұқсайды. Осы себептен европалықтар үй шатырларын қорғасын табақшаларымен ертеден-ақ жаба бастапты. Ал тіпті Рим империясының тұсында қорғасыннан жасалған құбырлар арқылы қалаға таза су да тартылыпты. Бертін келе қорғасыннан тиын-тебен, мылтықтың оғы жасалды. Қазіргі кезде қорғасын типографиялық шрифтер, ақ түсті сырлар, бытыра, оқ-дәрілер, аккумуляторлар жасауға, көптеген басқа да өнеркәсіптерде қолданылады. Электротехникалық өнеркәсіпте сымдардың беті тотықпау үшін қорғасынмен қапталады. Қорғасын өнімінің 15-20 проценті осы мақсатқа жұмсалуда. Автомашиналар мен тракторлар тез көбейіп келеді. Оларға аккумуляторлар ауадай керек. Олардың қораптары мен ішкі шілтерлері қорғасыннан жасалады. Металлургия және химия өнеркәсібінде қышқылды ерітінділер құятын кеспектер мен жәшіктер қорғасынмен қапталады. Қарыштап дамып келе жатқан атом өнеркәсібі, егер қорғасын болмаса, қалай өркендер еді. Қорғасын гамма сәулелерін өз бойына сіңіреді. Сондықтан одан атом өнеркәсібінде түрлі бұйымдар жасалады. Ал қорғасынға қосылған мыстың, мырыштың, сурьманың, қалайының бронза, баббит, лагуньдеп аталатын және балку температуралары төмен қоспалар болмаса, машина жасау және электротехника өнеркәсібі қалай өркендеген болар еді. Қорғасын тотығы резеңке, ыдыс-аяқ, шыны жасау өнеркәсібінде де ерекше орын алып отыр.

Автомашиналарды жүргізуге қолданылатын бензин жарылыс бермеу үшін оған қорғасынды тетраэтил қосылады.

Сонымен, бүгінде қорғасынның жұмсалмайтын орны кемде-кем. Егер 1800-ші жылы бүкіл дүние жүзінде 30000 тонна қорғасын өндірілсе, 1959 жылы тек қана капиталистік елдер 1610000 тонна қорғасын өндірді. Ал АҚШ пен Англия ғана жылына 1400.000 тонна қорғасын пайдаланады.

Мына бір цифрлардан 1961 жылдың наурыз айында Англияның қорғасынды қайда, қалай жұмсағанын көруге болады: кабель — 6,20 процент, трубалар мен табақшалар — 20,13 процент, аккумуляторлық батареялар — 18,53 процент, тетраэтилді қорғасын — 7,10 процент, бытыра — 1,51 процент.

Қорғасынның және оның тотығының шаң-тозаңы аса күшті у. Ол дем алу, тамақ ішу жүйесімен адамның қаны арқылы денеге тарайды. Қанның гемоглобинін азайтып, адамның ішін қатырып, қатты ауруға шалдықтырады.

Сондықтан да біздің қорғасын өңдейтін кәсіпорындарымызда жұмысшылардың денсаулығын сақтау үшін ерекше шаралар қолданылады. Қорғасын өндіретін кәсіпорында осы шараларды ұқыпты орындап, ондаған жылдар бойы өнімді жұмыс істейтін, дендері сау жүздеген адамдарды көріп жүрміз.

Кен жыныстарында қорғасынның таза минералдары осы кезде кемде-кем кездеседі. Ол мырыш пен мыстың және толып жатқан сирек кездесетін элементтердің минералдарымен қоспа ретінде табылып жүр. Полиметалды рудаларда қорғасын көбінесе күкірттен қосылған — галенит атты күлгін түсті минерал түрінде кездеседі. Галенитте қорғасын күкірттен алты жарым есе көп, өте ауыр минерал.

Заводтарда қорғасын таза түрінде бөлінетін минералдың екінші бір түрі — церуссит деп аталатын ақ түсті минерал. Онда 77,5 процент қорғасын мен 22,5 процент көмір қышқылы газы бар. Бұл да түсті минерал. Табиғатта қорғасынның 49 түрлі минералы бар.

Кейбір деректерге қарағанда, қорғасын біздің дәуірімізден 5-6 мың жыл бұрын ертедегі Египет жерінде күміспен бірге алына бастағанға ұқсайды. Бұдан 6-7 мың жыл бұрын мыңдаған құлдар мен тұтқындар Нубин тауында жер астындағы қорғасын-күміс рудниктерінде еңбек еткен сияқты. Ол кезде қорғасыннан тиын-тебен, қадақ, тотықпайды деп кейбір ыдыс-аяқ жасалған көрінеді.

Ол кездерде металдарға бай ғана рудада қорғасын 10 проценттен кем болса, онда ол кен орнында жұмыс тоқтатылатын. Ал қазір қазылып алынып жүрген полиметалды кендерде 1-2 процент ғана қорғасын бар. Сонымен бірге біз жоғарыда айтқандай, бұл рудаларда мырыш, мыс, алтын, күміс, кадмий, темір, индий, германий, теллур, висмут, күкірт, т.б. ондаған элементтер бар. Рудада орта есеппен бес-алты процент мырыш, 0,4-0,6 процент мыс, 100 грамм күміс, 0,24 процент кадмий бар. Ал басқа металдар бұлардан ондаған, жүздеген, тіпті мыңдаған есе кем. Адамзаттың алдында осы металдарды айырып алу мақсаты қойылған. Рудаларда ақ тастары мен күм-қиыршық та өте көп. Оларды бөліп тастаса концентраттарда металдар едәуір көбеймек. Сондықтан кен байыту фабрикаларында концентраттар да бөлінеді. Қазірде полиметалды кендерден қорғасынның, мырыштың, мыстың, темірдің концентраттары айырып алынып жүр.

Кендерден концентраттар алуға ХХғасырдың басында флотация деп аталатын әдіс табылды. “Флотация” деген сөз ағылшынның — қалқу, шығу деген сөзінен алынған.

Егер ұнтақталған руданы сабынның көбігі, не болмаса көбік шығатын басқа заттар ерітілген суға салса, су жұқпайтын кейбір минералдар көбікпен бірге су бетіне шығады да, кейбірі судың астында қала береді.

Бұл әдісті Канадада үй шаруасындағы бір әйел тауыпты деген аңыз бар. Кен салған қапшықтарды жуған кезде сабынның көбігімен пайдалы минерал су бетіне қалқып шығыпты да, саз бен құм тегененің түбінде қалыпты.

Бұл әдісті адамзатқа үйректер үйретіпті деген де аңыз бар. Алтынға бай көл суында жүзіп жүрген үйректердің майлы қанатына алтынның ұнтақтары жабыса беріпті. Кейіннен әр минералдың өзіне тән көбік жасайтын заттар табылды. Осы заттарды алма-кезек руда салынған суға күйіп, араластырған соң металдардың концентраттары алынып жүр.

Концентраттардың құрамында 75 процентке дейін қорғасын бар. Сонда қорғасын 1 проценттен 75 процентке дейін көбейтілді ғой. Қаншама керексіз саз бен құм байыту фабрикаларының маңында қалды десенізіпші, заводтарға керексіз саз бен құм азайтылып, оларды таситын көліктер босады емес пе. Ал алтын, күміс, кадмий және басқа сирек кездесетін металдар концентраттардың құрамында қалып, заводтарда қорығу процестерінде бөлініп алынады.

Заводтарда ең алдымен күкірт күйдіріліп, одан күкірт қышқылы алынады, металдар тотық түріне айналады. Осыдан кейін алынған агломерат кокспен қоса пештерге түсіріледі, ауа үрленеді. Темір, мырыш тотықтары құм және кальций тотығымен белгілі мөлшерде қосылып, қоқыс (шлак) ретінде қорғасыннан жеңіл болғандықтан бөлінеді. Ал қорғасын тотығы қара қорғасынға айналады. Қара қорғасында әлі де болса мыс, алтын, күміс, мышьяк, сурьма, теллур, висмут,

басқа да металдар бар. Бірақ олар небәрі 4–6 процент қана. Сондықтан әртүрлі химиялық реагенттердің көмегімен және де балқыған қорғасынның температурасын өзгерту арқылы осы қоспалардан тазартылып, тазалығы 99,99 процентті өндіріске қажетті қорғасын алынады. Бір қызығы, кейбір қоспалар басқа металдар мен қорғасыннан жеңіл қоспа беріп балқыған металдың бетіне қалқып шығу арқылы алынады. Мысалы, қорғасыннан алтын мен күмісті айырып алу үшін таза мырыш қосылады.

Енді жоғарыда айтқандарымыздан қорытынды шығаратын болсақ, бір тонна таза қорғасын алу үшін жүз тоннаға дейін руда қазып алу керек екен, оны байыту фабрикасында ұнтақтап үгітіп, концентрат алып, алыс-жақын заводтарға жөнелту керек екен. Заводтарда да таза қорғасын айырып алу оңай іс емес. Міне, кеншілер мен металлургтердің осыншама ерен еңбегінен кейін ғана өнеркәсіп мүддесіне жарамды металдар алынбақ.

Рудаларда қорғасын 1 процент дедік қой, ал кейбір металдар рудада 0,001 процент қана. Сонда оны тазалап алу қанша еңбекті керек етеді десеңізші. Сондықтан да біздің кеншілеріміз, байыпушыларымыз, металлургтеріміз сапасы жоғары әрбір грамм металл өндіру үшін атсалысуы керек.

Жер қойнауында 0,001 процент қорғасын бар. Бұл берилий, тантал, талий атты сирек кездесетін металдардан екі есеге дейін аз. Бірақ қорғасын әр жерде шоғырланып орналасқандықтан бұларға қарағанда өлдеқайда “оңай” алынады.

Біздің елімізде де қорғасын өндіру үлкен орын алады. Қиыр Шығыста, Кавказда, Орта Азия мен Қазақстанда металл түрінде қорғасын дүниеге

келеді. Қазақстанда еліміздегі қорғасын қорының едәуір проценті орналасқан. Аты әлемге әйгілі Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты, Лениногордың, Шымкенттің қорғасын заводтары еліміздің байлығын арттыруда елеулі орын алып отыр.

## Мырыш

Мырыш — сынған жері жылтырауық, күлгін түсті металл. Ол Менделеев кестесінде отызыншы орынға орналасқан, атомдық салмағы 65, 37; екі валентті, құрғақ элемент.

Құрғақ ауада мырыш бұзылмайды, ал дымқыл ауа мен көміртегі газы бар суда сыртқы қабаты тез тотығады. Ол тотық өте жұқа, мықты қабыққа айналып, мырыштың одан әрі бұзылуына жол бермейді. Мырыш қышқылдар мен сілтілерде тез ериді. Ас тұзы қышқылы мен сутегін бөледі. Мейрамдарда балдырғандар ұстап жүретін ауа шарларын осы әдіспен сутегімен толтырса, олар аспанда қалқып ұшады.

Мырышты Цельсий бойынша 100-150 градус аралығында қыздырса, жұқа табақшалар жасауға болады, тіпті осы жағдайда да ол темірден де оңай соғылады, қалыңдығы 0,05 миллиметрлік табақшаға айналдыруға да келеді. Ал қыздыруды одан әрі көтеріп, 250 градусқа жетсек, онда мырыш қайтадан омырылғыштық қасиетін табады, бұл температурада оны күлдей ұсақ ұнтаққа айналдыруға болады.

Мырыш 419 градуста балқиды, 906 градуста қайнайды.

Мырыш ертеден-ақ белгілі материалдардың қатарына қосылады. Бірақ оны таза түрінде емес, мыспен араласқан жез аталатын қоспа түрінде білсек

керек. Таза мырыш тек қана біздің дәуіріміздің бесінші ғасырында қытайлықтардың қолында болғанға ұқсайды.

Европада мырыш жайлы алғашқы мәлімет XVI ғасырдағы немістің дәрігері және жаратылыстанушысы Филипп Парацельстің еңбектерінде ғана кездеседі. Ал оны таза түрінде алудың жолы неміс металлургы И.Генкельдің еңбегінде жарияланған. Бұл 1721 жыл еді. 1743 жылы ағылшынның Бристоль қаласының маңында бізге белгілі бірінші мырыш айыру заводы салынған.

Металл рудасын қатты қыздырғанда ол буға айналып, газдармен бірге ұшады. Газдар жолында суық қабырғаға жанасады да, оған газ құрамындағы металл жабысып қатады. Руда салып қыздыратын кеспек “реторта” деп аталады. Ретортада қалған қалдық “цинкен” делінген. Мырыш металының аты мен химиялық белгісі осы сөзден алыныпты.

Ресейде бірінші рет мырыш XIX ғасырдың аяғында алына бастады.

Совет өкіметі тұсында мырыш өндіру қарыштап өсті. Қазір де мырыш Оралда Челябинск, Кавказда Орджоникидзе, Алтайда Белово, Қазақстанда Өскемен және Лениногор қалаларында алынады. Біздің республика, оның ішінде Шығыс Қазақстан мырыштың өте бай орналасқан жерлері.

Мырыш дүние жүзінің көп жерлерінде кездеседі. Капиталистік елдерде мырыш қорытып шығаруда АҚШ алда келеді. Ол 1959 жылы 730 мың тонна мырыш өндірді. Одан кейін Канада, Бельгия, ФРГ, Жапония тұр. Канаданың “Трейл” заводы жылына 175 мың тонна, АҚШ-тың “Грейт-воллс” заводы 147 мың тонна, Австралияның “Рисдон” заводы 117

мың тонна мырыш өндіреді.

Мырыш өндіру кейінгі уақытта қарыштап өсті. Егер 1850 жылы дүние жүзінде 45-ақ тонна мырыш өндірілсе, 1959 жылы тек қана капиталистік елдерде оның мөлшері 2 240 мың тоннаға жетті. Мұның себебі жоғарыда айтылғандай мырыштың химиялық және физикалық қасиеттерінің артықшылығынан және кейінгі жылдарда мырышты таза күйінде алудың оңай әдістерінің табылуынан. Бұл әдіс бойынша мырыш концентраттары қайнау қабатында күйдіріліп тотыққа айналдырылып, күкірт қышқылының ерітіндісімен ерітіледі де, басқа металдардан тазартылады. Тазартылған күкіртқышқылды мырыш ерітіндісінен белгілі мөлшерде электр тогы өткізіледі. Аллюминий атты металдан жасалған табакшаға (катод) таза мырыш жабысады. Оның тазалығы 99,99 процентке дейін жетіп жүр. Бұл бір тонна мырышта бір грамм ғана басқа зат бар деген сөз. Осындай таза түрде алынып жүрген Өскеменнің қорғасын-мырыш комбинатының мырышына мемлекеттік сапа белгісі берілді.

Дүние жүзінде алынып жүрген мырыштың 40 процентке жуығы темірді тотықтан сақтау үшін қолданылады. Мырыш балқыған кезінде темірмен өте берік химиялық қоспа жасайды екен. Ол қоспа өте жұкалығына қарамай, тіпті теңіз суында да темірді тотықтырмайды. Сондықтан темірден жасалған жерге төселетін трубалар, табактар мырышпен қапталады. Тіпті кейінгі кезде электр тогы жүретін сымдарды көтеріп тұратын бағандар да мырышпен қапталатын болып жүр.

Техникада көп қолданылатын жез, баббит, қола тәрізді қоспалар жасауға мырыштың 15 проценті жұмсалады. Типографиялық әріптер, темір жол



транспортына арнап подшипниктер жасауда мырыш қоспалары қолданылуда. Техника мен ғылымның қарыштап өсуіне байланысты мырыш пен оның тотығы қолданылмайтын өнеркәсіп саласы кемде-кем. Әсем ақ түсті бояулар, резина, целлюлоза, пластмасса, линолеум, пленка алуда мырыштың тотығы пайдаланылады. Металлургияда да мырыштың мәні зор. Қорғасыннан алтын мен күмісті ажыратуда, мырыштың өзінің күкірт қышқылындағы ерітіндісін мыстан, кадмийден тазалауда қолданылады.

Бағасының арзандылығы, төменгі температурада балқуы, сұйық күйінде қалыпқа құюға оңайлығына байланысты ол кейінгі кезде автомобиль жасау өндірісінде кең қолданылуда. Бір автомашина жасауға орта есеппен 35-40 килограмм мырыш жұмсалады.

Күнде көріп жүрген шелек пен пудра, қалта фонарының батареясы мен электр лампаларының патрондары, сіреңке мен балалардың сурет салатын бояулары. Міне, бұлардың бәрінде де мырыш араласқан. Мырыш дәрігерлік мақсатта терlemeу үшін қолданылатын порошоктар мен жараларды емдейтін майлардың құрамында да бар. Мұның бірінде мырыш жоғарыда айтылғандай темірді тотықтан сақтаса, екіншісінде тотық түрінде, ал үшіншісінде электрон бөліп, батареядан электр тогын шығарады. Егер күші таусылған батареяның сыртқы қағазын алып тастап қарасаңыз, мырыштың шұрық-шұрық болып тесілгенін көресіз.

Сонымен, құрамында мырыш кездеспейтін заттар кемде-кем екенін көреміз.

Мырыш тіпті кейбір өсімдіктер мен адам өмірінде де маңызы үлкен металл. Кейінгі кезде оқымыстылар

топырақта мырыш жеткіліксіз болса, онда бидай, сұлы, арпа дұрыс өспейтінін дәлелдеп отыр. Жоңышқа, керісінше, мұндай топырақта жақсы өседі екен. Бидай, сұлы және жоңышқада мырыштың мөлшері бірдей. Ендеше, неге біреуі жақсы өсіп, екіншісі өспейді? Бұл сұраққа оқымыстылар жауап іздеуде.

Темір адам қанында оттегін алмастыруда үлкен қызмет атқарса, кейбір жәндіктер үшін мырыш та сондай қызмет атқарады екен. Ұлудың кейбір түрі жаққаннан соң қалған күлінде 10-15 процент, саңырауқұлақтың кейбірінде 0,25 процент, фиалка гүлінде 0,05 процент мырыш барлығы анықталды. Адамның бауырында, нерв жүйелерінде, тіпті өзіміздің тісімізде де 0,02 процентке дейін мырыш бар. Бұл бір килограмм адам тісінде 0,2 грамм мырыш бар деген сөз ғой.

Мырыштың азықта аз болуы кейбір жас малдардың, аң мен құстың өсуін баяулатып, сүйектерінің жетілуін бәсеңдетеді. Тауық жұмыртқаны аз тауып, шөжелерді бәсең шығарады. Оқымыстылар бірнеше ай бойы тышқандардың азығындағы мырыштың мөлшерін жүз есе кеміткенде олар тез қырылған. Тышқандардың өмір сүру уақыты әдеттегіден екі есе азайған. Мөлшердегі мырыштың азаюы малдың өсуін төмендетіп, зат алмасу процесін бұзған.

Осыншама көп жерде кездесетін және қолданылатын мырыш жер салмағының 0,005 проценті ғана. Бұл сирек кездесетін литий мен бериллийден 20 есе, никель мен хромнан 40 есе кем деген сөз. Сөйтсе де, табиғатта мырыш шоғырланып жиналған 27 түрлі минерал кездеседі. Бірақ үш түрлі минерал ғана өндірісте пайдаланылады. Олар сфалерит — мырыштың күкіртпен қоспасы, сары, қара, қоңырқай түсті минерал,

вурцит — сфалериттің қара-қоңыр, сарғыш түсті түрі, смитсонит — мырыш тотығының көміртегі тотығымен қосылған түрі, ақ, сарғыш, жасылқай түсті минерал.

Мырыш минералдары жеке түрде кездеспейді. Ол, көбінесе, полиметалды кендерде, қорғасын, мыс, темір, алтын, күміс, кобальт, тағы басқа сирек кездесетін металдармен бірге кездеседі. Бұл рудаларда 4-10 процентке шейін мырыш бар.

Міне, мырыш металы осындай концентраттардан алынады.

*Коммунизм туы. 1970 ж. 28 қаңтар.*

## Мыс

Қазіргі заманда өндірілуі жағынан түсті металдардың ішіндегі бірінші орында тұрған — ерте дүниеден белгілі мыс атты күнгірт қызыл түсті металл. Егер өткен ғасырдың басында дүние жүзінде небәрі 38 мың тонна мыс алынса, 1959 жылы капиталистік елдерде оны өндіру 3 млн. 19 мың тоннаға жетіпті. Мыстың осыншама көп алыну себебі оның химиялық және физикалық қасиеттерінің адам өмірі үшін ыңғайлылығынан.

Мыс электр тогы мен жылуды өз бойынан жақсы өткізеді, оттегімен аз қосылып, тотығуға төзімді, түсті металдардың көпшілігімен оңай байланысып, химиялық және физикалық қасиеттері сапалы қоспалар береді, мыс әсіресе электр тогының құбылысы ашылғаннан кейін көптеп керек болды. Егер электр тогын ең жақсы өткізетін метал күміс десек, одан кейінгі орында мыс тұр. Күмістің электр

тогын өткізуін 100% десек, мыстыкі 77,45%. Техникада көп таралған темір мыстан 5 есе кем, алюминий 1,5 есе, мырыш 3 есе, вольфрам 12 есе кем өткізеді. Егерде электр тогын өткізетін үш қатар сымның диаметрі 4 мм болса, онда бір шақырым жерге 168 кг мыс керек екен. Дүние жүзінде неше миллион шақырым электр тогын тарататын сым бар екен?!

Мыс жылу өткізуі жағынан да күмістен кейінгі екінші орында тұр. Мыстың күміске карағанда жылу өткізуі 65%. Оның жылу өткізуі алюминийден 2 есе, темірден 5 есе, никельден 6,5 есе артық. Мыс мырыштан аз-ақ қатты метал, ал басқа металдардың қай-қайсысынан болса да мыс түсімен ғана емес, төзімділігімен, ұрып-соғуға ыңғайлылығымен және икемділігімен артық тұр. Көптеген металдарға карағанда ол едәуір жұмсақ. Одан қыздырмай да, қыздырып та ұрып-соғу арқылы жіңішке сымдар жасауға болады. Ауада оттегімен қосылып жұқа қабық тотық береді де, ол қабық мысты әрі қарай тотығудан сақтап тұрады.

Жер бетінде шығарылатын мыстың 50%-ке жуығы электр кәсіпорындарында қолданылады. Кабель мен неше түрлі сымдар, маталар мен электрогенераторлар, электровоз бен тепловоздар, телефон мен радио аппараттарын жасауда мыс болмаса қай метал қолданылатын еді? Бүкіл шығарылған мыстың 25-35% ке жуығы неше түрлі қоспалардың құрамында машина жасау өндірісінде қолданылады. Ал автомашиналар мен тракторларға ғана осы мөлшердің жартысы кетеді.

Мыстың қоспаларының ішіндегі ең белгілілері — қола мен латунь. Техникада бұл қоспалардың қолданылмайтын жері кемде-кем-ақ шығар.

Өткен ғасырда Санкт-Петербург қаласының маңындағы батпақты дала құрғатылып, оған сұлы мен арпа егілді. Күз жетіп, орақ басталғанда колхозшылар көптеген масақтардың дәнсіз, бос екеніне қайран қалды. Ал кейбір жапырақтар ағарып, құрғап қалған еді. Келесі жылы егілген бидай да өнімді өте аз берді. Тіпті кейбір масақтар қуарып қалды.

Осы қаладан алыс емес Литва мен Белорустың батпағын құрғатып, арпа, сұлы, бидай еккен жерлерінің өнім беруі бұдан анағұрлым артық екен. Оқымыстылар бұл жайдың себебін іздеді. Топырақтың, оған қосылатын тыңайтқыштың құрамы тексеріліп, петерборлықтардың тыңайтқышында калий мен фосфордың тұздары ғана бары, ал беларустықтар мен литвалықтар онымен қоса әрбір гектар егіндіктің топырағына 10-12 килограмм тотияйын қосатыны анықталды.

Тотияйынның құрамындағы өзімізге бала күннен таныс мыс өсімдіктің жетіліп өсуіне үлкен әсер етеді екен ғой! Мыссыз өсімдік клеткасында хлорофилл пайда бола алмайды екен. Өсімдіктің көбісінің жапырағының жасыл болуы да мысқа байланысты. Клетканың белогы мен көміртегі қосындыларының алмасуы мен қозғалысын реттейтін де осы мыс. Өсімдіктердің көміртегі газын жұтып, оттегін бөліп шығаруында да мыс белгілі еңбек атқармақ.

Белоктар мен көміртегі қосындыларына қарағанда, өсімдік клеткаларында мыстың тезірек жиналатыны анықталды. Тұқымдар жерге түсісімен-ақ топырақтан мысты өз бойына жинауға тырысады екен.

Мыстың өсімдіктер мен жемістерге қажет екені, олардың өсуін тездетіп, түсімін арттыруға көмектесетіні дәлелдеген. Мысалы, жүзім жаңадан өсіп келе

жатқанда, оған мыстың тұздарының ерітіндісі бүркілсе, онда оның шығымы әдеттегіден екі есе үлкен, өзі ірілеу де тәтті болатыны байқалған.

Бірақ өсімдіктерге мыстың белгілі мөлшері ғана қажет, егер ол мөлшерден артық болып кетсе, көмектің орнына жау болып тиіп, өсімдіктің қурап кетуіне “қолғабысын” тигізеді.

Өсімдіктер мен жан-жануарлардың өміріне аз мөлшерде қажетті, өсіп-жетілу, алмасу процестерінде белгілі бір міндет атқаратын элементтер — микроэлементтер деп аталады. Олардың саны 70-ке тақау, осының бірінің жетіспеуінің салдарынан адамзат, жан-жануарлар белгілі бір ауруға шалдығады.

Соның бірі — мыс дедік. Ол әр уақытта жан-жануар, өсімдіктер бойында кездеседі. Адамға тәулігіне 2 миллиграмм мыс қажет екен. Ал бір килограмм бидайда 48 миллиграмм, картофельде 165 миллиграмм. Малдың сүтінде көп. Мыс көбінесе адамның бауырында қор алады. Оның жетіспеуі қанда гемоглобиннің кеміп, қанның азаюына, дененің әлсіреуіне әкеліп соғады. Кейінгі кезде денедегі ісіктердің клеткаларында мыстың басқа клеткаларға қарағанда аз екені байқалды. Мүмкін, біздің дәуірімізде ісік ауруларын емдеуде мыс көмек көрсетер... Адамзат пен жан-жануарлардың қандарының түсі қызыл емес пе?! Ал кейбір теңіз жәндіктерінің қандарының түсі көк. Ол неге? Бұл жерде де мыс шығады алдымыздан. Қанның көкшіл түсті болуы мыстың тотығының түсінен екен. Қанның гемоцианин атты бөлігінің құрамында 0,33-0,38%, яғни бір тоннасында 4 килограмға тарта мыс бар. Ал біздің қанымыздың қызыл түсті болуы, онда жоғарыдағы мыстың еңбегін темір атқарады екен.

Темір тотығы қызыл түс береді.

Тотығы көк түсті, ерте заманнан белгілі адамзат өмірінде елеулі орын алып, еңбек еткен осы бір металл бүкіл металдардың ішіндегі өзі қызылтым түстес болады. Мыс Менделеевтің периодтық жүйесінде 29-шы орынға орналасқан. Оның атомдық салмағы 63,54. Қоспаларда бір және екі валентті түрінде кездеседі. Таза түрінде табиғатта жолығатын аз металдардың бірі және ең бір байы десек те болар еді. Бізге мәлім болып отырған 420 тонналық таза мыс тас дәуірінен қалған екен. Бұндай алып таза мыстардың қырлары шабылған, бұрыш-бұрыштары тазаланған. Адамзатқа қанша қайрат-жігер керек болды десеңізші. Ол кезде, тас дәуірінде құрал-сайман тек тастардан ғана жасалған еді ғой. Көне заманда мыстың қалайымен қосындысы — бронза тас құралдарын ауыстырды. Одан соң темір табылды. Бірақ темір дәуірінде де мыс ұмытылмады. Оның балқу температурасы —  $1083^{\circ}$ , темірдікінен анағұрлым төмен.

### Сынап

Біздің дәуірімізде адамзат сан қилы химиялық құбылыстардың сырына қанығып, оларды басқаратын да болды. Ал ежелгі заманда адам баласы алуан түрлі химиялық реакциялармен кездескенде оның неден болатынын түсінбей, қайран қалатын, тіпті кейбірінен қорқып, оған табынатын-ды.

Алғашқы адамдарды жыртқыш аңнан қорғап, денесіне жылу беретін от-құдай деп саналды, оған табыну басталды. Баку қаласының маңында сол адамдардың отқа арнап салған сарайларының

құлаған қалдығы әлі күнге дейін бар. Бұл жерде жер қойнын жарып шыққан газ өртенген екен, қазір ол газ адам игілігіне пайдаланылуда.

Адамның осындай қорқыныш үрейін діни қызметкерлер өздерінің мақсаттарына пайдаланып отырған. Олар неше түрлі “сиқырлар” арқылы қараңғы халықты өздеріне бағындырып жүрді. Тарихта төмендегідей әңгімелер бар.

Ұлы Петрдің көзінше Петербургтің бір шіркеуінде ғаламат жұмбақ іс болыпты: бұрышта қондырғыда тұрған құдай суретінің екі көзінен парлап жас саулайды. Мұны көрген жұрт құдайды өкпелетіп алыпсыз деп естері кетеді, жалбарынады, садақаны мол береді. Бұл жайды естіген Петр патша шіркеуге өзі келіп, құдай суретін қондырғыдан жұлып алса, құдай суретіне шланг арқылы май толтырылған шөлмектер жалғаныпты, суреттің көзінен сол май тамшылап тұр екен. Петр патша ашуланып, шіркеудің басқармасына былай деп жазу қалдырады:

“Владыко, приказываю тебе, чтобы богородицы отныне не плакали”.

Осы үшін шіркеу басшылары Бірінші Петрді “антихрист” атап кетіпті.

Енді бірде шіркеудегі ескірген құдай суретінің жақтауы жарқырап күміске ұқсап кеткен. Шіркеуге келген көп жұрт оған қайран қалып, бұл құдайдың рахымы деп түсінген.

Қазір бұл жұмбақты мектеп оқушысы да білсе керек. Құдай суретінің жақтауы жезден жасалады, оны азот қышқылды сынаптың ерітіндісіне салса, сынап жездің бетін біркелкі етіп жабады, күміске ұқсап жарқырайды. Міне, неше ғасыр бойы қараңғы елдің көзін бояуға көмектескен металл — сынап



екен.

Сынап Менделеевтің периодтық кестесіндегі 80-інші, сұйық түрінде кездесетін бізге белгілі жалғыз ғана металл. Оның балқу температурасы — 38,8 градус. Осы себепті біз сынапты әр уақытта балқыған сұйық түрінде көреміз.

Сынап ерте дүниеден белгілі болған. Бұдан 2300 жыл бұрын әйгілі Аристотель өзінің еңбектерінде сынап жайында жазған екен. “Гидраргирум” деген халықаралық ат та сынапқа сол грек тілінен беріліпті. Ол “күміс су” деген сөз.

Жоғарыда айтылғандай, сынап неше түрлі металдармен қосыла алады. Ол қосындылар амальгама деп аталады. Ерте күнде-ақ адам баласы сынаптың осы қасиетін кеннен алтын ажыратуға пайдаланған. Қазірдің өзінде де алтын осы өдіспен алынып келеді. Сынап 1759 жылдың 24 желтоқсаны күні ең алғаш рет 38,8 градус суықта қатырылды. Ол қатты түрінде қорғасындай жұмсақ, күмістей жалтырауық, ақ түсті металл. Біздің жерімізде де қыстың кейбір күндерінде аяз 40 градустан асып кетеді ғой. Сол кезде дененің ыстығын өлшейтін термометрдің сынабын қатыра қоюға болады.

Сынап техниканың түрлі салаларында жиі қолданылады. Одан электр лампалары, айнымалы тоқты тұрақты токқа ауыстыратын қондырғылар, тау жыныстарын қопаратын дәрілер жасалады. Дезинфекция жасау үшін сынап тұздарының ерітіндісі, терінің кейбір ауруларын емдеу үшін сынап қосылған майлар, тіпті азу тістерді пломбалау үшін де осы бағалы металл қолданылып келді. Сынап қосылған кейбір бояулар мұхиттарда жүзетін кемелердің тұзды судан шықпайтын бөлшектерін

сырлауға қолданылады. Өйткені мұндай бояулар жұққан жерлерге балдырлар мен ракушкалар еш уақытта жабыспайтын көрінеді.

Сынапты белгілі мөлшерде және орынды қолдану қажет. Қай сұйық зат болмасын буланады ғой. Сынап та буланып ұшады. Оның буы адам денесіне қатты әсер етеді. Көп қайталанып, адам денесіне әсер етсе, орталық нерв жүйесінің, бауырдың, терінің неше түрлі ауруларына әкеліп соғуы мүмкін.

Біздің жұрт ертеректе ішек түйілгенде сынап ішкізеді екен. Осылай сынапты бірнеше рет қайталап ішкен адамның денінің сау болуы сенімсіз-ақ болар.

Сынап тері, дем алу жүйелері арқылы адам денесіне еніп, бауырда, бүйректе, өтте, мида жиналады. Уақ-уақ бөлініп қанға араласып, денедегі белоктармен алмасады, зат алмасуын бұзады. Осы себепті де сынаппен жұмыс істеу арнаулы жерлерде жүргізілуі қажет.

Сынап — ауыр салмақты сұйық металл. Егер судың бір литрі бір килограмм десек, сынаптың бір литрі 13,6 килограмм. Оның бетінде темір де, мыс та, мырыш та, қорғасын да қалқып жүреді.

Сынап табиғатта алтын мен күміс тәрізді таза түрінде кездесе береді. Оның негізгі минералы — киневарь атты қызғылт руда. Онда сынап күкіртпен қосылған. Қатты қыздырған уақытта күкірт жанады да, сынап буға айналады. Ол бу жиналып суытылады, әртүрлі қышқылдар арқылы тазартылып, таза сынап алынады.

Дүние жүзі сынабының 70 процентіне жуығын Испания өндіреді. Сынап шығаратын рудниктер мен заводтар Италияда, Мексикада, АҚШ-та т.б.

елдерде бар.

Біздің елде ең бай кеніштер Қырғызстанның таулары мен Украинада. Бұл кеніштерді пайдаланғанда ол жерлерде ерте дүние адамдарының да еңбек еткендіктерінің куәсі — тас балға мен қайла табылған.

Сынап полиметалдық кендерде де кездеседі. Мысалы, қорғасын мен мырыш концентраттары қайнау пештерінде күйдірілгенде сынап бұға айналып ұшады.

Сынап металы туралы қысқаша мәлімет осындай.

*Коммунизм туы.  
1970 ж. 23 мамыр*

### Кобальт

Өте аз мөлшерде көптеген элементтер жер қабатында кездесіп, өсімдік дүниесінің тіршілігіне үлкен әсер етеді. Олар жан-жануарлардың да, адамдардың да денесінде әлсін-әлсін кездеседі. Олардың кейбіреулері бор, мырыш, молибден, мыс, кобальт т.б. Олар микроэлементтер деп аталады.

Малдың аурулары: сібір жарасы, бруцеллез, холера т.б. өте қиын аурулар. Бірақ олардың барлығына ем табылған еді. Алайда сухотка ауруына ем көпке шейін табылмай келді. Себебі аурудың неден басталатыны белгісіз еді. Малдың тамаққа зауқы болмай, арықтай бастайды, жүнінің өңі кетіп, құқыл тартып, әлсірейді, бүйірлері ішке жабысады, белдері иіліп кетеді. Қанында қызыл түйіршіктер мен гемоглобин азая бастайды.

Осындай кесепат ауру өткен ғасырдың

ортасында Латвияның сиырлары мен ешкілерін қыра бастады. Латвиядағы зоотехника және зоогигиена институттарының кабинетіндегі республика картасының көп жерлеріне осы аурудың таралғандығын білдіретін белгісі қондырылды. Бұл аурумен сиырлар мен ешкілер, қойлар мен шошқалар тек Латвияда ғана емес, Эстония мен Белоруссияда да, Англия мен Австрияда да ауырушы еді. Көптеген оқымыстылар бұл аурудың емін табуға тырысып баққан. Жемшөпке глюкоза, кальцийдің, мыстың, темірдің тұздарын қосып-ақ баққан. Амал не, олардың ешбірі көмек көрсете алған жоқ. Профессор Я.М.Берзинь бастаған бір топ оқымыстылар осынша керемет аурудан ем табуды ойлады. Оқымыстылар аурудың жұқпалы емес екенін аңғарды: жаңағы ауру тараған жерге сау малды әкелсе, ол бір-екі жылдан соң ауырып ари бастайды, ал ауру малды басқа ауру таралмаған жерге алып барса, мал сауығып, оңалады. Мал ауруы қайталанған аймақтардың батпақты жерлер екені анықталды. Ғасыр басында В.И.Вернадский жердің, өсімдіктің және сол жердегі тірі организмнің химиялық құрамында тығыз байланыс барлығын дәлелдеген еді. Сондықтан жер-судағы калий, темір, кобальт, марганец т.б. да қосынды элементтер анықталды, бірақ оқымыстылар ауру себебін таба алмай дағдарып қалды.

Бұл аурудың себебі оқымыстыларға күтпеген жерден ашылды. Тиреги деген батпақты жердегі бір адамның малы көршілерінің барлық малының ауруына қарамастан семіз деген хабар келді институтқа. Я.М.Берзинь қолма-қол әлгі ауылға жетті. Бұл малдың иесі малға беретін жемшөпке

қант заводуның қалдығы — қоңыр қошқыл тәтті су құятыны анықталды. Лабораториялық байқауда әлгі суды кобальт бар екені байқалды. Оның сұйықтағы мөлшері малдың ауруға шалдыққан жерлеріндегі шөптегі кобальттан отыз есе артық екені анықталды. Осыдан кейін басқа малдарға жасалған тәжірибеден кобальттың әсері бар екені анық сезілді.

Сөйтіп, кейін кобальттың хлорлы қосындысын 1,5-40 мг шамасында 2-3 күн аралатып ауру малдарға бере бастады. О, ғажап! Бір апта өтпей-ақ, ауру мал жемшөп жеп, бір жарым-екі ай ішінде сауығып кетті.

Жаңағы ауру малға ем болған элемент — кобальт 1735 жылғы швед химигі Брандттың лабораториясында бірінші рет таза металл түрінде алынған еді.

Кобальттың рудалары адамзатқа ертеден-ақ белгілі болатын еді. Бірақ Брандтқа дейін оны металл түрінде ешкім де ала алмаған. Сондықтан оған неміс іскерлері — кобальт деп, таудың ашулы сиқыршысының атын берген.

Кобальт Менделеев жүйесіндегі 27-ші элемент, атомдық салмағы 58,933. 1480°C-та балқиды да, 2880°C-та қайнайды. Таза күйінде кобальт созылғыш, иленгіш темірге жақын, судың, ауаның және қышқылдардың әсеріне темірден гөрі төзімді, ептеген қызғылтым, әдемі ақ түсті металл. 300°C-қа дейін қыздырғанша ол ауамен қосылмайды; ал ұнтақ кобальт 250°C ауада өзінен-өзі жанып кетеді.

Кобальттың бір керемет қасиеті — ол өзіне сутегін ерітеді. Бір түйір кобальт 35 есе көп сутегін, ал ұнтақ кобальт тіпті өзінен 100 есе көп сутегін еріте алады.

Жер қабатында 0 004% кобальт бар. Бұл сан қорғасынның мөлшерінен 2,0 есе көп. Бірақ ол

шашыраңқы металл, оның рудалары шоғырланған түрде көп кездесе бермейді. Бір қызығы, кобальт таза түрінде метеорит темірінен, Гренландияның темірінен, Оралдың платинасынан, Онтарионың күмісінен табылған кездері де болды.

Кобальттың минералдары көбінесе мышьякқа бай (смальтит). Неміс іскерлерінің ашулы сиқыршының атын қоюының бір себебі де осы мышьяктан болуы мүмкін. Руданы күйдірген кезде мышьяқтың оттегімен қосындысы бөлініп шығады. Ол — өте күшті у.

Жоғарыда айтылғандай, кобальт адамзаттың да денесінде үлкен қызмет атқарады екен. Жуыққа дейін адам қанының азайып кететін ауруының себебін таба алмай келіп едік, енді міне,  $V_{12}$  витаминінің гемоглобиннің пайда болуына үлкен көмегі бар екені белгілі болды. Ал  $V_{12}$  витаминінде 4% кобальт бар. Кобальт аздаған мөлшерде қой мен шошқаның қанынан табылды. Адамның қанында кобальт қойдың қанындағыдан екі есе көп те, ал шошқа қанындағыдан екі есе аз. Кейбір хайуанаттардың бауырында, бездерінде кобальт қандағыдан да көбірек көрінеді.

Көптеген өсімдіктердің бойларынан кобальт табылды. Бұршақ тұқымдас — жоңышқа, беде, тас бұршақ бойларында 0,024-тен 0,052м<sup>2</sup>%-ке дейін, кейбір дәнді дақылдардың бойларында 0,0008-ден 0,026 мг%-ке дейін кездеседі.

---

\* Көп нольдер жазбау үшін микроэлементтердің шамасын көрсеткенде миллиграмм-процент деп, яғни проценттің мыңнан бір бөлігіндей көрсетілді. М: 0,024мг%—0,000024%.

Кобальт адамзат үшін ерте заманнан-ақ үлкен еңбек атқарып келеді. Орта ғасырда Венеция іскерлерінің қолынан шыққан шыны ыдыс-аяқтардың әр түсті тамаша болуына жұрт қайран қалушы еді. Әр түсті шыны жасаудың рецепті қатаң заңмен анықталып, құпия ұсталатын. XVI ғасырдың ортасында венециялық шебер Анджело Веровнеро оның сырын дәптеріне құпиялап жазып жүрді. Көмекшісі Джорджио Беллерино әлгі дәптерді ұрлап, неміс жеріне алып қашып кетті. Венеция өкіметі Беллериноның артынан жедел қуғыншы жіберіп, көп ұзамай-ақ оны өлтіртті. Міне, осыншама, адам өліміне шейін апарған құпия сыр осы кобальтқа байланысты екенін швед химигі Бранд өзінің лабораториясында ашқан еді. Кобальттың және басқа металдардың тотықтары кобальтқа бай сафлор атты руданы қыздырудан алынады. Оны құм мен сақар қосып балқытқанда шыныға әртүрлі түс беретін смальта атты бояу пайда болады. Онда 2-7% кобальт бар. Бірақ ол шыныда 0,01% болса да, шыны түсі едәуір өзгереді.

Ерте дүниедегі Ассирия, Вавилон, Египет елдеріндегі әсем көк шыныларда кобальттың барлығы анықталды.

Сонымен, кобальттың қоспалары біздің өмірімізден 5000 жыл бұрын адамзатқа пайдасын тигізіпті. Қазіргі уақытта кобальт жасыл, сары, күлгін түсті бояулар алуға пайдаланылады.

Кобальттың хлормен қосындысы (хлорлы кобальт) өзінің түсін жылу мен дымқылдың әсерінен өзгертеді. Егер оның ерітіндісімен жазу жазсаңыз, әлден уақыттан кейін жазу жоқ болып кетеді. Сосын қағазды жылуға тоссаңыз, қағазда жанағы жазуыңыз

ашық көк түске бояла кетеді. Осындай басқа да металдардың тұздарын пайдалана отырып, әсем суреттер салуға болады. Суретте егер қысқы мезгіл көрінсе, аздап қыздырған соң ол суреттен жаздың бейнесін көруге болады. Қызу басылған соң қайтадан жасыл шөп, жапырақ жоғалып, қысқы мезгіл көрінеді.

Егер кенеп көйлегіңізді хлорлы кобальт бояуымен боясаңыз, ашық күнде көйлегіңіздің түсі көкшіл, ал күннің көзін бұлт басып, жаңбыр жауғанда, көйлегіңіз қызғылт түске боялар еді. О, ғаламат!

Жоғарыда келтірілген ғажайыптар жұрттың көбісі қараңғы, сауатсыз кезде дін адамдары мен сиқыршылар жақсы-ақ пайдаланып, бұл “құдайдың ісі” деп, ел-жұртты алдап-арбайтын болған.

Кобальт металлургияда да кең қолданылады. Оның қоспалары жақсы магниттеледі. Ыстыққа, қышқылдарға, химиялық реакцияларға төзімді, өте мықты келеді. 1957 жылы “Огонек” журналының 7-санында мынандай хабар басылды. В.Б.Бродский Ғылым академиясының Оралдағы бөлімшесінің металдар физикасының институтына келіп, сымдай ұзын магнит жасап берулерін өтінеді. Бұл магнит арқылы бір адамның байқаусызда жұтып қойып, қолқасына кеткен шегені алып, өмірін сақтап қалғысы келген екен. Институтта магнит жасалып, жас адамның өкпесіндегі шеге сол арқылы алынды. Оны жасауға тағы да кобальт пайдаланылыпты. 35% кобальт пен 50% темірі бар қоспалар — ең күшті магниттік әсері бар қоспалар. Темір кесетін кескіштер жасауда стеллер деп аталатын 35% кобальт, 35% хром, 15% ванадий, 13% темір, 2% көміртегі бар қоспа қолданылады. 65% кобальт, 28% хром, 6%



молибден және аздаған көміртегі, темір, никель бар қоспа 800°C ыстықта ұзақ уақыт жұмыс істей алады. Сондықтан бұндай қоспадан реактивті двигательдерді бу қазандықтарын турбокомпрессорлар мен газ турбиналарының қалақшаларын жасауда қолданылады.

Кейінгі кезде дәрігерлер ісіктерді емдеуде кобальт-60 деген изотобын қолданылып жүр. Оның бұрынғы радийден көптеген артықшылықтары бар. Кобальттың жартылай бөліну уақыты— 5 жыл 109 күн.

АҚШ-та кобальт-60 кейбір зиянкес жәндіктерді қыруға қолданылып жүр. Шыбынның еркегін қолдан өсіріп, оны кобальт-60-пен сәулелендіріп межелі ауданға қоя береді. Бұндай шыбындардан тұқым өспейді де, біраз уақыттан кейін жаңағы ауданда шыбын атаулы құриды.

Міне, осы аз мысалдардың өзі кобальттың адамзат өмірінде қандай орын алатынын анық көрсетеді. “Тау сиқыршысы” деген масқара атпен аталса да, кобальт адам өмірін ұзартуға көп әсерін тигізеді екен. Сухоткаға, қанның азаюына, раққа қарсы ем болып жүр. Сондықтан, егер 1900 жылы дүние жүзінде небәрі 354 т кобальт алынса, 1947 жылы 6200 т алынды.

Кавказда, Оралда, Қиыр Солтүстікте, Байқал көлі маңында, Өзбекстанда кобальт рудалары алынады.

1937 жылы қазан айында колхозшы Бекмағамбет Сұлтанғазиев Қарасу жерінде кобальттың рудасын тауып, республикамыздың байлығын арттырды.

## Ванадий

XVIII және XIX ғасырлардың аралығында атақты

ғалым Александр Гумбольдт Оңтүстік Америкада саяхатта жүрген кезінде түсі сұрғылт (бурая) қорғасын рудасына көңіл аударады. Бұл тасты минерология ғылымының профессоры Андрэ Мануэль дель-Риоға табыс етеді. 1801 жылы мексикалық ғалым жаңағы минералда таза, бұрын ешбір жанға белгісіз бір элементтің бар екенін айтты (бұл жаңа элемент хром мен уранға ұқсас). Дель-Рио жаңа элементтің қосындыларының әртүрлі түске боялғандығын көріп, оған панхром деп ат қойды (көптүсті). Жаңа элементтің тұздары қыздырылған кезде қызыл түске боялатын болды. Сондықтан біраз уақыт өткен соң ғалым оның атын өзгертіп, эритоний (қызыл) деп атады.

Ғалым Дель-Рио жаңа элементтің бірінші ашушысы, оның атасы болуға тиіс еді, бірақ ол өзінен өзі “мен қателесіппін, менің тапқаным бұрынғы белгілі хром екен” деп шықты да, жаңа элемент бірнеше жыл белгісіз болып қала берді.

Арада жылдар өтті. 1829 жылы Гумбольдт баяғы Мексикадан әкелген руданы белгілі неміс химигі Фридрих Велерға тапсырады. Велер аурудың салдарынан жұмысын тоқтатып алады да, сауыққан соң жаңағы рудада жаңа элементтің барын аңғарса да, оны тексеруге сол уақытта қайта оралмайды.

1831 жылы стокгольмдік химик Севстремнің жаңадан тапқан химиялық элементінің қасиеті өзінің 1829 жылғы тапқан жаңалығынан аумайтынын көргенде қатты қиналып, Велер Севстремнің бастығы ұлы химик Барцелиусқа хат жазып, өзінің тапқан жаңа элементінің пробасын жібереді. Ол Барцелиуспен жақсы таныс, хабарласып тұрушы еді. Біраз уақыт өткен соң, мынандай хат алады: “...Сіздің

? белгісін қойып жіберген пробаңыздағы затыңыз жайында әңгіме етерде, сізге мына бір тарих жайын баяндауға рұқсат етіңіз: ертеде Кипр солтүстігінде Ванадис атты әдемі, кішіпейіл махаббат құдайы өмір сүріпті. Күндердің бір күнінде оның сарайының есігін біреу қағады. Ерігіп отырған Ванадис есікті қаға түссін деп ойлап дыбыс бермейді. Бірақ есік қайта қағылмайды. Есік қағушының неге өзіне (селқос) екеніне таң қалған Ванадис терезеге келіп, кетіп бара жатқан жолаушыға көз тігеді. “О, дейді ол,— бұл қиянқы Велер екен ғой! Жақсы, егер ол мені көруге ықылассыз болса, өз айыбы өзінде.” Осыдан бірнеше күн өткен соң Ванадистің есігі қайта қағылды. Бұл жолғы қағыс қатты да ұзақ еді. Ванадис есікті өзі ашты. Севстрем кірді, содан екеуінің қосылуынан ванадий туды. Сіздің пробаңыздағы белгісі қойылған шыныда да ванадийдің тотығы еді.”

Сонымен, ванадий үшінші рет 1831 жылы элемент есебінде ашылды. Ал таза металл түріндегі “V-ді” 1869 жылы ағылшын химигі Г.Рыко бөліп алды. Ертедегі ертектерге қарағанда Ванадис махаббат құдайы, тұрақты құдай екен. Бұл жағынан алғанда ванадий атты металл да өзінің тұрақты қасиеттерін көрсетіп отыр.

Ванадий — күлгін түсті, жылтырағыш, ауада тотықпайтын, темірден жеңіл, сирек кездесетін металл. Атомдық салмағы 50,942, Менделеев кестесінде 23 орында. Ол 1900 градуста балқиды, 3400<sup>0</sup> С-та қайнайды. Оны таза металл түрінде бөліп алу өте қиын жұмыс. Ванадий 95% қоспа түрінде болат, шойын алу үшін қолданылады.

0,15-0,20% ванадий қосылған болаттың

серпімділігі, үйкеліске төзімділігі, шыдамдылығы, үзілу тұрақтылығы мықтылығы артады. Ванадий болаттағы еріген азот пен оттегіні өзіне қосып алады. Ванадий бейне бір әлсіремеудің әдісін біліп алғандай және оны болатқа сыр ашып айтқандай. Сондықтан болат әлсіремейді. Ванадий қосылған сайын өзінің қаттылығын арттырады. Сондықтан да осы кезде ванадий қосылған болаттан автомобильдердің рессорлары, валдары, шестернялары, моторлары, паровоздың цилиндрлері мен тежегіш колодкалары жасалады.

“Егер ванадий қоспасы бар болат болмағанда, менің автомобильдерім де болмаған болар еді”, — деп айтқан еді Американың автомобиль патшасы Генри Форд.

Автомобиль жасау тарихының басында капиталистік бақталас әр маркаға үлкен жарнама істеуді керек етті. Ол үшін автомобиль жарыстары өткізіледі. Осы күнге дейін капиталистік елдердегі бұл жарыстарда нешеме автомобильдер сынып, жарысқа қатысушылар жарақаттанады. 1905 жылы Палендвиге қаласындағы жарыста екі машина қақтығысып, қирады. Машинаның бірі француздық еді. Бұл жарысқа қатысқан Форд апат болған жерден өз машиналарыныкінен анағұрлым жеңіл бөлшек тапты да, ойға кетті. Лаборатория бұл бөлшектің болатында ванадий барын анықтады. Енді Форд өзі жеңіл, өзі арзан машина жасаса, көбірек сатса, байи түсетінін ойлады. Сонымен, ол ванадий қоспасы бар 10 түрлі болаттан 5 жыл өткен соң дүние жүзіндегі ең қолайлы машинаның иесі атанды. Жоғарыдағы сөзді Форд осы жолы айтқан еді.

Ванадий қосындысы бар болат соғыс қару-жарақтарын жеңілдетіп, мығым болуына көмектеседі.

Самолеттер жасауға алюминий қолданылады. Ол жұмсақ металл, егер оған 3%-тей ванадий қосса, “Вавилиом” деп аталатын бұл қоспа өте берік, мықты болады.

Ерте түскен тісті алтыннан салғызамыз дейміз. Ал таза алтын — жұмсақ металл. Егер алтынға ванадий қосса, ол қоспа қатты болады. Ванадий жер шарында аз емес — 0,015-0,02% шамасында мырыш пен никельді бірге алсақ осы шамада, ал тіпті ертеден білетін, күнде көретін қорғасын ванадийден 15 есе кем. Бірақ қорғасын мен мырыш сияқты ванадий шоғырланып жер қойнауында жиналмаған. Ол темір рудасының, апатит, фосфарит, кейбір уран рудаларының, мұнайдың серігі есебінде ғана кездеседі. Ең бай рудаларда ванадийдің 0,1-0,65% тотығы ғана бар. Ал Венесуэланьң мұнайында 0,03% қана ванадий кездеседі. Ванадийдің ең бай рудасы әзірге тек Перу мемлекетінің жерінде ғана табылды. Онда ванадий тотығы 10-15% -ке дейін болады. Ванадий қоспалары кейінгі кезде өндірістің көптеген салаларында қолданылуда: күкірт қышқылын алуда, түсті фотосурет шығаруда, ауруларды емдеуде. Ванадийдің тотығы күкірт қышқылын алуды тездетеді, ыдыс-аяқ жасау өндірісінде жасыл және көк түске бояйды, мата бояуда да қолданылады. Сондықтан егер 1907 жылы жер жүзінде 3-ақ тонна ванадий алынса, 1943 жылы СССР-сіз 4300 тонна, ал осы кезде бұл сан 5000 тоннадай. Жоғарыда айтылғандай, ванадий мұнайдың құрамында болса, онда кейбір жәндіктердің өмірінде ол үлкен қызмет атқарған болғаны ғой. Белгілі академик А.Е.Ферсман өзінің ванадий жайындағы еңбегінде: “Егер ванадий болмаса,

кейбір жәндіктер дүниеде болмаған болар еді” деп ойлайды зоологтар”, — деген еді. Кейбір жәндіктер мен өсімдіктер, мысалы, асцидит, голотурий және т.б. өз денелерінде ванадий жинайды. Голотурийдің қанында 10%-ке дейін, ал асцидиттің қанында 0,004-0,5%-ке дейін ванадий бар. Ванадий тауықтың жұмыртқасынан да, етінен де, сиырдың сүтінен де, бауырынан да, тіпті адамның миынан да табылды. Ванадий тіршілікте белгілі бір роль атқаруы мүмкін.

Аргентинада шошқалар мен өгіздердің тамағына аздап ванадийдың қоспасын бергенде олардың тез семіріп, тойынғаны аңғарылған. Бірақ не керек, бұл ойы аяқсыз қалып отыр.

Ванадийдің өмірге әсер етуі — оқымыстылардың әлі де болса шешетін көп сұрақтарының бірі.

Біздің республикамыздың жерінде де ванадий табылды. Ол Жамбыл қаласының маңындағы Сүлеймен сайда. Осы жерде бұрын қорғасын рудасы алынатын. 20-жылдары рудник жабылған еді. 1927 жылы геолог В.И.Вебер Москваға Сүлеймен сайдың рудаларының бірнеше түрлерін жіберді. Москвалық оқымыстылар онда ванадий барын анықтады. Осы жер қойнауын тексерген біздің геологтар Солтүстік Тянь-Шань тауында, Қырғызстанда, Оңтүстік Қазақстанның оңтүстік-батысында ванадийдің барлығын анықтады.

Ұлан-байтақ отанымыздың орталығында, Керчь мүйісінде, Бурятияда ванадий бар рудалар алынады.

## Бор

Дүниедегі ең қатты зат алмас деп есептелетін.

1957 жылы американ оқымыстылары лабораторияда алмастың бетін сызатын зат алды. Оның атын боразан қойды. Ол  $2000^{\circ}\text{C}$ -та ғана жанады, ал алмас болса  $871^{\circ}\text{C}$ -та жанып кетеді. Осындай табиғаттың өзі жасаған ең мықты заттарды жасанды түрде қолдан алуда қатынасқан бор атты Менделеев жүйесіндегі бордың қоспалары ерте заманда-ақ адам баласына белгілі еді. 721—815 жылдары Бағдат қаласының тұрғыны Джабир Ибн Хайяның шығармаларының бірінде “борак”, “борака” деген атпен бордың кейбір қоспалары аталған екен. Бұл сөздер “жылтырайды” деген мағына береді. Мүмкін бұл атпен бор қышқылы аталған болуы да мүмкін. Бор қышқылы жылтырауық қабыршақ, не болмаса түссіз ұсақ кристалл ретінде кездеседі.

Техникада бура деп аталатын натрийдің террабор қышқылымен қосындысы көп қолданылады. Ерте уақытта осы бураның түссіз мөлдір кристалдарын Тибеттегі көлдерден алхимиктер тасып алып отырған. Мүмкін бор деген ат осыдан да қалған шығар.

Бор — таза түрінде қара түсті, ұнтақ не болмаса металдық жылтырақ түйіршіктер. Бұл қышқылдар қаттылығы жағынан алмасқа жақын. Бор жай ауада көп өзгеріс бермейді. Бордың қышқылының бетіне оның оттегімен қосындысы жұқа қабат жасай қояды да, одан әрі бұзылуына мүмкіндік бермейді. Бор суда және ас тұзы мен күкірт қышқылының аздаған ерітіндісінде, сілтілерде ерімейді, ал қыздырылған уақытта ауамен, хлормен, күкіртпен, броммен оңай қосылады. Бордың балқу температурасы —  $2075^{\circ}\text{C}$ . Сондықтан да оны тек қана 1808 жылы француз оқымыстылары Геймоссак пен Тенаром бөліп алды. Оның өзінде де ол таза емес еді. Бор — жер

қабатында көп тараған элементтің бірі. Ол қорғасынның жер қабатындағы қорынан сутегімен қосындысы бес есе, ал алтыннан 1000 есе көп.

Бор металдарға жатпайды. Себебі оның басты қасиеттері қышқылдар беретін элементтерге ұқсас. Бордың тотығы мен сутегімен қосындысы қышқылдық қасиет береді.

Бордың кейбір қоспалары техникада, медицинада, құрылыста т.б. өнеркәсіп салаларында қолданылып келеді.

Электр доғасы беретін температурада бор көміртегімен қосылып бор карбидін береді. Оның қаттылығы алмастың қаттылығына жақындайды, балку температурасы да өте жоғары және басқа заттармен химиялық қоспалар бере бермейді. Оның тағы бір қасиеті — өзі және басқа да қосындылары нейтрондарды ұстап қалады екен.

Сондықтан атомдық реакцияларда нейтрондардан сақтану үшін қалқан есебінде қолданылып жүр.

Бордың оттегімен қоспалары түрлі-түсті бояулар, арнаулы сынбайтын шынылар, былғарылар, маталар алу үшін, кейбір металдарды балқыту үшін қолданылып жүр. Тамағыңыз ауыра қалса, дәрігер сізге бор қышқылының тұщы ерітіндісімен шай деп ақыл айтуы мүмкін. Сондай-ақ бордың қоспалары дизенфекция жасау үшін де қолданылады. Кейінгі уақытта бор металлургияда да қолданыла бастады. Алюминий мен мысқа аздап қосылған бор бұл металдардың химиялық және физикалық қасиеттерін едәуір арттырады. Болатқа қосылғанда оның мықтылығын мен тұрақтылығын арттырады.

Бордың сутегімен қоспалары ауаның оттегісімен



оңай қосылады, жанған кезде өзімізге белгілі отындардан әлдеқайда көп жылу бөледі. Сондықтан да ғарыш кемелерін ұшыруда, отын есебінде қолданылуы да мүмкін. Бор кейінгі уақытта радиотехникада да жартылай электр тогін өткізгіш ретінде қолданылып жүр.

Біз бор анда-мұнда қолданылады деп кеттік. Ал “бордың ауыл еңбеккерлеріне қатысы бар ма?” деген сұрақ қойылса ше? Бар деп жауап қайтарамыз. Біздің денемізде де бар.

Кейбір элементер қаншама аз болса да тіршілігімізге үлкен әсер етеді. Олар микроэлементтер деп аталады. Өсімдіктердің көптеген микроэлементтері бар. Олардың кейбіреуі жапырақтардың жасыл болуына, кейбіреуі бойының тез өсіп жетілуіне, ал кейбіреуі крахмалдың көбеюіне т.б. өзгерістерге ұшырауына ықпал етеді. Ал жануарлар дүниесін көптеген аурулардан сақтайды, семіртеді.

## Берилий

Осы бір мөлдір жасыл тас, оның көгілдір күлгін түсі кімді өзіне тартпайды. Бұлар бай-патшалардың алтын мен күмістен жасалған сақиналарына, сылқымдардың сырғалары мен білезік, алқаларына қондырылған, талай оқиғалардың куәсі болған тастар емес пе! Қаншама адамның қан-тері төгіліп, қаншама өмір қиылды осы бір тастардың айналасында.

Бұл тастардың адам өміріне осыншама әсер етуінің не себеп, не сиқырының барын ашуға қаншама оқымысты атсалысты. Ақыры 1738 жылы

француз химигі Воклен оның бұрын белгісіз болып келген жаңа металдың минералы екенін ашты. Изумруд тасының бір түрі бериллийді тексеріп, топыраққа ұқсас борпылдақ зат бөліп алды. Оның тәтті дәмі бар екен. Сондықтан оның атын глюциний (“гликос” — гректің “тәтті” деген сөзі) деп атады. Ал 1828 жылы неміс химигі Велер мен француз Бюсси глюцинийден бериллий металын алды (“бериллос” — гректің “жылтырауық” деген сөзі). Бірақ осы алынған бір шымшым қоңыр күлгін, басқа заттардан тазартылмаған порошок бериллий металының химиялық және физикалық қасиеттерін ашуға жарамады. Арада 70 жыл өткен соң, бериллий электролиз арқылы таза түрде алына бастағанда ғана оның металдық қасиеттері ашылды.

Бериллий — қатты, күмістей жылтырауық, тотықпайтын жеңіл металл. Менделеев системасында төртінші орында, салмағы 1,82. 1284 градуста балқиды. Ауа кемелерін жасауда кең қолданылып жүрген алюминийдің балқу температурасынан анағұрлым артық. Оның үстіне бериллий жер қабатында 0,01 процент шамасында. Өзімізге белгілі мыстың шамасымен бірдей, қорғасыннан тіпті артық.

Бериллий өзіндік мықтылығы (удельная прочность) жағынан да көптеген белгілі металдардан жоғары тұр. Мысалы, тотықпайтын болаттың өзіндік мықтылығы — 10, өте қатты болаттыкі (сверхпрочная сталь) — 20 болса, бериллийдікі — 26. Сондықтан да бериллийдің алюминий мен магнийден, титан мен басқа металдардан жасалған қоспаларынан әуе және космос кемелерін жасау — болашақтың ісі. Егер әуе кемесі бериллийден жасалса, онда оның басқаларына қарағанда ұшу қашықтығы 40 процент

артқан болар еді. Бериллийге тек қана әуе кемесін жасаушылар ғана емес, медицина қызметкерлері де, металлургтер де, химиктер де жаппай көңіл аударуда. Мәселен, тісіңіз ауырып, жар құлағыңыз жастыққа тимейді. Дәрігер тісіңізді пломбылап, цементпен қатырып тастады дейік. Сіз білмейтін шығарсыз — тісіңіздегі пломбада бериллийдің тотығы бар.

Бериллий — рентген сәулесін өз бойынан толық өткізіп жіберетін “мөлдір” металл. Сондықтан рентген түтіктерінің “әйнектері” осы бериллий атты металдан жасалады.

Атом мен оның ядросының ыдырау тарихында арнаулы орын алатын осы металл 1930 жылы гелийдің атомының ядросымен (олар “альфа” бөлшектері деп аталады) атқыланды. Бериллийдің атомы бұрын белгісіз сәуле шығарады. Ол сәуле қалыңдығы бірнеше сантиметр қорғасыннан да өте шықты. Бұл оқиға оқымыстыларды ойландырды, олар әрі қарай тексеру жұмыстарын жалғастырды. Ақыры 1932 жылы ғалым Чедвик бұл сәуленің салмағы протонның салмағындай кіші бөлшектен тұратынын анықтады. Ол бөлшектер зарядсыз еді. Сондықтан оның аты нейтрон деп аталды. Нейтронда электр зарядының болмауы онымен басқа элементтердің атом ядросын атқылауға сара жол ашып берді.

Бериллий тотығын балқыту үшін 2585 градус ыстық керек және де ол осындай температурада басқа элементтермен қосылмайды. Бұл қасиеті басқа металдарды балқыту үшін, ыдыс-аяқ жасауға қолайлы-ақ.

Бериллийдің еритін барлық қоспалары тәтті дәмді бар улы заттар.

Біз естіп жүрген әсем де тәтті әндер біздің құлағымызға ауада секундына 300 метр жылдамдықпен келіп жетеді, ал дыбыстың судағы шапшаңдығы 145 метр. Егер дыбыс бериллий бойымен жүрсе, 12500 метр жылдамдықпен өтеді екен. Ендеше, одан музыка аспаптарын — домбыра, қобыз, күйсандықтар жасаса қалай болар еді. Бірақ ондай аспап тым қымбатқа түсетіні анық. Бериллийді мысқа 0,5-1,3 проценттен қосса, дыбыс жоғарыдағы шапшаңдықпен таралады. Сондықтан осындай қоспа музыка аспаптарында пайдаланылып жүр.

Осы айтылғандай аз мөлшердегі бериллий қоспасы басқа металдарға жаңа қасиеттер беруде. Мыс қоспасында екі процент бериллий болса, оның қаттылығы тотықпайтын болаттан екі есе артады, механикалық және химиялық өзгерістерге бұрынғыдан анағұрлым артық төтеп береді және бір кереметі — темір сияқты ұшқын шығармайды. Газ қауіпі бар кейбір қоймаларды, онда мыңдаған адам өмірін сақтап қалады. Бериллий қосылған қоладан жасалса, осы жерлерде қолданылатын саймандар: қашау, күрек, балта, т.б. және үлкен қысым мен ыстықта жоғары жылдамдықпен істейтін механизмдердің басты бөлшектері — электр бөлшектері, пружиналары, қондырғылары, діңгектері мен дөңгелектері осы қоладан жасалуда. Ол бөлшектер электр қуаты мен жылуды жақсы өткізеді, үйкелу күшіне де төтеп береді.

Бір уақытта автомобильдердің рессорлары 800-850 мың рет серпілгеннен кейін істен шығушы еді. Ал қазіргі күнде 14 миллион, яғни 18 есе артық серпілген рессор болаттары сынбайды. Осы рессор болатының мұншама күшеюі бериллийдің көмегі

екенін түсініп отырған шығарсыз.

Сонымен, бериллий өнеркәсіптің көп жерлерінде қолданылатын асыл металдың бірі болды. Бірақ ол сирек кездеседі. Ол жер қабатында өзіміз күнде үзбей көріп жүрген мыстың мөлшерінде болса да, мыс сияқты шоғырланып жиналып жатпайды. Тіпті сақина, сырғаларда қолданылатын інжу-маржандарда бес-ақ процент бериллий металы бар. Бериллийді магний мен алюминийдің, титан мен магнийдің қоспасы ретінде космос ғылымы көптеп тұтынатын болады, оны бөліп алу өте қиынға соқса да, техниканың қазіргі даму қарқыны көбіне соны қажет етіп отыр. Егер 1932 жылы екі-ақ тонна бериллий алынса, 1959 жылы СССР-ден басқа елдерде 180 тонна таза бериллий өндірілді.

Жер қабаттарында сирек кездесуінің үстіне бериллий — таза түрінде шыныдай сынғыш, иленіп, созуға келмейтін металл. Қыздырғанда ғана оны аздап ұрып-соғуға келеді. Оның үстіне ол қатты, шыныны сызсаңыз із қалдырады.

Осыншама “айтқанға” көнбейтін, істеген амалдарға қарсы келетін осы металдан бөлшектер, құрал-саймандар қалай жасалынады?

Бериллийден қаңылтыр жасау үшін, ауасы сорылып алынған ыдыстың ішінде 300 градус ыстықта жұмыс істеу керек көрінеді. Бұл өте ауыр еңбек қой. Ондай қаңылтырдың өзіндік құны алтыннан да қымбатқа түседі.

Металлургтер осыншама “тентек” металды да айтқандарына көндіретін әдіс тапты. Ол әдіс — порошокты металлургия деп аталады. Ұруға да, кесуге де, созуға да келмейтін және балқу температурасы жоғары металдарды, оның тотықтарын әдейілеп біркелкі етіп ұнтақтайды да, белгілі

престерге салып, қысады. Сонан соң қалыптардан алынып, балқыту температурасынан кемірек етіп қыздырылады. Осы екі жағдайда ұнтақтың әрбір түйіршігі бір-бірімен тығыз байланысады. Тіпті молекулалар атомдармен ауысады.

Бериллий өңсіз тастардан әртүрлі металлургиялық процестерден кейін 350 градус температурада электролиз арқылы алынады. Осы қабыршақтар жоғарыда айтылған әдістермен біріктіріледі.

Сонымен, бериллий — келешектің металы. Алюминий де алғашқыда көп қиындықтардан кейін ғана алынған болатын, ал қазір әр үйде кездестіруге болады ғой оны.

Бериллий оттегімен қосылып жанғанда барлық металдардан артық жылу береді. Бір килограммы жанғанда 15050 калория жылу бөлінеді. Ендеше, космос кеңістігін тексеруге адам баласын алып ұшатын кемеңіз отыны табылды емес пе!

Әрине, бұл мәселе дүние жүзі ғалымдарының көптеп назарын аударып келеді. Осы жолы біз де қосылып бериллийдің жанғандағы (тотыққандағы) бөлініп шығатын жылуы адамзаттың бейбіт өміріне пайда келтіру үшін қолданылады деп сенеміз.

*Коммунизм туы.  
1971 ж. 3 маусым.*

### Литий

Мен ол кезде мектепте оқушы едім. Біздің қалаға Москваның циркінен артист келді дегенді естіп, ауыл болып жиналып барып талай қызықтар көрдік. Ойын жүргізушінің бір сиқыры ойымда қалып, көпке дейін түсінбей жүрдім... Ол бір түйір қантты

алды да, шырпы жағып, әлгі қантты тұтатты. Қанттың түйірі көкшіл-жасыл жалынмен жанды. Ол кезде біздің үйде қант сирек кездесетін. Кейін бір қант қолға түскенде жолдасымыз Марақ екеуміз нешеме шырпы жағып, саусағымызды күйдірсек те, ойыннан көргенімізді істей алмай-ақ қойдық — қант жанбайды, тек балқи береді.

Сол бір балалық шағымыздағы ойыншының көрсеткен сиқырын металлург болғанда ғана түсіндім.

Гәп литий атты металда екен!

Ойыншы қантқа бізге көрсетпей темекінің күлін сеуіпті ғой! Ал темекі күлінде литий атты метал бар екен. Ол Li катализатор ретінде қанттың жануына себепкер екен.

Литий — Менделеев системасындағы үшінші элемент. Ол — ең жеңіл метал, оның салмағы 0,534; судан екі есе, темірден 15 есе, қорғасыннан 22 есе, алтыннан 38 есе жеңіл метал. Бұл су бетінде литийден жасалған заттар қалқып жүреді деген сөз ғой. Оның үстіне литий жер қабатында 0007%. Бұл сан қорғасынның жер қабатында таралуынан көп те, мырыштан кем емес. Ендеше, одан самолет пен космос кемелерін жасаса ше... Бірақ... литий өзінің механикалық сипаттарына (мех. свойства) қарағанда қорғасыннан аумайды. Ол жұмсақ та, мықты емес (непрочный). Осындай металдан жасаған самолетпен дыбыстан асқан (сверхзвуковая) шапшаңдықпен ұшуға, оқушым, дәтіңіз шыдар ма еді?

Ал, тіпті космос кораблі литийден жасалған дейік. Атмосфераға үйкелуден шыққан жылудан бұрын шылымыңызбен оның күлі де бұндай кемеге үлкен қаскүнемдік жасай алады. Себебі литийдің балқу температурасы  $186^{\circ}\text{C}$ ,  $1336^{\circ}\text{C}$ -та қайнайды.

Ал ашық ауада  $600^{\circ}\text{C}$  ыстықта жанып кетеді.

Литий оттегі және азотпен үйдің жылулығында (комнатная  $t^{\circ}$ ) қосыла береді. Ал дымқыл ауада тіпті оңай қосылады. Егер литийден қасық жасалған болса, ол шайында жоқ болып кетер еді.

Жоғарыда айтылғандай, цирктің бір ойыншысы тағы да бір сиқыр көрсеткен еді: көрушілердің бірін шақырды да, қолына шыны құмыра ұстатты. Сонан соң құмыраның ішіне темір салды да, аузын көрушіге тығындаттырды. Біраз уақыттан кейін көруші құмыраның тығынын ала алмай-ақ қойғаны ғой. Залдағы көрушілердің кейбір сенбегендері сахнаға шығып тығынның алынбайтындығына көзі жетті.

Бұл не ғаламат!

Кейіннен ойласам, жаңағы темір дегеніміз литийдің бір түйіршігі болу керек. Ол құмыраның ішіндегі ауаны жұтып қойып, құмырада вакуум (...) пайда болғанға ұқсайды. Сыртқы ауаның қысымы құмырадан тығынды шығармай қойған.

Осыған қарағанда, литий қанша жеңілдігімен бізді арбаса да, одан ешқандай самолет те, қайық та, космос кемесі де жасалмас — жолаушылар келіп отырғанша ондай машиналар қоңырлау күлгінге айналып кетер. Литий өте активный (...) металл болса да, өркендеген техникамыздың бірталай саласында қолданылып жүр. Металлургияда шайынның сұйық күйінде ағымдылығын (текучесть) арттырады, алюминий мен магнийдің тотыққа қарсыласуын (коррозионная устойчивость) механикалық сипаттарын (мех. свойства) арттырады. Литийдің кейбір қоспалары қосылған майлар қатты суықтарда қата қоймайды, ал ыстықтарда сұйыла қоймайды. Ондай майлар  $-60^{\circ}\text{C}$  мен  $+160^{\circ}\text{C}$



ыстықты көтере береді, авиацияда қолданылады. Литийдің минералдары ыдыс-аяқ жасауда әдемі бояулар есебінде және күлгін түсті (ультрафиолетовые лучи) спекторды өткізетін шыныларда қолданылады. Сіздің телевизорыңыздың киноскопы осындай шыныдан жасалған техника литийдің сутегімен қосындысына (гидрит) үлкен мән береді. Ол ақ түсті, ас тұзына ұқсас, кристалды зат. Оған су қосқанда сутегі бөлініп шығады және қандай көп бөлінеді десеңізші: 1кг литийдің гидридi  $2,8 \text{ м}^3$ , әйтпесе, 2800 л сутегін бөледі. Мінеки, сутегін сақтайтын өте қолайлы сандық. Литийдің кейбір қоспалары ем ретінде дәрігерлік тәжірибеде де қолданылып жүр. Семіріп кету ауруына әкелетін мочевина қышқылын (мочевая кислота) ерітеді.

Алыс сапарларға сапар шегетін космос кемелері сұйық отын жақса, онда отын өте көп орын алар еді. Космос кемесі жердің тарту күшін жеңіп шығу үшін көп қуат керек. Белгілі сұйық отындар салыстырмалы (сравнительно) аз қуат (энергия) бөлетін болғандықтан, осыншама күшті жеңіп шығу үшін отынды өте көп алу керек — әлденеше сатылы ракета арқылы ғана космос кемесі ұшырылар еді. Керосиннің оттегімен қосындысының 1 кг-ы жанғанда 2200 калория, ал белгілі жарылғыш зат — нитроглицерин жанғанда небары 1480 калория жылу бөледі.

Бүкіл өмірін аспанға, космосқа ұшуды арман етіп, зерттеуге арнаған, осы ғылым атасы, совет ғалымы Константин Эдуардович Циолковский көп қуат беретін отынды іздеді. Оттегі мен сутегін пайдалануды ұсынды. Өзінің “Жерден бөлек” (“Вне земли”) деген

ғылыми-фантастикалық еңбегінде осындай отын да қолданды. Бірақ бұл қоспаның бір килограммы 3000 калория жылу бере алады. Осындай отын алған космос кемесін ұшыру үшін де бірнеше сатылы ракета керек.

Совет инженері Фридрих Артурович Цандлер 20-жылдары космос кемелерінің отыны етіп кейбір металдарды қолдану керек деген ой айтып еді.

Міне, біздің әңгіме етіп отырған литийіміздің бір килограммы оттегімен қосылғанда 10270 калория жылу бөліп шығарады екен ғой. Ендеше, басқа жұлдыздарға, галактикаларға ұшқанымызда осы металдың осындай ғаламат күшін неге пайдаланбасқа, космос кеңістігін зерттегенде осы металл адамзатқа көмекші болмас па екен?

Осыншамаа келешегі зор ақ түсті металды 1855 жылы таза күйінде неміс химигі Р.Бунзен мен ағылшын физигі О.Матиссен бөліп алып еді. Бұдан 38 жыл бұрын швед химигі А.Арорведзон ол жаңа элементті тауып, литий деп ат қойып еді. Литий деген ат гректің “литос” — тас деген сөзінен алынған.

## Сутегі

1954 жылдың көктемінде жапонның “Дайго фукурю-мару” (“Бақытты аждаһа”) атты балық аулайтын кемесі Тынық мұхитта межедегіден 40 т артық балық ұстап, кемеңің иелері көңілді-ақ еді.

Күтпеген жерден 1 наурыз күні таңғы сағат 4-те көкжиектен бұрын көз көрмеген жарық көрінді де, қолма-қол қатты дүмпу естілді. Осыдан екі сағат өткен соң күн көзі көрінбей, құрғақ қағазға ұқсас қар жауып кетті. Үш-төрт сағат өтпестен-ақ балықшылардың

бастары сынып ауырып, жүректері айнып, құса бастады. Содан соң кеме еліне қарай бұрылды. Олар 13 наурызда өзер дегенде еліне жетті.

Үкімет орны 1 наурызда болған әңгімені бастан аяқ тыңдады да, кемеңі өртеп, балықшылардың барлығын емханаға орналастырды.

1 наурыздағы жауған қар — радиоактивті күл екен. Осыдан жеті ай өткен соң, ешбір ем көмектеспей, кемеңің радисі Анкиши Кубояма қайтыс болды, ал қалған 22 адам ұзақ уақыт ауырды.

Бұл қайғылы уақиғаның себепкері Америка империалистерінің “Кастл” деп аталатын операциясы екен. Американ соғысқұмарлары жаңа бомба ойлап тауып, Маршалл архипелагының Бикини аралдарында сынаған көрінеді. Бұл сынақтан кейін бомба түскен жерде тереңдігі 60 м, диаметрі 2000 м ұра қалған, ал жерден көтерілген саңырауқұлақ тәрізді бұлт 40 шақырым биіктікке жеткен, ал бұл бұлттың үстіңгі ені 160 шақырымдай болған. Бомба жарылғандағы бұлқынып шыққан отты шеңбердің ортасында бір миллион градусқа жақын ыстық пайда болған, бұл қопарылыс кезінде 20 миллион тонна жер қыртысы аспанға көтерілген.

Жарылғанда осыншама ғаламат күш бөлген сутегі бомбасы еді.

Сутегі — түссіз, иіссіз, дәмсіз, жанатын газ. Ол Менделеев жүйесіндегі бірінші элемент. Атомдық салмағы 1,008.

Сутегі 1900 жылы төменгі температурада бірінші рет сұйыққа айналдырылды. Ол әлемде ең көп таралған элементтердің бірі. Сутегі күнде, жұлдыздарда, әлем кеңістігінде де кездеседі.

Жер бетінде оның оттегімен қосындысы — су түрінде өте көп тараған. Жердің салмағымен салыстырғанда жер шарында 1% сутегі бар.

Әлем дүниесінде басқа элементтерге қарағанда сутегі әлденеше есе көп таралған және әлем дүниесінің отыны есебінде күн мен жұлдыздарға қуат беретін элемент. Күннің ортасындағы қысым 8 миллиард атмосфера да, қызуы 20 миллион градус. Осындай жағдайда сутегі электронын жоғалтады да, протоны термоядролық реакция жүретіндей жылдамдық алады. Осы жағдайда сутегінің төрт протонынан жаңа элемент — гелий пайда болып, күннің қызуын арттырудың көзі болатын жылу қуатын бөледі.

Жоғарыда айтылған сутегі бомбасын жарғанда жер бетінде кішкентай күн пайда болғандай екен. Бірақ оның ғаламат қуаты соғысқұмарлардың қолында басқаларды қанап, олардан қыруар түсім алуға жұмсалмақ.

Сутегі ауамен (оттегімен) қосылғанда қопарылыс жасайды. Сондықтан да ол “жанатын ауа” аталып, соңынан сутегі аталды.

Сутегінің жанғанда су беретінін бірінші рет 1781—1782 жылдары ағылшын ғалымы Генри Кэвендиш ашқан еді. Ал 1783 жылы француз ғалымы Антуан Лоран Лавуазье Кэвендиштің сынақтарын қайталап, су алды да, одан қайта сутегін алды. Сөйтіп, ол сутегінің қарапайым табиғатын ашып берді.

Сутегінің ғылымдағы аты “хидрогениум” грек тілінен аударсақ, “хидор” — су, “генао” — жасаймын, табамын деген сөздер.

Сутегінің қоймасы — су бүкіл тірі организмге керек зат. Адам денесінің 60%-тен артығырағы судан тұрады.

Табиғаттағы таза су — жауын суы. Жауын суының үштен бірі қайта буланады. Екінші үштен бірі жер бетінде қалады. Бұл су жер бетінде аз уақыт болғандықтан (өзендер, бұлақтар ағып жатады ғой) бойына онша көп тұздарды еріте алмайды. Сондықтан онда сабын жақсы езіледі де, жұмсақ су деп аталады. Ал жауынның қалған үштен бірі жер қойнына сіңеді, жол бойында әр түрлі тұздарды (кальций қоспаларын) ерітеді де, бұлақ болып жер бетіне шығады. Бұл суда бактерия жоқ, таза су, бірақ кальцийдің тұздарының ерітіндісі сабынды көпірттірмейді. Жер қойнауынан шығатын кейбір суларда неше түрлі адамға керекті тұздар мен газдар еріген. Бұл сулар минералды шипалы сулар. Теңіз бен кейбір көлдердің суларында ас тұзы мен хлорлы магний тұзы өте көп болады. Ондай суларды ішуге болмайды.

Сутегі таза түрінде жанартаулардың газдарында кездеседі. Лабораторияда күкірт қышқылында мырыш ерітіліп алынады.

Қазіргі уақытта табиғат байлықтарын қорғау жайында ойламайтын адам аз-ақ шығар. Көлдер мен өзенді, тоғайлар мен тау қойнауындағы байлықтар, судағы балықтар мен жан-жануарлар өздерінің қорғаушыларын күтуде және қорғаушылар бар да, ол — табиғат қорғауға арналған үкіметіміздің заңды қаулылары. Ал су жайында ше? Оны ертеден-ақ адам баласы тегін келетін зат деп санап келді. Құнды зат деп аталатын заттарды күш жұмсап, не жерден қазып алады, не қолдан жасайды емес пе? Ал суды табиғаттың өзі береді. Ол жер бетінің 70%-ін алып жатыр. Алайда “Судың да сұрауы бар” деген халқымыздың аталы сөзіне құлақ салу қажет-ақ.

Ал шынында, судың көптігіне қарамай, оған көп

еңбек жұмсалады. Бүгінгі күні су көмір, темір, мұнай сияқты еңбек құралы болды. Сусыз ешбір зат алынбайды. Үлкен металлургия заводы күніне мыңдаған-миллиондаған текше метр су ұқсатады. Ал кейбір синтетикалық заттардың бір тоннасын алуға 5 мың текше метр су керек екен.

Бұл су цехтар мен заводтарға өздері ағып келіп жатқан жоқ қой. Жүз мыңдаған жұмысшылар мен инженерлер істейтін қызмет — үлкенді-кішілі гидротехникалық құрылымдар жасалуда ғой. Сонымен, су да еңбекпен келеді екен.

Сутегі химия өнеркәсібінде аммиак майлар, ас тұзын т.б. алуға, медицинада сутегінің асқын тотығы ретінде қолданылады. Оны денеге жаққанда оттегі бөлініп, әртүрлі бактерияларды құртуға көмектеседі.

Сутегі ауадан 14,15 есе жеңіл газ, неше түрлі ауа кемелерін аспанға көтеруге қолданылады. Американ соғысқұмарлары сутегі толтырылған шар көтерген тыңшы аспаптарды екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдары біздің елдердің үстінен жіберуге тырысты.

Табиғатта сутегінің үш түрлі изотопы бар: жай, ауыр, өте ауыр сутегі. Ауыр сутегі онша көп емес. Оның бір атомы жай сутегінің 5000 атомында ғана кездеседі. Гректің екінші — “деутерос” деген сөзінен ол дейтерий деп аталады. Дейтерийдің салмағы сутегінің салмағынан екі есе артық, себебі оның ядросында изотоптан басқа нейтрон бар. Егер суда дейтерий болса, ол ауыр су деп аталады. Бұл ауыр су  $+3,8^{\circ}\text{C}$  қатады.  $101,4^{\circ}\text{C}$ -та қайнайды. Ауыр суда ешбір тіршілік жоқ. Дүние жүзінің суында 0,02% қана ауыр су бар. Бұл аз сан болғанымен, Каспий теңізін толтырар еді.

Ауыр су нейтрондардың қозғалысын баяулататын болғандықтан, атом энергиясын босататын ядролық

реакторларда қолданылады.

Ауыр суды бөліп алу өте қымбатқа түседі. Неміс басқыншылары соғыс кезінде атом бомбасын жасау үшін Норвегияда 16 текше метр ауыр су бөліп алып, Германияға алып келе жатқанында 1945 жылдың 20 ақпаны күні Норвегияның азаматтары кемені суға батырып, бүкіл адамзатқа үлкен көмек жасады. Егер ол ауыр су фашистердің қолына түскенде, олар атом бомбасын соғыс аяқталмай-ақ қолданып жіберген болар ма еді.

Теңіз суында еріген түрде Менделеев жүйесіндегі барлық элементтер бар десе де болар еді. Теңіздің 1 текше метр суында 2 г рубидий, 1,5 г литий, 0,04 г селен, 0,01 г германий бар екен. Ал сонда жер бетіндегі барлық теңіз суында қанша болмақ олар, егер теңіз салмағының бір проценті натрий десек, магний 0,14, ал калий мен кальций 0,04-ақ. Ал сирек кездесетін металдар онан да аз: рубидий — 0,0002%, литий — 0,00015%, селен — 0,000004%, цезий — 0,000002%, германий — 0,000001%, скандий — 0,00000004%, радий — 0,000000000001%. Бұл цифрлар көзге көрінгісіз кіші болғанымен жер бетінде теңіз суы көп емес пе. Теңіз суында 5,5 миллиард тонна скандий бар екен ғой! Бұл ғажап сан емес пе! Ал германий, цезий, селен, литий онан да көп қой.

Бірақ... осыншама байлық әзірге алынбай келеді! Қандай әдіспен сүзіп алуға болады? Жер шарының теңіз суын сүзуге қаншама қуат керек?

Бұл жерде табиғаттың өзі көмектеседі екен. Кейбір өсімдіктер мен жәндіктер өз бойларына жеке-дара металдарды жинайды екен. Міне, табылды емес пе, сан жетпес байлықты жиып алудың жолы.

Кола бұғазындағы теңіз суында 0,000005% қана ванадий бар, ал асцийді деген жәндіктің денесінде 0,5%-ке дейін ванадий бар екен. Галотурий деген жәндіктің қанында 10%-ке дейін ванадий бар екен.

## Гелий

Ұлы ғалым Исаак Ньютон 1866 жылы шыны призмадан сәуле өткізіп, оның жеті түрлі түстен тұратынын анықтады. Бұл сәуленің жеті түсі (латынның “спектрум” — “көрінген” сөзінен) спектр деп аталады.

1858 жылы Гейдельберг университетінің химия профессоры Роберт Вильгельм Бунзен газда жағатын оттық ойлап тапты да, оның ыстық жалынына әртүрлі заттар салып, бұға айналдырды. Әр заттың буының әртүрлі түстерден тұратынын аңғарды. Мысалы: жасыл түсті жалындар береді екен. Бірақ бұл таза элементтер үшін ғана дұрыс болып шықты, егер басқа элементтің қоспасы болса, онда кейбір элементтердің буы өзінің түсінен айырылып қалады екен. Ал, егер осы будың сәулесі призма арқылы өткізілсе, онда әр элементтің өзіне тән спекторы бар екенін жоғарыдағы университеттің физика профессоры Густав Роберт Кирхгоф анықтап берді. 1860 жылы Кирхгоф жаңа аспап жасап, оны спектороскоп деп атады да, Бунзенге сыйлады. Бунзен қолына түскен заттың барлығын тексере бастады. Химиялық элементтерді айыруда жаңа әдіс осылай өмірге келді.

Спектроскопиялық жаңа әдіс бұрынғы белгілі әдістердің барлығынан да артып түсті. Тіпті қалайы түймесі бар киімді киіп, саусақтарын оттықтың үстіне үйкесе, қалайының спекторы



көріне қалатын болды.

1868 жылдың 18 тамызы күні француз оқымыстысы Жюль Жансен мен ағылшын астрономы Норман Локьер күн тұтылғанда спектороскоп арқылы күннің жалынынан бұрын белгісіз жаңа элемент тапты. Оның спекторы ашық сары еді. Жаңа элемент Локьердің ұсынысы бойынша гректің “күн” — “гелиос” деген сөзінен гелий деп аталды. Бірақ кейбір оқымыстылар жерден табылмаған элементке сенімсіздікпен қарады. Тіпті, кейбір спектр бойынша табылған “элементтер” (небулий, геонораний) жоққа шығарылғандықтан, олар күлкіге қалды. Уақыт өтіп жатты.

1890 жылы американ химигі Уильям Фрэнсис Гиллебранд уран бар минералды зерттеген кезінде газ бөлінетінін байқады. Ол газ түссіз, дәмсіз және иіссіз еді. Ерімеді және жанбады да. Сондықтан Гиллебранд оны азот шығар деп ойлады.

1895 жылы ағылшын химигі Вильям Рамзап Гиллебрандтың тұжырымына сеніңкіремей, газды қайта сыннан өткізді. Оның спекторы Жансен мен Локьердің Күннен тапқан элементінен аумайды. Сонымен, 1895 жылдың 23 наурызы күні гелий екінші рет анықталып, жер бетінен табылды.

Гелий — Менделеев жүйесіндегі екінші элемент, ол инертті газ, сутегі, оттегі сияқты басқа элементтермен қосылмайды. Салмағы 4,003; 269°С-та қайнайды. Гелийдің атомы бір ғана электрон қоршауынан (оболочка) тұрады. Ал ең ішкі электрон қоршауында екі-ақ электрон болатындығы белгілі ғой, ол екі электрон гелийде бар. Гелийдің ең инертті газ болуы осыған байланысты екен.

Гелий 1908 жылы өте көп сынақтан өтіп, сұйық

түрге бірінші рет айналдырылды. Бұған қолы жеткен Коммерлинг Оннес еді. Оқымысты  $268,8^{\circ}\text{C}$  суықтықта гелийді сұйық түрге айналдырды. Оқымысты енді гелийді қатты түрінде қолына ұстап көргісі келді. Температура  $272^{\circ}\text{C}$  суықтыққа жеткізілді. Оқымыстылар суықтық  $273^{\circ}\text{C}$  — абсолютті ноль болғанда атомдар мен молекулалар қозғалысын доғарады деуші еді ғой!

Қазіргі уақытта  $272^{\circ}\text{C}$  суықтықта 25 атмосфералық қысым астында гелий қатты түрге көшеді.

$269,8^{\circ}\text{C}$  төменгі суықтықта сұйық гелийде өте қызық қасиеттер пайда болады. Біріншіден, ол жылуды өте жақсы өткізеді, екіншіден, молекула құрамының арасында ешқандай үйкеліс болмайды. Ол басқа газдар өтпейтін тесіктерден өтіп кетеді. Егер оны ыдысқа құйсаңыз, ол алдыменен ыдыстың қабырғасынан жұқа пленка ретінде өзінен-өзі жоғары көтеріледі, сонан соң сыртқа шығып, ыдыстың сыртқы қабырғасымен жерге ағып төгіледі. Бұндай жағдай өте жоғары ағымдылық деп аталады.

Гелий белгілі барлық инертті газдардан жеңіл болғандықтан, оған алғашқы күннен-ақ көп көңіл аударылды.

Гелий аспанға ұшырылатын аппараттарды толтыруға табылмайтын газ болды. 85% гелий мен 15% сутегі толтырылған дирижабльдер аспанға көтерілді. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде сутегі толтырылған шарлардың көмегімен (цепелин) ұшырылған немістің 123 бомба лақтыратын аппаратының 40-ын ағылшындар жағып жіберген еді. Ал гелийді немістер Индия мен Бразилиядан әкелген моноклит

құмы мен Наугейм минералды бұлағынан бөліп алып, толтырған шарларға ағылшындардың тісі бата қоймады. Сондықтан 1916 жылы 1 литр гелийдің бағасы алтынмен 200 сом болды. Ал 1 литр гелийдің салмағы 0,18 грамм болғандықтан, 1 литр гелий алтынмен 1000 сомдай тұрды.

Гелий жер бетінде уран мен торий минералдары бар жерде кездеседі. Оның себебі радиактивті элементтерден бөлінетін альфа-сәулелері гелийдің атомдық ядросы екен де, ол өзіне электрондарды қосып алып, гелий газына айналады екен. Сөйтіп, ол жер шарының кейбір бос үңгірлерінде жиналып, ұтымды жағдайларда адам баласының қолына түсуі де мүмкін. Мысалы, АҚШ-тың бір табиғи газында 8-10%-ке дейін гелий бар.

Гелий мұхиттың тереңдігін тексергенде азоттың орнына қолданылып жүр. Ол азотқа қарағанда сұйықта өте аз ериді.

Ауаның азотын гелиймен ауыстырудың себебі мынада: мұхиттың тереңіне түскен сайын адамға деген сыртқы қысым артады. Ал қысым артқан сайын газдар сұйықта ерігіш келеді. Ауамен бірге жұтылған азот суға сүңгіген адам тереңдеген сайын оның қанында көптеп ериді. Ал адам су бетіне көтерілгенде азот қайта бөлініп шығады. Егер су бетіне көтерілу тездетілсе, адамның қаны газдалған сулар мен шампан сияқты бұрқырап қайнап кетеді. Қан тамырларында газдың бөлінуі адамның жүрегі мен ми құрылысының жұмысына үлкен зақым келтіріп, адам ауруға шалдығады. Ал гелий қосылған ауа адам өміріне жоғарыдағыдай зақым келтірмейді. Сондықтан соңғы кезде суға сүңгігендер 100 м-ден астам

тереңдікке түсіп жүр. Гелий қосылғанда ауа 2-3 есе жеңілдейді. Сондықтан медицинада тыныс жүйесі ауру адамдарға қолданылады.

Техникада гелий төменгі суық алу үшін және кибернетикалық машиналарды суыту үшін қолданылды.

# **ДОСТАР ЛЕБІЗІ**



## ВОСТОК — НАЧАЛО ВСЕХ НАЧАЛ...

Веками мир весь отмечал:  
Восток — начало всех начал.  
Ведь, если в прошлое взглянуть—  
Здесь наш Министр начал путь.  
Ему здесь в спутницы дана  
Была красавица жена,  
Здесь словно лампа Алладина  
Мир озарила вдруг Мадина.  
И, в завершенье всех наград—  
Джигит родился, Джамбулат!

Жизнь, как тулпар горячий, мчала—  
Все повторяется сначала!  
Недаром мир весь отмечал:  
Восток— начало всех начал.  
Здесь снова прежняя картина—  
Женились Серик и Мадина.  
И, вновь, как много лет назад—  
Родным для них стал комбинат.  
Все повторяется на свете—  
Нас продолжают наши дети.  
Поднимем же бокал в руке  
За здоровье дедушки Саке,

За счастье дедушки Жаке,  
За вашу дружную семью,  
За Клару и за Камарью!  
И главный тост наш, наконец—  
За внучку — всех венцов венец?!

*Б. Черноловский*



## ФЕСТИВАЛЬДА ДОСЫМ МЕНІҢ

*Дүние жүзі жастарының Хельсинкидегі  
фестиваліне қатысқан инженер  
Жолдасбек Смаиловқа*

Болғаным жоқ фин достардың елінде,  
Шомылғам жоқ мөлдіреген көлінде.  
Кезгенім жоқ жасыл тоғай жерін де,  
Жаттығым жоқ,  
алайда,  
оған көңілде.

Аралаған жоқпын шулы қаласын,  
Шағалалы шолып теңіз жағасын.  
Ендеше,  
ақын,  
нені ойыңа аласың?  
Хельсинкиде досым бүгін менің де!

Досым сонда таңды бірге атырған,  
Досым сонда күнді бірге батырған.  
Досым сонда Қазақстан атынан  
Фестивальдың мерекелі күнінде.





Болмасам да фин достардың елінде,  
Көкірегімде достық жыры менің де.  
Досым менің жарқыл қағып төрінде,  
Барша жұртты шақырып жүр Өмірге!

*Әбдікәрім Ахметов.  
Өскемен, 1962 жыл.*

КАРЛЫК ГЛАДИЦИ ПРОМЕТТЕРЫ, БИРИНДЕР:

# КОММУНИЗМ ТУУ

№ 20 (2011)  
Сейсенбі

30

НОЯБРЬ

1971

№ 111

Багасы 1 тым

Таман 1971 жылдын  
ноябрь-ноян шмад  
бастады

АККАНСТАН ВО ШЕРЖАК КАРАКСТАД,  
ОБЛАСТЫК ОН КИШИ КАЛАТЫМ КИШИЛЕР ТТН,  
АКТИВ КИШИЛЕР ДЕНДАТАСТАРЫ ОБЛАСТЫК  
КАРАКСТАДИ КИШИЛЕР

ОРТНО ВО ШЕРЖАК КАРАКСТАДИ  
ОБЛАСТЫК ТТН ОБЛАСТЫК  
ТОИДЕКТИН КИШИЛЕР КА САЛАМАТТА  
И ОБЛАСТЫК САМДА ДЕНДАТАСТОН  
ТТН ДЕНДАТА



**СМАЙЫЛОВ Жолдасбекке**

Металл бітіп қалды ма,  
Үнсіз қалдың, Жолдасбек.  
Тарихты жай алдыма,  
Сұраймын, «кел, қолдас»  
деп.

С. Габдуллин

## МАЗМҰНЫ

*Ә. Ыдырысов.* Көңілі — нұр,  
жүрегі — жыр ескі дос!(алғы сөз).....4

### КӨҢІЛ ӘУЕНДЕРІ (ӨЛЕҢ-ЖЫРЛАР)

Ою -тас .....	15
Анашым .....	17
Өмір жолы .....	19
Тәубе .....	22
Әке арманы(Серікке) .....	24
Қарқаралы .....	26
Құрметтеу үлкендерді — елдің салты ..	27
Кәріпбай ағаның мерейтойына .....	29
Гүлнаржан .....	31
Ғасырға ұқсас .....	33
Жаңа ауыл .....	34
Айгүлім .....	35
“Мен Пушкин, Лермонтов пен Абай емен” .....	37
Балама .....	38
Басқан ізге қараңдар .....	40
Халқым деп соққан жүрегі .....	41
Қуаныш .....	43
Қазығұрт перзенті .....	44
Алыста жүріп қалмашы .....	46

---

Аға туралы ой .....	48
Полигон .....	50
Еңбегің еш кетпес-ау .....	51
Алтайдың ақиығы .....	52
Жақсылық пен жамандық.....	54
Тойдан кейін .....	55
Сәулетайым .....	56
Емделші, сен, жарқыным .....	57
Ініме .....	59
Алдыңызда бас ием .....	60
Есімде орындық... ..	64
Туған күнде .....	65
Алтынайым, Айжаным .....	66
Қамқоршы .....	67
Қызыға саған қараймын.....	69
Бөбегім .....	70
Жеткіншек .....	71
Мектебім.....	72
Он тоғыз жас .....	73
Терезе .....	74
Бөкен мен Ләззатқа .....	75
Қашан... ..	76
Әбекем бүгін жетпісте .....	77
Асыл тас .....	79
Қос ғашық .....	81
Қайда асығып барасың?... ..	82
Байлықтың көзін ашасың.....	83
Елу — ердің жасы .....	85

Көлеңке түссе көңілге .....	87
Жас келген соң абайла .....	88
Алпыс жас — айна .....	89
Чех жері .....	91
Алғашқы махаббат .....	93
Кішіпейіл ер тұлға .....	95
Көңіл .....	97
Балдызыма .....	98
Дос көңілі .....	100
Торқалы тойға .....	101
Хат .....	103
Дара бір туған жан едің .....	104
Балдырған бала едік.....	106
Шықпады өлең.....	108
Қабдошты Ақмолаға шығарып салу .....	109
Шығаршы айды аспанға .....	111
Ауруханадағы ойлар .....	113
Нәубет.....	115
Наз.....	117
Қарағайлы .....	119
Бір тәңірге тапсырдым .....	120
Дос туралы ой .....	122
Не істер едің?.....	124
Досқа әзіл .....	125
Өлең дәптері.....	126
Марақтың хатына жауап .....	128
Досым менің .....	130
Бір досқа .....	131



“Жүрегім, сұрағым бар, жауабын бер” .....	132
Бата .....	133
Қыңыр шал .....	134
Тілек .....	136
Шындық жаршысы .....	138
Емші су мен колбаса .....	141
Әйтсе-дағы ішім пысты... ..	143
Ойлан, балам! .....	144
Батырға ұқсайсың .....	146
Тәңірдің хақтығы .....	148
Шежіре .....	149
Бір досқа .....	150
Гоголь көшесіндегі ой .....	151
Сауықшы, жаным .....	153
Азад-башта .....	154
Шумақтар .....	155
Баян .....	157
Сырнайшы .....	158
Бір шенеунікке .....	159
Енді айтарым: “өзің біл” .....	162
Аға тілін алмадың .....	163
Талғаттың жылдық асында .....	164
Жан әке .....	166
Бегімжан .....	168
Сом тұлға .....	169
Жаны таза ер еді .....	170
Ұмытылмас есімі .....	171

Оқығанда Абайды .....	173
Сегіз қырлы, бір сырлы .....	175
Ғылым жолы .....	177
Есімде .....	179
Беласқан .....	180

## ЕСКІРМЕЙТІН ЕСТЕЛІКТЕР

Ән-ағаң жайында бірер сөз .....	183
Жақсымен жақын жүрсең — жанға жайлы .....	190
Тіршілік үшін күреспен өткен күндері... ..	204

## МЕТАЛДАР МЕН ГАЗДАР ӘЛЕМІ (ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК МАҚАЛАЛАР)

Металдардың табиғи құрылымы .....	221
Металл дегеніміз не? .....	223

## ДОСТАР ЛЕБІЗІ

Восток — начало всех начал ... ..	283
Фестивальда досым менің .....	285

**Жолдасбек Смаилов**

**Жүрек жыры, көңіл сыры**

Редакторы *Б. Төлегенова*

Компьютерлік терімін жасаған *Ж. Жағыпарова*

Компьютерде беттеген *Н. Райымқұлова*


Басуға 1. 12. 2004 қол қойылды.  
Пішімі 60x84 1/16. Офсеттік қағаз.  
Қаріп түрі “Таймс”.  
Есепті баспа табағы 18,5.  
Таралымы 500 дана.  
Тапсырыс № 1200

“Жібек жолы” баспа үйі  
480091, Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 50.  
Тел.: 72-65-01, 61-11-09.  
ЖШС “Жедел басып шығару баспаханасы”.  
480016, Алматы қаласы, Д. Қонаев көшесі, 15/1 үй.









Жолдасбек Бекмағамбетұлы Смаилов 1935 жылы 10 қаңтарда Новосібір қаласында дүниеге келген. Инженер-металлург, техника ғылымының кандидаты, Қазақ ССР-нің құрметті өнертапқышы. Еңбек жолын Өскеменнің қорғасын-мырыш комбинатында бастап, көп жылдар бойы өндірістің әр саласына басшылық жасады. Осы ұжымның кәсіподағын басқарды.

Республиканың Түсті металлургия министрлігінде жауапты қызмет атқарып, партия ұйымына жетекшілік етті. Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің сектор меңгерушісі, халықтық бақылау комитеті ауыр өнеркәсіп бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарды. Еліміздің ауыр өнеркәсібінің қарқындап өркендеуіне белгілі үлес қосты.

Совет Одағының ордендері, медальдарымен және Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталды. 1996 жылдан Қазақстанға ерекше еңбегі сіңген зейнеткер.

А 2020  
63